

**К.Т. Медеубаева
Д.Қ. Садирбекова**



Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі

Оқу құралы

73592

74.58
М39

Медеубаева, К.Т.
Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі
Оқу құралы. - Алматы: Альманах, 2020.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Медеубаева К.Т., Садирбекова Д.Қ.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Алматы
2020

ӘӨЖ 378.01
ҚБЖ 74.58
О-53

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультеті ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде қаралып, баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

Әбдіғалбарова Ұ.М. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.

Набуова Р.А. – п.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Медеубаева К.Т.

О-53 Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі. Оқу құралы / **К.Т. Медеубаева, Д.Қ. Садирбекова.** - Алматы, Альманах, 2020. - 138 б.

ISBN 978-601-7945-60-2

Оқу құралына білім алушыларға арналған теориялық материалдар енген. «Бағалау», «Бағалау жүйесі», «Бағалау өлшемдері» ұғымдарымен таныстыру, оқытуды бағалау технологиясының педагогикалық-ұйымдастыру негіздерін анықтау, оқытудың нәтижесін бағалауды қазақстандық жүйеде бар ғылыми жетістіктер негізінде үйрену, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және әрбір білім алушының оқу жетістігінің деңгейлерін қалыптастыру стратегиясы жайлы жазылған.

Оқу құралы тек бакалавр студенттеріне ғана емес, магистранттарға, докторанттарға, жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орны оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерге, орта мектепте, мектеп-гимназиялар мен лицейлерде білім сапасы мен оны бағалау мәселелерімен шұғылданатын арнайы мамандарға пайдалануға арналған.

M23.1;140.M.B

ӘӨЖ 378.01
ҚБЖ 74.58

Бұл басылымға барлық құқықтар «Альманах» баспа үйіне тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынды.

ISBN 978-601-7945-60-2

© Медеубаева К.Т.,
Садирбекова Д.Қ., 2020
© Альманах, 2020

КІРІСПЕ

Білім берудің мемлекеттік бағдарламасында білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты бүгінгі заман талабына сай білім беру жүйесін халықаралық талаптар негізінде дамыту міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асырудың бірден-бір жолы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңашаландыру, яғни өмір бойы үздіксіз білім алуға көшу. Қазіргі уақытта мұғалімнің алдында тұрған жауапты міндет – білім алушыға тиянақты білім беру. Оқыту үдерісінде білім алушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, білім алушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше. Озық ойлы, тапқыр да, нәзік сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау – әрбір ұстаздың міндеті. Осы заманғы жас маман тек дайын білім жүйесін қабылдап, оны қайталап қолдануға ғана емес, сонымен қатар күрделі стандартты емес мәселелерді шешу үшін қажет болатын шығармашылық қызметті де орындауға әзір болуы керек. Қазақстанда жоғары білім беру стандарттарын енгізумен қатар, ғылыми негізделген, студент білімін бағалайтын және бақылайтын диагностикалық әділ жүйені ұйымдастыру да – өзекті мәселенің бірі. Басқа сөзбен айтқанда білім беру жүйесінде студент пен оқытушы әрекеті барысында студент білімін әділ бағалау үшін қолайлы жағдай туғызу керек.

Білімді бақылау және бағалаудың әдіснамасын құрып, жалпы қағидаларын анықтау мәселесі – қазіргі таңда оқытушылар арасында қызу талас туғызып отырған мәселенің бірі. Мұндағы күтер нәтиже – қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған және тұлға тәрбиелеу. Соңғы кезге дейін Қазақстанның оқу орындарында қолданылған, білім сапасын бағалайтын жүйе – бес баллдық баға шкаласы болды. Мектептерде осы шкала әлі сақталған. Мұндай баға шкаласы тек сессия уақытында ғана емес, ағымдағы білім деңгейін бақылауда да қолданылды. Аталған мәселені шешу үшін қазір жұмыс жасап жатқан және келешекте жұмыс жасайтын 12 жылдық бейіндік мектептерде оқытудың мақсатына, міндетіне және күтілетін нәтижесіне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін енгізу қажеттілігі туындады. Сондықтан жаңа тұрпатты мектептерде жұмыс жасайтын болашақ педагогтар критериалды баға технологиясын меңгеруі тиіс.

«Білім беру технологиясы» – ұғымын мұғалімдер мен оқушылардың білім берудің жоспарланған мақсаттарына бағыттталып, арнайы ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас үдерісінің технологиясы ретінде қолданамыз. Білім берудің технологиясына оқытудың техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту да жатады. Сырттай қарағанда, технологияның әдістемесі мен оқыту үдерісіндегі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдер арасында қарама-қайшылық жоқ. Себебі «оқытудың әдістемесі» ұғымы «білім беру технологиясы» ұғымынан әлдеқайда кең. Дәлірек айтсақ, әдістеме «не үшін, неге және қалай оқыту керек?» негізгі үш

сұраққа жауап беруге тырысады. Ал, технология болса, мақсат белгілі болып, оған жетудің нақты іс-әрекетін, жолдарын анықтау қажет болған сәтте ғана іске кіріседі. Олай болса, технология әдістемелік процестің құрамына еніп, әдістемені жүзеге асыруға қызмет етеді деген қорытынды жасауға болады. Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады. Педагогикалық технологияны оқыту үдерісінде түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады. Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқыту технологиясы – оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы білім алушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелер мен әдістерде жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ИННОВАЦИЯЛАУ

Технологиялық тұрғыда дамыған, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім саласы. Осыған орай біздің тәуелсіз, жас мемлекетіміздің басты даму бағыттарының бірі қазіргі білім мен ғылымды барынша дамыту болып табылады. Білім саласының инновациялық даму жолына сапалы көшуіне тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Қазақстанның білім беру парадигмасы ҚР Конституциясы, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы, білім беру саясаты, заңдар мен ресми құжаттарды терең талдау нәтижесінде қалыптасып келеді. Теориялық талдаулар көрсетіп отырғандай, тарихи кезеңде бірін-бірі алмастырушы парадигмалар нәтижесінде жаңа идеялар мен принциптер, шығармашылық қатынастар мен мәдениеттің дамуын терең ұғынуды талап етеді.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. ХХІ ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез-келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми-техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әртүрлі қарым-қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі

– оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Осы орайда, білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оны жүзеге асыру білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген оқу орындары оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізер еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Инновациялық педагогикалық технологияларды теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы етіп, оларды оқу үрдісін жетілдіру бағытында қолдану мәселелерімен В.П.Беспалько, К.Ж.Бұзаубақова, Қ.А.Сарбасова, М.М.Жанпейісова, Ш.Таубаева, Л.А.Шкутина және т.б. ғалымдар айналысты.

«Технология» ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы сан алуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама әлі де болса бір жүйеге келген жоқ.

Білім беру жүйесі – басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген

саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Бұл ұғымды тек қана оқытушы мен оқушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер осы процесті оқыту үдерісі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады.

«Технология» ұғымы «*tehnē*» – өнер, шеберлік, «*logos*» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» терминін өнер туралы ғылым немесе шеберлік туралы ғылым деп аударуға болады.

АҚШ пен Батыс Европада ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап оқыту үдерісінің технологиясын жасау бағытындағы ізденістер белсенді түрде жүргізіле бастады. Осы уақытта оқыту үрдісіне техникалық құралдардың енуіне байланысты «білім берудің технологиясы» термині кеңінен қолданылды. Кейінірек түрлі техникалық құралдарды қолдану әдістері жөніндегі еңбектердің ықпалымен бұл терминдер «педагогикалық технология» деген атауға ие болды. 60-жылдардың ортасында технологиялық әдіс шет елдерде кеңінен қызу талқылана бастады. Мұнда негізгі екі бағыт көзге түсті. Біріншісі, бұрынғыша технологиялық әдісті, техникалық құралдарды қолданумен байланыстырылса, екіншісінің құрамында оқу үдерісінің өзін ұйымдастырудағы технологиялық әдістер дами бастады да, педагогикалық технология «оқытудың технологиясы» деген термин пайда болды.

60-жылдардың аяғы, 70-жылдардың бас кезінде АҚШ, Англия, Франция, Италия, Жапония т.б. көптеген елдерде оқытудың технологиясын жасау, дамыту жұмыстарымен айналысатын мекемелер жұмыс жасай бастады. Дегенмен, оқыту үдерісі білім беру үдерісінің бір ғана бөлігі болып табылатындықтан, «оқытудың технологиясы» терминінің мағыналық аясы өте тар. Мұндай олқылық «тәрбиенің технологиясы», «дамыту технологиясы», «қалыптастыру технологиясы» ұғымдарына да тән. Қазіргі кезеңде батыста білім беру саласындағы технологияны белгілеу үшін «білім беру технологиясы» ұғымы пайдаланылып жүр. Осы ұғымның ғана мейлінше аясы кең, білім берудің түрлі салаларында (басқаруда, материалдық жабдықтауда, қаржыландыруда, біліктілікті арттыруда, кадрлар даярлауда, түрлі оқыту мекемелеріндегі оқыту үдерісінде және т.б.) қолданылатын кез келген технологияны қамти алады. Сондықтан, «білім беру технологиясы» терминін бүкіл білім беру жүйесін технологияландыру заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пәнге қатысты қолданған дұрыс деген тұжырым жасалды. Бірақ әзірше бұл термин көп жағдайда тек мектептегі оқыту үдерісі төңірегін сипаттауда ғана қолданылып жүр.

«*Білім беру технологиясы*» ұғымы мұғалімдер мен оқушылардың білім берудің жоспарланған мақсаттарына бағыттанып, арнайы ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас үдерісі технологиясы ретінде қолданылады. Білім берудің технологиясына – оқытудың техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту да жатады.

Сырттай карағанда, технологияның әдістемесі мен оқыту үрдісіндегі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдер арасында қарама-қайшылық жоқ. Себебі, «оқытудың әдістемесі» ұғымы «білім беру технологиясы» ұғымынан әлдеқайда кең. Дәлірек айтсақ, әдістеме «не үшін, неге және қалай оқыту керек?» негізгі үш сұраққа жауап беруге тырысады. Ал, технология болса, мақсат белгілі болып, оған жетудің нақты іс-әрекетін, жолдарын анықтау қажет болған сәтте ғана іске кіріседі. Олай болса, технология әдістемелік процестің құрамына еніп, әдістемені жүзеге асыруға қызмет етеді деген қорытынды жасауға болады.

Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады. Сонымен, педагогикалық технологияны оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.

Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын – қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқытудың технологиясы - оқыту іс - әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;

- мұғалім мен білім алушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы білім алушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар: «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы», «Деңгейлеп оқыту технологиясы», «Жобалап оқыту

технологиясы», «Проблемалық оқыту технологиясы», «Жаңа ақпараттық коммуникациялық технология», «Тренингтік технология», т.б. жатады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің аса күрделілігіне қарамастан, оның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуының сипаты, халықтың рухани, адамгершілік көзқарасы жастар арасындағы тәрбиеге байланысты. Ал ұрпақ тәрбиесі – Қазақстанда өтіп жатқан реформалар мен ғылыми-техникалық прогрестің алғы шарттарының бірі. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғатын боламыз. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын ділгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен

оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап караудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа педагогикалық технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады: 1-кезең – оқып үйрену; 2-кезең – меңгеру; 3-кезең – өмірге ендіру; 4-кезең – дамыту.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет:

- оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;

- оқушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы студенттерге білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу. Өйткені оқыту — тәрбиенің негізі.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде жалпы білім беретін мектеп жұмысының дамуының ең басты факторы болып отыр. Инновацияның мәні неде және оның қажеттілігі қандай себептермен түсіндіріледі: бірінші кезекте инновацияның өмірге енуі мектептің өзінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға, шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алуға деген конъюктураның - бір нәрсеге әсерін тигізетін жағдайлардың кездесу мұқтаждығынан пайда болады. Ол сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатынаспен, жалпы білім беруге дайындық деңгейімен, педагог қызметкерлерінің кадрлық әлеуетімен және басқа да факторлармен анықталады. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Сондықтан да мектеп басшылары үнемі өзгерістің болып тұруы бірден-бір дұрыс факт екенін мойындаулары қажет. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың

дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде өз өмірін сақтап қалу үшін мектеп үздіксіз өз қызметін жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге мәжбүр.

Білім беру қоғамдық әрекет ретінде қоғамда өзгеріс ізін қалдырады. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың белгілі дәрежесінің нәтижесі немесе салдары деп айтуға болады. Дегенмен, кері байланыс та бар. Білім беру жүйесінің өзі қоғам мен оның дамуына ықпал етеді. Ол қоғамдық дамуды тездетуі немесе тежеуі мүмкін. Осы тұрғысынан қарайтын болсақ, білім берудегі бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қоймай, қажетті шарттары да болып табылады.

Әрине, педагогикалық инновацияның бір бөлігі ғана тек белгілі қоғамдық қатынастарда нақты ақиқат дүниеге айналады. Мысалы, ізгілендіру үрдісінің дамуының негізгі шарты қоғамдағы саяси қайта құрулар және оның жұмыс істеу экономикалық механизмінің өзгерісі болып табылады. Дегенмен, білім беру үрдісінің педагогикалық сұрыпталуының негізгі көпшілігі осы саланың қызметкерлері арқылы қалыптасады. Бұл өзгерістің ішкі, таза педагогикалық бөлігі іспетті сол әлеуметтік жағдайдың базасында, қоғам өзі құрып алған экономикалық, саяси құрылымда арттырылады. Жалпы, білім беруде енгізілген жаңалық тек педагогикалық қана емес, ол қоғамдық та мәселе болып табылады, білім беру қызметі қоғам үшін ерекше ықылас білдіріп, жастар үшін бұл саладағы жаңалыққа қоғамның мүдделі екенін де айтуымыз керек.

Осындай жағдайда білім беру жүйесі қоғамдық қызметтің басқа салаларымен бірлесе отырып қана аяғынан тұрып кетеді. Бұл жерде жоспарлы және сыртқы әсермен емес, ішкі себептермен болған жаңалықтар арасындағы сырттан және білім берудің өзінің ішінен болған өзгерістердің нақты шекараларын анықтау өте қиын екенін атап өткен жөн. Өйткені, инновациялар бір мезгілде қайта құрудың әрі негізгі нәтижесі, әрі ең тиімді тәсілі болып табылады. Мұндай жағдай білім беру мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, сондай-ақ, «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасындағы әдістеме мен үлгісін және мазмұнын да жаңалыққа жетелейді.

Білім беру мекемелерін жабдықтау да таза педагогикалық инновация болып табылмайды, бұл – инновацияның компьютерлік техника саласына енуі, оқу құралдарының ендірілуі. Білім беру жүйесінің құрылымындағы өзгерістерді де педагогикалық инновация деп атауға болмайды. Бұл тұрғысында білім беруді басқару саласындағы инновация. Басқару инновациясына мектеп ұйымының ішкі қызметіндегі кейбір жаңадан енгізілген нәрселерді жатқызуға болады.

Кең ауқымда инновациялық қозғалыс – қайта құру үшін қажетті құбылыс. Оның өмірде болуы қайта құруды жасаудың негізгі әлеуметтік шарты ретінде көрінеді. Бұндай қозғалыс қайта құруды жүзеге асырудың маңызды шарты ғана емес, оған дайындық құралы болып та табылады. Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндет әртүрлі

әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Мемлекеттік құжаттарда «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз. «Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттыдықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Инновация көпсалалы, кең қолданыста. Педагогика ғылымында өзіндік категориясы болмаса да, зерттеуші ғалымдар білім беру жүйесіне жаңалық енгізу деп қолданып жүр. Инновация ұғымы ең алғаш мәдениеттанушылардың зерттеулеріне енді, ал қазір барлық салада кеңінен қолданылады. Педагогикалық технологияның тиімділігі педагогикалық шарттарға байланысты. Педагогикалық шарттарға, ең алдымен, педагогтің дербес ерекшеліктері: тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығуын, т.с.с. жатқызуға болады. Сонымен бірге, оқушылармен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Сабақты оқытуда жаңа педагогикалық технологиялардың көптеген түрлерін пайдалана отырып сабақ өткізуге болады.

Жаңа педагогикалық технологияны қолдана отырып, оқытуда төмендегідей басты ұстанымдарды ескеру қажет:

1. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу.
 2. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуы.
 3. Оқытуда туындаған экологиялық, экономикалық, әлеуметтік проблемаларды т.б. анықтап, оны түсіндіруде өзара байланыстылығын ашу.
- Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану біршама жетістіктерге апаратын жол. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір ғана мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет.

«Білім берудегі жаңарту туралы айту барлық мағынасы қандай да бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жағдайға ғана байланысты. Қоғамдық қажеттіліктің деңгейі мен сипаты ғана жаңалықты енгізу бойынша істелген жұмыстың бағыты мен жемістігін анықтайды. Сондықтан оларды негіздеуде тар шеңберде қолданылатын міндеттермен шектеліп қоймай, әлеуметтік-педагогикалық дамудың нақты бағыттары мен негізгі мақсаттарын ескеру қажет. Бұл ұсақ ұстанымсыз өз-өзімен, сондай-ақ, қоғамдық міндеттер мен қындылықтармен де еш байланыссыз тәртіпсіз шашырап жатқан инновациядан аулақ болу үшін маңызды», – дейді А.Найн.

Адамзаттың өмір сүру тәсілдерінің, ойлау жүйесінің, идеяларының жаңаруы білім мен тәрбиенің қоғамдағы орны мен рөлінің дамуына да ықпал етеді. XXI ғасырда оқу-тәрбие үдерісінде білім құндылығының негізін құрайтын төрт факторға ерекше көңіл бөлінеді. Олар: бірлікте өмір сүруге үйрену, білімді меңгеру, еңбек етуге үйрену, өмір сүруге үйрену. Әлемде болып жатқан жаңару үдерісі негізінде өркениетке ұмтылған әр мемлекет заманауи құндылықтарды ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін түбегейлі өзгертуге ұмтылады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалаудың басым бағыттары қандай?
2. Инновациялық педагогиканың алғышарттарын атаңыз.
3. Жаңа педагогикалық технологияны қолдану қандай кезеңдер арқылы іске асады? Талдаңыз.
4. Жаңа педагогикалық технологияны қолданудың басты ұстанымдары қандай?
5. Дәстүрлі білім беру мен инновациялық білім беру жүйесін кесте арқылы салыстырып, талдау жасаңыз.
6. Инновациялық оқыту кезіндегі білім беруші мен білім алушының арасындағы қарым-қатынасты сипаттап жазыңыз.
7. «Инновация – жаңашылдық, жаңа идея» ұғымы туралы өз ойыңызды тұжырымдаңыз.

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ – БІЛІМ МЕНЕДЖЕРІНІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Бүгінгі ұстаз үнемі ізденіс үстінде, сондай-ақ ол «мектеп оқушыларын не нәрсеге оқыту керек?» деген көкейтесті проблемалық сұраққа жауап іздейді. Қазіргі заманғы педагогтің, шебер педагогтің айрықша белгілері ұдайы өзін-өзі сын тұрғысынан қарау, білімдарлық және жоғары еңбек мәдениеті болып табылады. Мұғалімнің кәсіби өсуі өздігінен білім алу қажеттілігінсіз мүмкін емес. ХХІ ғасырдың мұғалімі – педагогикалық қызметтің әр алуан салаларындағы өз жұмысының қорытындыларын шығаруға, өз тәжірибесін жинақтауға міндетті түрде ұмтылатын тәжірибелі технолог, ұйымдастырушы. Бұрын мұғалім оқушының алған ақпаратының көлемін білумен шектелетін де, көбіне оны шәкірттің жеке өз көзқарасы қызықтырмайтын. Оқушы мұндай жүйеде – объект, яғни мұғалім білім береді, оқушы білім алады. Нәтижесінде, белгілі психолог А.Н.Леоньевтің айтуынша, «ақылды байыту кезінде жан жұтады».

Білім беру мазмұнындағы өзгеріс мұғалім мен оқушының іс-әрекетінен бастау алады. Әуелі мұғалімнің негізгі функциясы өзгереді: ол ақпарат таратушыдан менеджерге айналады. Білім берудің жаңа жүйесінде мұғалім үшін басты міндет – оқыту үдерісін басқару. Оқушының мән-мазмұны да өзгереді: ол ақпарат қабылдаушыдан әріптестікке, мұғаліммен қызметтеске – оқытудың субъект-объектісіне айналады, яғни белсенді тұлға болып қалыптасады. Оқушы жұмыс жасайды, ал мұғалім оның атқарған ісінің дұрыс-бұрыстығын анықтайды.

Соған орай, мұғалім оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мынандай бөлімдерді ескергені дұрыс:

1. Менеджмент ғылымы (басқару ғылымы)
2. Психология (білім беру – оқыту және тәрбиелеу үдерісін психологияландыру жүріп жатыр) Егер біз оқушының субъектісін, жеке тұлғасын нысаналасақ, біз оны жақсы білуге тиіспіз.
3. Экономика (экономиканың қажеттіліктерін білу, мектепте қандай адам даярлау керек екенін білу).
4. Информатика (дербес компьютерді пайдалану)
5. Өз пәнінді, сондай-ақ, дәстүрлі және инновациялық әдістерді, оны жеткізудің тәсілдері мен түрлерін тамаша білу. Ұстаз тәрбиесінің мақсаты – баланы дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайықты азамат ету. Мектеп әрбір жас буынды өмір жалғасы, қоғам тірегі, ұлт болашағы деп танып, оларға берік сенім мен айқын көзқарасты ұялатуға тиіс.

Білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әртүрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа

қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы, білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі талап етіледі. Білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы эзрілгінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауы т.б. қадағалап, балалармен жеке-дара жұмыстар жүргізеді.

Сонымен, мұғалім оқыту үдерісінде оқушыны әрекеттеніп, талпынып, жаңа материалды игеруіне бағыттауы тиіс. Оқыту барысының нәтижелі болуы мұғалімнің әдістемесіне, шеберлігіне және оның жаңа технологияларды озық игеруіне байланысты. Әлемдік өркениеттің қарыштап алға дамуы білім беру саласының барлық деңгейіне әсер етіп, бала тәрбиесінің жаңа саласы педагогикалық инноватиканы дүниеге әкелді. Педагогика ғылымының бұл бағыты ғылым жетістіктерін мектеп практикасына ендіру барысында білім беру үдерісін тұтастай ғылыми негіздеуді, оқу-тәрбие жұмыстарының барлық буындарын технологияландыруды қажет етеді.

Білім беру сапасын арттыру барлық әлем қауымдастағы үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Еліміздің білім саласында білім беру сапасын арттыруға және оқу мен оқытуды жан-жақты жетілдіру бағытында көптеген бастамалар орын алды.

Білім беру үрдісінің менеджері – бұл адамға біліммен қатынас жасау мүмкіндігін туғызады. Білім – бұл үлкен әлем, әсер етуші күш. Бұл менеджер үшін тағы бір жағынан бизнес: жеке меншік мектептер және коммерциялық жоғары оқу орындары, министрлік қызмет және халықаралық әріптестермен ықпалдастық, біліктілікті көтеру.

- Білім беру менеджері қызметінің принциптері:
- менеджменттің педагогикалық бағыттау принципі;
 - менеджердің диагностикалық қызметінің нақтылығы мен мақсаттылық принципі;
 - қызметтік мақсатқа лайықтылық принципі;
 - басқару процесінің пәрменділік принципі;
 - басқару қызметін өзара бөлісу принципі.

Білім менеджері – кәсіби сауатты және функционалдық тұрғыдан білікті басқарушы. И.П.Раченконың пікірі бойынша, ол өз кәсібін еркін меңгерумен қатар, ұйымдастыру және басқару ісінің теорияларын, маркетингті, психологияны, андрагогиканы, акмеологияны, интегративті педагогиканы, сондай-ақ, әлеуметтік антропология, мәдениет теориясы, конфликтология секілді пәндерді игерген маман болуы керек.

Басқару жөніндегі менеджер-ұйымдастырушының басты ұстанымдары қандай?

Шешім қабылдау. Ол даму стратегиясының таңдалып алынуына, ресурстардың бөлінуіне, оперативті қызмет түрлерінің жүзеге асуына жауап береді.

Ақпараттық басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ақпараттарды (мәліметтер базасын) жинайды және талдайды; қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологияларын, мультимедиялық жабдықтар мен интерактивті құралдарды, коммуникация құралдарын қолдануға қабілеттілік; ақпараттарды нақты әзірлеп, орындаушысына дейін жеткізуі.

Тұлғааралық мектептің ішкі және сыртқы қарым-қатынастарын қалыптастыру; мұғалімдер соңына еретіндей көшбасшы болу; парызды сезіну және өз ісіне деген берілгендік; адамдармен қарым-қатынаста адал болу және серіктестерге (стратегиялық әріптестерге) сену; өз ойларын жеткізе білуі және орнықты дәлелдей алуы; білім беру процесіне қатысушылармен ізгі адамгершілік қарым-қатынаста болуы; өзінің физикалық және рухани күш-қуатын тез қалпына келтіру қабілеті.

Адам ресурстарымен жұмыс жүргізу және кадр саясаты. Мектепті білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету; шығармашылық әлеуетті дамыту, кәсіби тұрғыдан өсу және педагогикалық біліктілікті арттыру үшін тиісті жағдайлар жасау. Көздеген мақсаттарға жету үшін заңнамалық актілерге, мектеп Жарғысына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың конституциялық құқықтарын пайдалануына, функционалдық міндеттерін толық атқаруына еркін жол ашу, олардың жауапкершіліктерін арттыра отырып, шеберліктері мен шығармашылықтарын жетілдіру. Оқушылар ұжымын балалардың жеке ерекшеліктерін, тілек-талаптарын, қабілеттерін, тәрбиелік және білімділік деңгейлерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуде теңдікті, дифференциалдылықты қамтамасыз ететін әдістеме бойынша жинақтау (комплектациялау); «Біз – бір командамыз» акциясы аясында командалар құру. Білім беру жүйесінде мектеп қызметінің барлық салалары бойынша мемлекеттік бақылау орнату (ҚР «Білім туралы» Заңының 59-бабы); мектепте инспекциялық және инновациялық шараларды қызметтік, тұлғалық-бағдарлық және тұлғалық-гуманистік қарым-қатынастар негізінде жүзеге асыру. Қол жеткізілген соңғы нақты нәтижелерге бақылау және мониторинг жүргізу, мәліметтер базасымен салыстыру, білім беру процесіне проблемалық-бағдарлық талдау жасау; ақпараттық-сараптамалық және инновациялық қызметті жүзеге асыру. Ұйымшылдық және уақытты мақсатты түрде пайдалану. Мектеп міндеттеріне сай келетін жеке басым бағыттар мен мақсаттарды белгілеу. Жеке жұмыс

уақытын педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру принциптеріне сәйкес ақыл-парасатқа жүгіне отырып дұрыс бөлу. Заңнамалық актілермен, нормативтік құжаттамен және ғылыми-әдістемелік дерек көздерімен, Интернетпен мақсатты түрде, өнімді жұмыс жүргізе білу; оларды тауып, талдап, жүйелеп, өңдей білу, жаңа ақпарат жасап, оны ұжымға жеткізе білу. Тиімді әкімшілік және басқару шешімдерін қабылдай білу. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы, қоғамдық балалар қозғалыстары арқылы мектеп басшылығының, мұғалімдері мен оқушыларының өзін-өзі көрсету шарты ретінде мектептің инновациялық қызметін жүзеге асыру. Өз уақытын бағалай білу. Жинақылық, назарды бір мақсатқа шоғырландыра білу, тұрақты өнімді жұмыс – қызметтегі басты мәселе болып табылады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын негізгі ұғымдар қандай?
2. Білім беру менеджері қызметінің принциптеріне не жатады?
3. Менеджер-ұйымдастырушының басты ұстанымдары қандай?
4. Адам ресурстарымен жұмыс жүргізу және кадр саясатындағы білім менеджерінің ұстанымдарына не жатады?
5. «Білім менеджерінің білім сапасын жетілдірудегі басты ұстанымы» туралы өз ойыңызды тұжырымдаңыз.

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ

Білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік. Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық практикалық іске, еңбекке баулу дүниетанымын кеңейту. Баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- тағамы бар адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру сапасын басқару – қазіргі педагогикалық теория, практика талаптарына сай, келетін, жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажетін қанағаттандыра алатын білім берудің маңызды белгілерінің жиынтығы. Білім беру сапасын басқару мектеп басшысының басқару қызметіндегі басым бағыты болып табылады.

Білім беру сапасын басқару мына бағыттарды қамтиды:

1. Жалпы білім беру сапасы.
2. Білім беру үдерісін басқару сапасы.
3. Білім үдерісін іске асыру сапасы.
4. Білім беру үдерісі нәтижесінің сапасы.
5. Жалпы білім берудің функционалды сапасы.

Жалпы білім беру сапасы:

- 1) білім үдерісінің негізгі шарттарының сапасы;
 - 2) ғылыми-әдістемелік жұмыстарының сапасы;
 - 3) материалдық-қаржылық қамтылу сапасы;
 - 4) мектепке дейінгі білім сапасы деген бірнеше бөліктен тұрады.
- Білім беру үдерісін басқару сапасына кадрлық қамтылу сапасы, оқушылардың психосоматикалық денсаулығының сапасы және педагогикалық еңбекті ынталандыру сапасы жатады.

Білім беру үдерісін іске асыру сапасына мыналар енеді:

1. Білім мазмұны сапасы;
2. Оқыту сапасы;
3. Оқу сапасы.

Білім беру үдерісі нәтижесінің сапасы төмендегі бағыттарда анықталады:

- 1) Оқыту деңгейі;
- 2) Денсаулық сапасы;
- 3) Креативтілік сапасы;
- 4) Тәрбиелілік деңгейі;
- 5) Тұлғаның дамуы деңгейі;
- 6) Басты құзырлықтың қалыптасу сапасы.

Жалпы білім берудің функционалды сапасы:

1. Білім берудің оқушының білім қажетіне сай келуі;
2. Білім берудің қоғамдық институттар қажетіне сай келуі;
3. Білім берудің ата-аналарының сұранысына сай келуі;
4. Білім берудің аймақтық еңбек нарығына сәйкес келуі;
5. Білім берудің кәсіптік білім беру талабына сай келуі.

Білім беру үдерісінің менеджері адамға біліммен қатынас жасау мүмкіндігін туғызады. Білім – бұл үлкен әлем, әсер етуші күш. Бұл менеджер үшін тағы бір жағынан бизнес: жеке меншік мектептер және коммерциялық жоғары оқу орындары, министрлік қызмет және халықаралық әріптестермен ықпалдастық, біліктілікті көтеру. Нарықтық экономика жағдайындағы кез-келген білім беру мекемесінің қызметінің тиімділігі көбінесе менеджменттің қазіргі әдіс-тәсілдері және принциптері пайдаланумен байланысты. Басқару қызметі өзінің мазмұны және сипаты бойынша қоғам өмірінде интеллектуалды реттеуші рөл атқарады. Адамзаттың ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік жетістіктердің мүмкіндігінше меңгеруі басқару қызметінің мәнінің және күрделілігінің үздіксіз өсуімен байланысты. Басқарудың мәні алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін объективті және субъективті жағдайларды қамтамасыз ету. Сондықтан жақсы басқарушы адамдардың үстінен бұйырмайды, керісінше олардың еңбек қызметі үшін қолайлы, тиімді жағдай жасайды.

Басқару – бұл кез-келген мекеменің тиімді қызмет етуіне байланысты дұрыс бөлінген билік. Қызметтік өкілеттіліктерге қарамастан (билікті бөлу) басқару тәртібінің жалпы принциптері бар: құзырлық; адамгершілік; инновациялық; прагматизм және басқару стилі де енеді, ол автократиялық, бюрократиялық, демократиялық болуы мүмкін.

Білім берудің басты құндылығы өмір бойы әрбір адамның білім алуға, өзін дамытуға бағытталған, шығармашылық қуаттылығын іске асыру қабілетін сыртқа шығару мүмкіндігін және қажеттілігін адамда дамыту болып табылады. Білім беру менеджері – бұл жеке тұлға ретінде өзін-өзі үздіксіз дамытушы, кәсіби басқарушылық-педагогикалық қызметті шығармашылық жағынан іске асыруға қабілетті маман. Қазір білім беру қызметін ұйымдастыруға қабілетті, «өнімді дайындайтын» және «өнімді» нарыққа шығара алатын қабілетті адамдар қажет. Мұндай адамдар менеджерлер екені белгілі. Нарықтық қатынастарда оның қызметіне іс жүзінде бәрі қатысты.

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Мұғалімдер жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалды деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі қажет.

Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі талап етіледі. Қазір білім беру процесін жетілдіру жетекші бағыттардың бірі мектепті білім сапасын дамыту және бақылау мониторингі арқылы басқару жүйесін қалыптастыру болып табылады. Ол мектеп қауымдастығының барлық мүдделі қатысушыларын жұмылдыра отырып жүзеге асырылады. Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін жасау үшін оған негіз болып табылатын мынандай үш міндетті орындау шарт:

1. Басқарудың түпкі мақсаттарын көздейтін (білім беру стандартына, әлеуметтік стандарттарға сәйкес) сапа эталонын қалыптастыру;

2. Қол жеткізген даярлық деңгейін эталонмен салыстыру және осы негізде сапаны бағалау;

3. Қол жеткізген сапаны анықтайтын шарттар мен факторларға орын алған ауытқуларды жою бағытында пәрменді ықпал ететін шаралар қабылдау.

Білім беру сапасын басқару – білім берудің сапасына мүмкіндік пен қажеттіні қамтамасыз ету үшін барлық параметрлері мен сипаттарына мақсатты түрде бағытталған әсер ету. Қазіргі мектептерде білім беруді құзыреттілік тұрғыдан басқару өз күшіне еніп келеді. Ол қоғамның білімі бар адамдарды ғана емес, сол білімдерін қолдана алатын адамдарға деген саналы қажеттілігінің айқын көрінісі десек те болады. Құзыреттілік дегеніміз - адамның нақты бір жағдаятта тиімді іс-әрекет ету үшін өзінің білімі мен іскерлігін саналы түрде жүзеге асыру қабілеті немесе мүмкіндігі. Яғни, құзыреттілік – бұл дәстүрлі білім, іскерлік пен дағдылардың оқушылардың даралық ерекшеліктерімен, олардың өзіндік санасымен, танымдық іс-әрекет кезіндегі рефлексиясымен қайнасып,

бітісуі. Олай болса, қажетті құзырлылықты меңгеру құзыреттілік болып табылады, яғни, олармен өнімді әрекет ету үшін қандай да бір пәндердің және үдерістердің белгілі бір шеңберіне қатысты тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, іскерлік, дағды, қарым-қатынас) жиынтығы. Осы мәселе төңірегінде зерттеулер жүргізіп, өздерінің көзқарастары мен ой-пікірлерін білдіріп жүргендердің ішінде А.Н.Дахин, А.В.Хуторской сияқты ғалымдар да дәл осылай тұжырымдар жасаған.

Білім беру үрдісін құзыреттілік тұрғыдан басқарудың ертенгі күні оң нәтижелі болатынына ешкім күмән келтірмейді. Десек те оны практикаға ендіру білім беру жүйесінің барлық дерлік элементтерін – мемлекеттік стандарт пен білім мазмұнынан бастап, жетістік деңгейін бағалау мен түлектерге қойылатын талаптарға дейін – қайта құруды, қалыптасқан жүйені өзгертуді талап етеді.

Құзыреттілік тұрғыдан қараудағы басты айырмашылық – білім алушы өзінің мүмкіндіктері мен «қолынан келмейтінді» рефлексі бағалауды көздейтіндігінде, оның өзінің құзыреттілігі мен құзыретті емес шектеулерін түсінуі. Құзыреттілік тұрғыдан білім беруді басқарудың нәтижесінде білім алушының даралық позициясы мен оның өз іс-әрекет пәніне деген қарым-қатынасы құрылады. Мұндай тұрғыдан қараудың негізгі идеясы мынада: білім берудің басты нәтижесі – бұл жекелеген білім, іскерлік пен дағдылар емес, ол адамның әртүрлі әлеуметтік-маңызды жағдаяттарда тиімді және өнімді әрекетке қабілеті мен дайындығы. Осыған байланысты білім беруді құзыреттілік тұрғыдан басқару арқылы білім алушының тек білімін ғана «өсіріп» қоймай, оған іс-әрекеттің жан-жақты тәжірибесін меңгерту басты көзделетін мақсат.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім беру сапасын басқару бағыттарына не жатады?
2. «Білім беру сапасы» деген ұғымды талдаңыз.
3. Білім беру үдерісін іске асыруға не жатады?
4. Білім берудің функционалды сапасы қандай?

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН НӘТИЖЕЛІК ТҰРҒЫДАН БАСҚАРУ

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оның әртүрлі буындарын басқарудың тиімділігімен анықталады. Жаңарған мектеп алдындағы негізгі міндет басқару жүйесін түсіну мен оны нәтижелік тұрғысынан басқарудан тұрады.

Мектепішілік басқару жүйесінің түпкі нәтижеге бағытталуы оны ақпараттық қамтамасыз етуге, педагогикалық талдауға, жоспарлау мен бақылауға жаңаша көзқарасты қажет етеді. Қазіргі мектепішілік менеджментте бірінші орында күн санап күрделеніп бара жатқан мәселелердің шешімін табуға және оған жауапты болуға тиісті адам факторы тұр. Бұл жағдайда тәжірибе мен интуиция қабылданған шешімнің оңтайлылығын қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде процеске бағытталған дәстүрлі басқарудан нәтижеге бағытталған басқаруға қошу жүріп жатыр. Өйткені, мектептегі білім беру сапасының негізгі көрсеткіштеріне ҰБТ қорытындылары алынуда.

Дәстүрлі басқарудан нәтижелік басқарудың айырмасы неде?

Дәстүрлі басқаруда шаруашылық басшы іс-шаралардың маңызын көрсете отырып, қызметтік міндет бөлінісін жасайды, ұзақ мерзімді жоспар жасай отырып, жоспардың орындалу барысы туралы кезеңдік есеп береді.

Нәтижелік басқаруда менеджер басшы нәтиженің алатын орнын көрсете отырып, нәтижелік міндет бөлінісін жасайды, стратегиялық жоспар жасай отырып, нәтиженің анықталу барысы бойынша нәтижелік есеп береді.

Дәстүрлі басқаруда даму қалыпты емес және біржақты жүреді, іске атүсті қарау басым, шаралар науқандық сипатта кемшіліктерді жоюға бағытталған болады.

Нәтижелік басқаруда даму жүйелі және кешенді бағытта жүреді, мақсатты іс-әрекеттер қиындықтың алдын алуға бағытталады.

Дәстүрлі басқаруда нәтиже нақты көрсетілмейді, мектепішілік бақылау жұмысы соңғы нәтижеге ғана бағытталған, іс-шараны талдау жалпылама және жауаптыны жазалау үшін жүргізіледі.

Нәтижелік басқаруда нәтиже деңгейлеп көрсетіледі, педагогикалық мониторинг негізінде аралық нәтижелермен де жұмыс жасалады, үрдіс себеп-салдарлық тұрғыдан талданып, оқкылық пен қателіктен сабақ алуға бағытталады.

Нәтижелік басқару өзара байланысты екі процестен тұрады: жүзеге асыру және талдау. Нәтижелік басқаруды жүзеге асыру жағдай жасаудан басталып, білім беру үдерісін ұйымдастыру арқылы нәтижеге алып келсе, нәтижелік талдау керісінше алынған нәтижені талдаудан басталып, білім беру үдерісін талдау арқылы жасалған жағдайларды талдауға барып тіреледі: Жағдай – Процесс – Нәтиже.

Нәтижеге бағдарланған талдау кезеңдері төмендегіше болады:

1-кезең - күтілетін нәтижені анықтау. Үлгерім, ҰБТ, жарыстар мен сайыстар, денсаулық пен тәрбие бойынша жету керек нәтижелерді кесте түрінде сандық негізде жазу;

2-кезең - осы көрсеткіштер бойынша мектеп жұмысының нәтижесін бақылау. Осы салалар бойынша мектептің қазіргі көрсеткіштерінің нақты деңгейін айқындап ашып көрсетуге болатын деңгейде анықтау;

3-кезең - екі нәтижені салыстыру, ауытқуды анықтау. Мектептің қазіргі көрсеткіштерінің бұл нәтижелерге қаншалықты жетпей жатқандығын салыстырмалы кесте түрінде беру;

4-кезең – осы ауытқуға әсер еткен оқу-тәрбие үрдісінің кемшіліктерін анықтау. Пәндерді терендетіп оқыту, жаңа пәндер енгізу және оқыту әдістемесін (технологиясын) жетілдіру, сыныптан тыс шаралардың ықпалын арттыру, жаңа тәрбиелік салаларды іске қосу бойынша іс-әрекетте кетіп жатқан кемшіліктерді анықтау;

5-кезең - оқу-тәрбие үрдісі кемшіліктері мен нәтижесіне әсер еткен жағдайлар. Кадрмен қамтамасыз ету, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қаржыландыру, ынталандыруды жүзеге асыру бойынша өз күшімен түзетуге болатын және арнайы көмек керек болатын кемшіліктерді бөліп жазу;

6-кезең - осыдан нақты себептері көрсетілген маңызды проблемаларды белгілеу. Дарынды немесе жай баламен жұмысқа қажетті кадрлар іздеу, мектептегі бар мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, қажетті бағдарламалар мен оқулықтар (жай немесе электронды) алу не жасау, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету, технологияландыру мен ақпараттандыру бойынша мәселелерді ашып көрсету, оларды топтау, реттеу.

Жағдайды талдау мына мәселелерді қамтиды:

1. Сапалы кадрдың болуы,
2. Оқушыларға психологиялық диагностика жасалуы.
3. Мектептің қазіргі талапқа сай болуы.

Ал үдеріске мыналар жатады:

1. Ата-ана, балабақша арасындағы байланыс.
2. Әдістемелік жұмыстардың жүзеге асуы, озық тәжірибенің таратылуы.
3. Мектеп ұжымындағы психологиялық ахуал.

Нәтиже де үш бағыттан тұрады:

1. Тәрбие деңгейі.
2. Оқу деңгейі.
3. Бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Соған орай, бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей, оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу, оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін» үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар

қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Дәстүрлі басқарудан нәтижелік басқарудан айырмасы қандай?
2. Нәтижелік басқару деген? Нәтижелі басқарудың өзара байланысы қандай?
3. Нәтижеге бағдарланған талдау неше кезеңнен тұрады? Олардың ерекшеліктері қандай?
4. Жағдайды талдау қандай мәселелерді қамтиды?
5. Жаңа формация мұғаліміне тән қасиеттер қандай?
6. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты ұстанымына таладау жасаңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ САПАСЫН БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бақылау – кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді. Оқыту үдерісінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие үдерісінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Осы тұрғыда білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше. Бақылаудың тақырыптық түрін ұйымдастырудың практикалық мәселелері П.Горбунов, Е.С.Березняк, В.И.Ивашенко, А.К.Исаков, Е.И.Перовский, С.Ф.Сухорский, Н. В.Чертинский, В.О.Онищуктің ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған. Бақылауды ұйымдастырудың жекеленген әдістемелік мәселелері жайында М.Р.Львов, Н.Н.Светловский, А.П.Пышкало, Т.Л.Коган және т.б. теориялық талдау жасаған. Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың

оқу-тәрбие үдерісіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған. Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің «5» баллдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтылы дайындық дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтижесінде оқыту үдерісінің сапасын арттыруда мұғалім әрқеде бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмайды. Жоғарыда айтылған тұжырымдамаға сүйене отыра, білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алу, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы және практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама-қайшылықтың бар екендігін байқалады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде бұл мәселенің қалыптасуы мен даму динамикасын бірнеше кезеңге бөлуге болады. 20-жылдары үй тапсырмасын беру, білімді және емтиханды бағалауды оқыту үдерісі жүйесінде қарастырмайды, соның нәтижесінде оқушының үлгерім сапасына мұғалімнің бақылау жасау орнына «бригадалық-лабораториялық» әдіс жүйесіне негізделген «өздігінен бақылаудың» түрлері кең көлемде тартылды. Ол бір жағдайда үлгерім нәтижесін бақылауда иесіздік, жауапкерсіздікке әкелсе, екінші жағдайда, оқу сапасының төмендеуіне кері ықпалын тигізді. Білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алуды бақылау (Е.В.Гурьянов) және тәрбиелік қызметіне (П.Г.Ананьев) көптеп көңіл аударыла бастады. 40-60 жылдары бұл мәселе төңірегінде отандық ғылым мен практика тәжірибесін жинақтау жұмыстары қолға алынды. Онда білімді бақылау (Е.И.Перовский), оқушыларды бақылау ретінде қарастырылды. Оқушыларды бақылау: әрі оқыту, әрі тәрбиелеуді көздесе, кейіннен оның дамыту қызметі ойластырылды (Н.Т.Дайри). Осы мәселені дұрыс шешудегі оң қадам 70-жылдары Педагогика ғылымы Академиясының оқыту мазмұны мен әдістері ғылыми зерттеу институты қызметкерлерінің зерттеулері негізінде бастама алды. Мұнда оқу-тәрбие үдерісінің барлық буындарын басқару және тексерудің диагностикалық қызметі айқындалды. 80-жылдардан бастап оқыту нәтижесін есепке алу, бақылау және бағалаудың мазмұны, амал-тәсілдері мен қызметінің дидактикалық-әдістемелік негіздерін талдап, жасау қолға алынды. Оның әділдігін, дәлдігін көтеруге бағытталған мәселелер, үлгерім нәтижесін есепке алуды қатаң және тәртіпке келтіру жүйесіне арналған жұмыстар қолға алына бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар күні бүгін де өз жалғасын табуда. Дегенменде, бүгінгі таңда оқыту теориясында бақылау немесе бағаның мәні, тәсілдері жайлы әлі де болса ортақ пікір қалыптаспай отыр. Бақылау кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту үдерісінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді. Білім, білік және дағдыны бақылау негізінен үш жақты сипатта болып келеді: білім беру, тәрбиелеу және дамыту.

Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді. Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады,

жауапкершілдік сезімдері артады. Дамыту қызметінің маңызы сол, оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, қорытынды жасайды, баяндамалар әзірлейді, хабарламалар жасайды.

Профессорлар Ж.Б.Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев «Педагогика» оқулықтарында тақырыптық, тараулар бойынша, оқтын-оқтын және қорытынды бақылау деп бөлген.

Күнделікті бақылау – оқыту процесінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне басшылық жасайды. Ол ішкі және сыртқы байланысты жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады, соның негізінде оқушылардың келесі оқу әрекетіне ықпал етеді. Күнделікті бақылау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі. Бақылаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы және жауапкершілдік сезімін ынталандыруда үлкен маңызға ие болады.

Тақырыптық бақылау – оқу бағдарламаларындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі. Сонымен бірге мұғалім жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ғылыми ережелердің оқушылардың есіне салады.

Қорытынды бақылау – барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және тәжірибелік білімдері анықталады. Сонықтан қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық бақылаудың үлгерім бағалары болады. Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларына педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

Бақылау әдістері арқылы оқушылар жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етеді. Бақылау әдістеріне ауызша, жазбаша және графикалық бақылау әдістері жатады. Бұл әдістерге қарағанда бағдарламалық бақылау әдістемелерінің өзіндік ерекшелігі бар. Олар машинасыз және машиналы бағдарламалық бақылау әдістеріне бөлінеді.

Машинасыз бағдарламалап бақылау әдістері бойынша перфокарталар және бақылау карталарын қолданып, оқушылардың теориялық және практикалық білімдерін анықтайды. Мұғалім оқыту және білім беру мазмұны бөлімі бойынша 20-25 сұрақтар дайындап әрбір сұраққа 4 вариантты жауаптың мазмұнын жазады. Олардың ішінен бір сұраққа ғана жауап беріледі. Қалған сұрақтар варианттары: дәл емес, толық емес немесе басқа тектес ұғымдарға сәйкес келеді.

Бақылаудың тағы бір бөлігі, кейбір жағдайда тапсырмалар түрі деп ұғынылады (жазбаша бақылау жұмысы, тестік жұмыс, зертханалық-тәжірибелік жұмыс, сынақ, шығарма, диктант, т.б.).

Білімді бақылау және бағалау ғылыми дәлелденген, тәжірибеде қолданған принциптер негізінде жүргізіледі, олар: әділдік, жан-жақтылық, жүйелілік, жеке-даралық, дифференциалдық және тәрбиелік.

Әділдік, шындық (білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі нормасына қатысты) – бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Жүйелілік, бірізділік – әрбір сабақ, тақырып бойынша оқушылар оқу әрекетінің басқа буындарымен байланыстырыла қаралып, оқыту процесінің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізуді көздейді: түйінді сұрақтар бойынша оқыту нәтижесін қорытындылау, тақырыптық бақылау, сабақтар бойынша балл қою.

Жеке-дара қатынас – әрбір оқушының ерекшелігін бағалау (оның қабілеті, бейімділігі, денсаулығы, оқу әрекеті т.б.) қарастырады.

Жан-жақтылықта – бақылау оқу бағдарламасының барлық бөлігін қамтиды, оқушылардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық білімдерін білік пен дағдысын бақылауды қамтамасыз етеді.

Дифференциалдық қатынас – әрбір пәннің ерекшелігін, жекелеген бөлімдерін, сонымен бірге оқушылардың жеке-дара қасиетін ескеріп, соған сәйкес бақылаудың әртүрлі әдістері мен мұғалімнің педагогикалық әдеп сақтауын талап етеді.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындау, ең алдымен бақылаудың сенімділігін және оқыту процесінде өздерінің алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, бақылауда әртүрлі қателіктер мен сәтсіздіктердің болмауына кепілдік жасайды.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау, бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. Олар мыналар:

- ауызша баяндау (әңгіме, жеке дара, топтық, фронтальдық сұрақ).
- жазбаша бақылау (диктант, шығарма, таблица, схема, суреттер құрастыру)
- практикалық бақылау (лабораториялық жұмыстарын, еңбек операцияларын орындау, тәжірибе жүргізу)
- машиналы бағдарламалап бақылау (перфокарталар, бақылау карталарын, дұрыс жауаптарды, диафильмдерді қолдану).
- өзін-өзі бақылау, бағалау (қателерді болдырмау, оларды түзеу, оқудағы өз жетістіктерін бағалау, соған сәйкес балл қою).

Оқыту процесінде бақылаудың фронтальдық, топтық және дербес формалары қалыптасқан. Оның тиімділігі – мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты.

Фронтальдық (жаппай) бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, біріне бірі сұрақ қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады. Демек, бірігу іс-әрекетінде әлеуметтік құнды мотивтер қалыптасады.

Топтық бақылауда белгілі оқушылар тобы сабақ барысында мұғалімнен таспырмалар алып орындайды. Кейде, кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты (сабақ жіберу, нашар үлгеру, ауыру т.б.) қосымша көмекті қажет етулері мүмкін. Сондықтан, олардың жұмысын ерекше еске алған жөн.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциалды оқыту барысында нәтиже береді. Дербес бақылауда оқушылар жауабының логикалық бірізділігі, олар өз пікірлерін қалай байымдайды, қалай дәлелдейді, міне, осы мәселелерге аса көңіл аудару керек.

Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды.

Сынақ – қорытынды бақылаудың айырықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отыра қойылады. Ол (1959 жылдан енгізілген) оқу бағдарламасының негізгі бөлімдерін және тақырыптардағы білім, білік, дағдыларды жүйеге келтіру, тереңдету міндеттерін шешеді.

Емтихан – оқушылардың білімін қорытынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы. Ол (1944 жылдан енгізілген) оқушылардың білімін жинақтауға және бір жүйеге келтіруге, оларды оқу жылы бойынша оқуға ынталандырады, оқу жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі. Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестік шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

Оқыту – динамикалық процесс. Оның сапасын үнемі жетілдіріп отыру – өмір талабы. Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әр кезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі.

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың «5» баллдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді. Соның нәтижесінде қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оқыту процесіндегі **рейтинг – тестік** жүйе оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын бақылаудың жаңа түрі өмірге келді.

Рейтинг – ағылшын тілінде **torat** – «бағалау» немесе «жетістік өлшемі» деген ұғымды білдіреді.

Рейтинг жүесінің **мақсаты:**

- оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру;
- оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру;

- оқу-таным әрекетіндегі білім, білік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету;

- оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру;

- тексеруде уақытты үнемдеу.

Бұл жүйенің ерекшелігі оқушының педагогикалық әрекеті мен студенттердің оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерінің тексеру, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады.

Тест – оқытудың белгілі бір бөлігін меңгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырма жиынтығы. Олар уақытты көп жоғалтпас үшін көлемінің шағын болуы, тестік тапсырманы өз бетінше қалай болса, солай түсінік беруге жібермеуді, жауапта дәлсіздік немесе көп сипаттылықты болырмауды, оның әрі қысқа әрі жинақы болуын, тестік тапсырманы орындау мен сандық бағалау арақатынасының мүмкіндігін жариялылығының, тапсырма мен жауаптағы дәлдік пен айқындықты қамтамасыз етуге т.б. талап етеді. Бақылауды рейтинг-тестік жүйесін қолдану ерекшелігі, оқу материалдары логикалық тұрғыдан аяқталған бөлік, немесе тарау болып саналатын модульдерге (блоктарға) біріктіріледі. Модульдердің саны оқу пәндерінің мазмұнының көлеміне байланысты белгіленеді. Модульдердің құрылымы оқу материалдарының белгілі бір бөліктерінен (порция) тұрады. Әрбір модуль нақтылы міндеттерден және өз бетінше тереңдетіп оқу тақырыптары мен тапсырмаларынан құрылады.

Рейтинг-тестік бақылау түрлеріне:

а) күнделікті немесе ағымдық (текущий),

ә) аралық (рубежный),

б) қорытынды (итоговый) бақылау жатады.

Күнделікті немесе ағымдағы бақылау әрбір модульдер бойынша жүргізіледі. Ол курстың белгілі бір тараулары немесе бөліктері, болмаса күрделі тақырыптары аяқталған кезеңде ұйымдастырылады.

Аралық бақылау әрбір модульдер аяқталған кезеңде жүргізіледі. Осы аралықта колоквиум, жоба қорғау, өздік жұмыстарын қолдануға болады. Дегенмен де, тестік жұмыстарын қолдану артықшылығы басым болады. Себебі, тест бағалау нәтижесін нақты көрсетеді;

- уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады;

- бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді;

- тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Бақылау және бақылаудың мақсаты қандай?
2. Бақылауды зерттеген ғалымдар және олардың ғылыми тұжырымдары
3. Білім, білік және дағдыны бақылаудың негізгі сипаттары қандай?
4. Күнделікті, тақырыптық және қорытынды бақылаудың өзіне тән ерекшеліктері қандай?

5. Білімді бақылау және бағалау принциптеріне не жатады?
6. Бақылаудың формалары және олардың өзіндік ерекшеліктері қандай?
7. Рейтинг-тесттік бақылау түрлері және олардың өзіндік сипаты қандай?
8. Осы тақырып бойынша 10 тапсырмадан тұратын тест тапсырмаларын құрастырыңыз.

ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ҚЫЗМЕТІ

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау – бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту үдерісінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал. Мектепте оқушының тәрбиесі мен даму және оқу жұмысындағы мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы, ізгілендіру ұстанымдары негізінде ұйымдастыруға ерекше мән беріліп отырған қазіргі кезеңде бағалаудың рөлі, қызметі түбегейлі өзгеріп, ол тәрбиелеуші, диагностикалық, дамытушы, бақылаушы және басқарушы қызмет атқару керек.

Нәтижеге бағдарланған білім беруді енгізу жағдайында білім беру үдерісі оған қатысушылар арасындағы субъект – субъект негізінде жүзеге асады. Білім алушы оқу-тәрбие үрдісіндегі субъект ретінде оқуда белгілі бір табыстарға жету үшін өз іс-әрекетін мақсатты ұйымдастырады. Білім алушы жетістіктері күтілетін нәтижелер жүйесі түріндегі оқу іс-әрекеттері түрлерін игеру сапасы бағалау жолмен анықталады. Бұл орайдағы күтілетін нәтиже пәндік білім, білік және дағдыларды, түйінді және базалық құзырлықтардың құрамды бөліктерін белгілі контексте интеграциялауды көздейтін оқу іс-әрекетінің әртүрлерінің сипаттамасы болып табылады. Бағалауға білім алушылардың пәндік білім, білік, дағдыларын және адамгершілік нормалары бағдарлы, жалпы адами және ұлттық құндылықтар тұрғысындағы іс-әрекет тәсілдерін меңгеру бойынша олардың жетістіктерін көрсететін нақты нәтижелер бағалана алады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы баллдық және рейтингтік тұрғыда бағалауға негізделген бағалаудың баллдық – жинақтау жүйесі болып табылады.

Білім алушының оқу іс-әрекеттері тәсілдерін саралау үш деңгей аясында жүзеге асырылады. Критерийлік – бағдарланған шкала нақты оқу үрдісі аясында білім, білік және құзырлықтарды берілген деңгейіне қаншалықты қол жеткізетіндігін анықтауға мүмкіндік беретін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы болып табылады.

• Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуде білім берудің белгілі бір деңгейдегі білім беру стандарты аясындағы әрбір пәнді оқытуда орындалатын оқу іс-әрекетінің барлық түрінен алған ұпайларын жинау арқылы қол жеткізіледі. Бағаның объективтілігі білім алушылардың білімін және олардың іс-әрекеттерінен күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде оқушының оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау.

• Өз жетістіктерін бағалау – өзін-өзі тексеру мен бақылау, өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыда бағалау, қателерді айқындау және оларды жоюдың жолдарын табу, сондай-ақ бағалау критерийлерін анықтай алу болып табылатын білім алушылардың өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін алдын-ала өзіндік бақылауы.

• Балл жинау оқу жетістіктерін бағалауды даралауды жүзеге асыруға, белгілі бір уақыт аралығында жинақталған баллдардың қосындысы көрініс табатын және оқушының оқу портфолиосы формасы түрінде жүзеге асырылатын білім, білік, дағдыларын мүмкіндіктеріне, қалауларына және қабілеттеріне қарай тереңдетуге, кеңейтуге және оны өзінің дамуының жеке траекториясын өз бетінше таңдауына мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде білім алушылардың өздері, олардың ата-аналары және мұғалімдері белгілі бір уақыт аралығындағы жетістігін салыстыра отырып, оның жеке даму динамикасын тұрақты қадағалауға мүмкіндік алады.

• Бағалаудың жариялылығы білім алушылар және ата-аналар арасындағы, білім алушылар және мұғалімдер арасындағы, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы психологиялық сипаттағы көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бастауыш мектептің 1-сыныптарында білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерінің сандық формасы ретіндегі баға қойылмайтын бағасыз оқыту жүзеге асырылады. Бағасыз оқыту барысында бақылау және бағалау білім алушының пәндер бойынша білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейі мен оның даму деңгейімен анықталатын оқу үрдісінің сапалық нәтижесін бейнелейтін мазмұндық – бағалық негізде құрылады.

Бүгінгі таңда білім беруге қойылатын талаптар адамды ең жоғарғы құндылық ретінде бағалайтын ізгілік тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырады. Сондықтан білім сапасының мәселесі жеке тұлғаны дамытуға, оның жоғары адамгершілік пен кәсібилікке ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған міндеттер кешенін шешуге байланысты білім беру саясатының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. В.С.Леднев, Т.Д.Макарова, М.М.Поташник, С.Е.Шишов және т.б. зерттеушілердің пікірінше, адамның әлемдік стандарттарға сәйкес білім алу құқығын кепілдікпен қамтамасыз ету үшін білім сапасын бағалау қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру сапасын ішкі бағалау сапа менеджменті жүйесін, білім беру ұйымдары қызметінің барлық түрлерінің өзін-өзі бағалаудың әртүрлі рәсімдерін, үлгерімді ағымдағы бақылауды, білім алушылардың білім алу жетістіктерін бағалауды қамтиды», – деп көрсетілген.

Қазіргі таңда педагогика ғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсарту болып отыр. Соған байланысты оқушылардың білім бағасына және сол білімді бақылау жүйесі жайлы құжат – «Жалпы білім және кәсіптік бағдар беретін мектеп реформасының негізгі бағыттарында» бұл мәселеге жоғары мән беріледі. Құжатта былай делінген: «Оқушылар білімін бағалауда қандайда болмасын жалаң бүркемелеушілікке жол берілмеуін міндетті түрде қадағалау қажет». Бұл талаптардың жүзеге асуы осы таңдағы оқушылардың білімін бақылау жүйесіне

жоғары сын қоя отырып, жан-жақты талдау жүргізуді қажет етеді. Қазіргі қалыптасқан білімді бақылау-тексеру жүйесіне қанағаттанбау (білім көрсеткіштері және оны тексеру тәсілімен қоса) мәселелері дидактикалық материалдар бетінде жиі ескеріліп, әрі айтылып жүр.

Ғалымдар пікірінше, осы күндегі білім бағасы жүйесінің бірден-бір кемшіліктерінің бірі – айрықшаланған көрсеткіштердің көптігі, көпжақтылығы және немқұрайлығы. Бұл көрсеткіштердің осындай қыры білім бағасының мазмұндық сипатының жойлмауына әрі осы мазмұнға сәйкес бағаға практикалық тұрғыда бағдарлануға қиындық туғызады. Сондықтан да білім сапасының теориялық негізделген принциптерін жасау мәселесі және соған сай психологиялық тұрғыда оқушылардың білімін тексеру тәсілдері қазіргі таңда ерекше қиын әрі күрделі болып отыр. Тәжірбиелі әдістер мен оқушылардың білім сапасын бағалау критерийлерінің соған сәйкес оқыту, меңгеру теориясымен органикалық байланысын талап ету мәселесі – педагогикалық психологияда диагностиканың негізін құраушы принцип болып табылады. Білім сапасының психологиялық диагностиканың бұл шектеулі оқу әрекетінің үдерісі дамыған, толыққанды сипаттағы оқытудың теориясына сүйенген жағдайда ғана жойылды.

Оқушылардың білім сапасына қазіргі таңда қойылар талаптың өсуі білімді игеру көрсеткіштері құрылымының өзгерісінде көрініс табуға әрі осы мәселенің дидактиктер мен педагогтар зерттеулерінде көп қарастырылуы да септігін тигізіп отыр.

Мотивация – психология ғылымындағы өте бір күрделі ұғым. С.Л.Рубинштейннің айтуынша, іс-әрекеттің өзіне бағытталуына орай мақсаты нақты көрінеді және әрекет орындалуына қарай мотивтері белгілі болып отырады. Әрекет мотивтері өте күрделі, олар түрлі қажеттіліктер мен қызығушылықтар негізінде дамиды. Адамзатқа мотивтер арқылы қоғамның әсері көп жағдайларда бағалау әрекеті көмегімен беріліп, жүзеге асып отырады. Оқу мотивтерінің даму мәселесі үнемі психолог-ғалымдарды қатты толғандырып келген жайт. А.Н.Леонтьев, М.И.Божович, Н.Г.Морозова, Л.С.Славиналар өз еңбектерінде оқу мотивтерінің дамуы туралы зерттеді. Мектеп оқушылары үшін мотив жай ғана оқу, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін бағаның рөлі жоғарылайды. Алтыншы, жетінші сыныптарда оқушылар үшін басты мотив болашаққа дайындық болады. Яғни баланың оқу және тәрбие саласындағы жетістігі тікелей мотивацияға байланысты. Қажеті мотивацияның бала бойында болмауы оқу әрекетіне бейімделмейді. Сонымен қатар әлеуметтік тұрғыда да аз белсенділік көрсетеді. Педагогикалық бағалау ерекше ынталандыру болып келгендіктен, бағалау оқу және тәрбие әрекетіндегі табысты анықтайтын қызмет негізі болып саналады. Педагогикалық бағалаудың бірнеше түрлері болады. Оларды пәндік және арнайы, материалдық және моральдық, нәтижелі және процесстік, сандық және сапалық топтарға бөлуге болады.

Психологиялық-педагогикалық теория және тәжірбиеде баға ұғымы көбіне бағалау деген ұғыммен түсіндіріледі. Бағалаудың оқу үдерісінде орындайтын үш қызметі талданады, оның негізгісі – дамытушылық қызметі, функциясы.

Дамытушы бағалау ісі оқытуда қажетті психологиялық жағдайдың бірі болып табылады. Білім, білік және дағдыны бақылау және бағалау қызметтері қарастырылады. Білімді, дағдыны, іскерлікті тексеруде оның формасы, түрі ажыратылады. Бақылаудың психологиялық, педагогикалық мәні – оқушыларға дер кезінде көмек көрсету, олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, оқушылардың оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру және іске жұмылдыру. Білімді, іскерлікті, дағдыны тексеру және бағалау – танымдық іс-әрекет көздерінің бірі. Баға қою арқылы бала жанына үрей туғыздан гөрі қайта талаптандыруға ұмтылу керек.

Сабақтың шынайы құндылығы – оның нәтижесі, оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі. Өзін-өзі бағалау кіші жастағы оқушының өзінің табыстары мен сәттіліктерін оқу мақсатына қарай жылжудың сипатын бағалауға мүмкіндік береді.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, адамның оқыту және тәрбиелеу үрдісіндегі өзін-өзі бағалауын елемей тастауға болмайды. Оны елемей мынадай теріс құбылыстарға алып барады.

1. Психикалық дамудың тежелуі
2. Оқытудағы психологиялық және мағыналық кедергілер.
3. Жаман мінездің қалыптасуы.

Жалпы алғанда бағалауды тек баллдық жүйеде ғана емес, мадақтау сөздерін пайдаланғанда оқушылардың белсенділіктері артады.

Жалпы білім беретін мектептерде оқытудың нәтижелерін тексеру және бағалау жүйесін жетілдіру – қазіргі кезде күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Сондықтан оқыту нәтижелерін бағалаудың қазіргі тәртібі білім мекемелерінде қайта қаралып жатыр.

Білім беру үдерісі мен нәтижесін педагогикалық және психологиялық тұрғыда қарастыру бір-бірімен тығыз байланысты екені белгілі.

Педагогикалық-психологиялық көрсеткіштер жиынтығына келесілерді жатқызуға болады:

- білім алу мотивациясы мен оның динамикасы;
- оқушыларда ақыл-ой дамуы мен оқу әрекеттерінің қалыптасуы;
- оқушылардың құндылықтарға бағытталуы және оның даму динамикасы;
- оқушылар мен мұғалімдердің оқыту үдерісіне қанағаттануы;
- аталған әрбір көрсеткіштерден сандық ақпараттарды алуға болады;
- оқушының қандай да бір сипаттамасының даму деңгейі;
- белгілі бір мерзімдегі оқушы сипаттамасындағы «өсу» дәрежесі;
- оқушы жетістігінің нақты деңгейін бағалау.

Бағалаудың қызметі үш топқа бөлінеді: хабарлаушылық (информирующие); басқарушылық (управляющие); тәрбиелеушілік (воспитывающие).

Бірінші топ өз алдына: белгілеп қоюшылық (фиксирующая), бағдарлаушы (ориентирующая), бақылаушы (контролирующая) болып келеді. Бұл топтың қызметі білім, білік және дағдыны бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдеріне мұғалім мен оқушылардың арқа сүйеуі жағдайында іске асады.

Екінші топ: ұйымдастырушылық (организующая), реттеушілік (регулирующая), дәлдеп түзетушілік (корректирующая) болып келеді. Осы топты жүзеге асырудың қажетті шарты бағадағы көрініс – тек қана оқытудағы қол жеткізілген нәтиженің мөлшері ғана емес, сонымен бірге сапасын белгілейтін көрсеткіш. Үшінші топ: қалыптастырушылық (формирующая), дамытушылық (развивающая), ынталандырушылық (стимулирующая) болып келеді. Бұл топтың қызметінің нәтижелі болуының кепілі баға оқытудың нәтижесін нақты бейнелей білуде.

Оқыту нәтижелерін бағалаудың жүйесін жасауда жүйенің біртұтастығы, оқушының дамуын қолдау, оқыту нәтижесін бағалауды кешенді қарастыру, кемшіліктерді болжау сияқты принциптердің моделі басшылыққа алынады. Бұл модель оқыту бағдарламаларының талаптарын орындауды бағалауға бағытталған. Модельдің негізгі компоненттері:

- бағалаудың мазмұны және объектісі: оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесін бағалау;

- бағалаудың әдіс-тәсілдері: субъективті (жобалар, практикалық жұмыстар, жазбаша, ауызша сұрау, портфолио, т.б.) және объективті (тестілеу, сауалнама; оқушылар, мұғалімдер, мекеме аттестациясы, мониторингтік зерттеулер);

- тұтынушылардың негізгі топтары: оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, басқарушылар, қоғам мүшелері, т.б.;

- нәтиженің қолдану мақсаттары: оқытудың келесі сатысына көшу, білім беру сапасын бағалау, мазмұнды қайта қарастыру, түзету жұмыстары.

1. Әрбір пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда оқу іс-әрекетінің белгілі бір деңгейіне сәйкес белгіленген ауқымда баға қойылады.

2. Нақты оқу пәнін оқыту ерекшелігіне сәйкес білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін бағалау үшін бақылаудың ауызша, жазбаша дәстүрлі түрлері мен формалары, сондай-ақ тестілер және тағы басқа бақылаудың интерактивті түрлері қолданылуы мүмкін.

Әрбір білім саласы бойынша немесе жеке пән бойынша оқыту нәтижелерінің нақты көрсеткіштері (критерийлері) жасалады.

3. Сабақ сайын білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау оқу іс-әрекетінің деңгейіне сәйкес белгіленген баға ауқымы аясында бір сабақ аумағында жинақталған баллдардың орташа арифметикалық мәнін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Орташа арифметикалық мәнді анықтау үшін оқу іс-әрекеті деңгейлеріне (репродуктивті, продуктивті) сәйкес әртүрлі тапсырмаларды орындағанда оқушының алған баллдары пайдаланылады.

4. Кезеңдік бағалау қандайда бір бөлімді оқып үйренгеннен кейін, сондай-ақ жартыжылдықтың және оқу жылының соңында бақылау жұмыстарын өткізу арқылы жүзеге асады.

5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін тақырыптық, жалпы, қорытынды бақылауда бағалау үшін мұғалім олардың оқу іс-әрекеттерінің барлық деңгейлерін (репродуктивті, продуктивті, шығармашылық) ескереді.

6. Тоқсандық баға тақырыптық бақылау («қиықтар», бақылаулар немесе сарамандық жұмыстар) баллдарының және оқушының тоқсан ішінде ағымдағы

әр сабақта бағалауда жинаған барлық балдарының орташа арифметикалық мәндерінің қосындысы ретінде есептеледі.

7. Оқу жылы үшін пән бойынша баллмен қойылған баға дәл жоғарыда көрсетілгендей: білім алушылардың әр тоқсандағы оқыту нәтижелері бойынша алған орташа баллдарының және әрбір шығармашылық тапсырмаларды (жобалау жұмыстары немесе шығармашылық сипаттағы есептер) орындағаны үшін алған баллдарының қосу арқылы анықталады.

8. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мониторингі білім беруден күтілетін нәтижелерге қатысты әрбір екіжылдық оқыту циклдары (2, 4, 6, 8, 10, 12-сыныптардан соң) соңында өткізіледі.

9. Білім алушылардың жеке білім жетістіктері құжаттық түрғыда рәсімделіп, портфолиоға жинақталады.

10. Негізгі орта білім беру жөніндегі куәлікте және жалпы орта білім туралы аттестатта оқу пәні бойынша бағаға сәйкес бағалау талқыламасымен балл түрінде қойылады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білімді бағалаудың негізгі ұстанымдары қандай?
2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі ұғымын өз ойыңызбен тұжырымдаңыз.
3. Өз жетістіктерін бағалау қалай жүзеге асады?
4. Білім алушының оқу портфолиосының маңызы қандай?
5. «Бағалаудың жариялылығы» ұғымын қалай түсіндіре аласыз?
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы бағалау туралы тұжырымды өз ойыңызбен түйіндеңіз.
7. Мотивация мен бағалаудың өзара байланысы қандай?
8. Оқыту және тәрбиелеу үрдісіндегі өзін-өзі бағалаудың елемедің кері әсері қандай?
9. Бағалаудың қызметі неше топқа бөлінеді?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ, ОНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Сыныптағы бағалау тек техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез-келген нысанның артында объективті немесе объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Шынында да, бағалаудың артында баланың ынта-жігері, қабілет-қарымы, оқуға деген қызығушылығын арттыруға болатыны педагогика ғылымының тәжірибесінде дәлелденген. Дәстүрлі оқыту жүйесінде баланы бағалауда тек

мұғалімнің ғана ықпалы болатын және көбіне баланың жауап беру стиліне қарап салыстырмалы немесе ынталандыру бағасы қойылатын.

Сұрақ дұрыс қойылғанда, дұрыс жауап алынады, сұрақ қою арқылы баланың ойлау қабілеті артады. Сұрақ қоюдың техникаларын пайдалану кезінде баланың білімін анықтауға және алға қарай жетелеуге болады.

Балалардың өз білімін өзі бағалауы және сыныптасын бағалауы маңызды. Әрі қарай өзін қалай дамыту керек екенін, нені үйренгенін және нені үйрену керек екенін оқушылар өздері шешу керек және одан арғы қызметті өздері белгілеулері қажет. Мысалы оқушыларға өзін-өзі бағалау кестесін берген кезде оқушылар өзінің білімінің қандай деңгейде тұрғанын бағалай алады және алдағы уақытта нені білу керектігін анықтай алады. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, бағалайды. Әділдік пен шыншылдықты үйренеді.

Өзін-өзі бағалау мен топ басшысының бағалауы кезінде бірнеше критерийлер қойылып, сабақ басталарда оны түсіндіріп өту тиімді және сабақ соңында талдау жасалса бағалау шынайы болмақ. Критерийлерді оқушының өзіне қойғызуға болады. 10 немесе 12 баллға негізделген критериалды жүйе қолдану тиімділігі басым болып отыр. Себебі, 12 баллдық жүйе оқушылардың теориялық жетістіктерін, деңгейін бірден айшықтап береді. Қазір Белоруссия, Грузия, Молдова сынды елдер 10 баллдық, Украинада 12 баллдық оқушының білімін бағалау жүйесіне ауысып кеткен. «5» баллдық жүйе жастарды «ауырдың асты, жеңілдің үстімен» жүруге итермелеуде. Сондықтан критериалды баллдық жүйені қолдану баланың білім деңгейінің нақты көрсеткіштерін айқындайды.

Бағалаудың ең басты мақсаты - білім игерудегі жетістіктерді анықтау, үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау, белсендіру, ынталандыру, баланың өсіп жетілуін анықтап, әр баланың тәжірибесінің табысты болуына себін тигізу. Бағалау барысында баланы мақтап, мадақтап, көтермелеп отырудың да маңызы зор. Өйткені бала қашанда мақтағанды қалап, сол мақтауға лайық болуға тырысады. Сондықтан баланы мақтап, содан соң жасаған жұмысының дұрыс жерлеріне бірінші тоқталып және атап көрсетіп, соңынан қателік кеткен тұстарына ұсыныс арқылы балаға жеткізіп отырса, онда балалардың сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Күнделікті сабақ барысында мұғалімнің жаңаша бағалау түрлерін қолдана білуі - сыныпта оқушылардың танымдық, шығармашылық, қарым-қатынас құзыреттілігін және пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруға жол ашады.

Баланың оқу және тәрбие саласындағы жетістігі тікелей мотивацияға байланысты. Барлық жинақталған білімді меңгерудегі ынталандырудың әсері, дағды мен әдеттерді қалыптастыруы, өзінің белгілі жеке сапалы қасиеттерін жетілдіруіне байланысты. Барлық қабілеттер баланың жетістікке жетуіне кепіл бола алмайды. Қажетті мотивацияның баланың бойында болмауы оқу әрекетіне бейімделмейді және сонымен қатар әлеуметтік тұрғыда да аз белсенділік көрсетеді. Мотивацияның тапшылығы болған жағдайда бар мүмкіндіктері қабілетке айналмайды, интеллектуалды және жеке қабілеттері өте бояу дамиды.

Қолайлы жағдайдың болмауы да әсер етеді. Қорытынды нәтижесінде баланың жеке дамуы қалыптасып, жаңа біліммен, әдеттерді қажеттілік ретінде сезіп, өзін-өзі жетілдіруге және дербес дамуын жетілдіруге тырысады.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды қорлардың болғанымен, бірақ тәжірибиеде мотивацияның жеткіліксіздігінен барлық қолданылмайды. Мұндай жағдайлардың себептері әртүрлі. **Біріншіден**, барлық мотивтердің белгісіздігі, балалардың әртүрлі жасы, әртүрлі индивидуалды ерекшеліктері оқуда қалыптасады. Жеке, сапалы, жаңа қарым-қатынастар, білім, дағды және әдеттер қызығушылықтың негізінде байқалады. **Екіншіден**, біздер өсіп жетіліп және педагог қызметін атқарғаннан кейін барып алғаш рет балалардың оқу мотивтері жөнінде ойлана бастаймыз, балабақшадан шыққанымыздан соң барып балалардың тәртібі жөніндегі мотивтер, түпнұсқалар мен болжамдар туралы ойланамыз. Біздің берген болжамдарымыз бен ойларымыз дұрыс шығуына кепілдік бере алмаймыз. Біз негізінде балалардың бойында жоқ нәрсені бар деуіміз мүмкін және оларға ненің маңызды екеніне мән бермеуіміз де мүмкін, оқыту және тәрбиелеуде дәлеліміз дұрыс болуы да мүмкін. **Үшіншіден**, балалар арасында әртүрлі индивидуалды айырмашылықтар болады, бір балаға бір нәрсені оған маңызды болуы, келесі балаға мүлдем қызықсыз болуы да мүмкін. Ең соңында **төртіншіден**, мотивацияның өзі, жинақталған мотивтің өзі де кейде бір жағдайға орай өзгермелі болады. Бұл себепке орай оқыту және тәрбиелеу негізінде жағдайдың бірі қызықты болып келесі біреуіне қолайсыз болады. Оқыту мен тәрбиелеудің ең басты міндеті осы негізгі айтылған төрт мотивацияның өзгеру себебіне байланысты. Мотивацияның төмендеуіне жол бермей тәжірибие жүзінде тиімді шартты қолдана білуге үйрену.

Кез келген іс-әрекеттің нәтижелі болуы жеке тұлғаның мотиві, яғни түрткісі неғұрлым күшті, өз қызығушылығынан туындаса, онда алдында кездескен кедергілерді, қиындықтарды жеңіп, өз мақсатына жетуді көздейді. Іс-әрекетті тудыратын түрткі мен ынталандыру тығыз байланысты. Ынталандырудың түрлі әдістері бар.

Жарыс. Педагогикалық үдерісте жарысты ұйымдастыру үшін мұғалім оқушылардың әлеуметтік-психологиялық жағдайы мен жас ерекшеліктеріне қарай, олардың жарысқа түсуге ынталы екенін, үнемі бірінші орынға ұмтылысын, өз күш-қайратына сенім артатынын ескеруі тиіс. Оқуда, еңбекте, спортта өз жетістігін көрсету үшін жарыстың пайдасы зор, балалардың ізденімпаздығы мен шығармашылық қабілеті артып, жаңа бастама көтеріп, жауапкершілік, ұжымдық қатынастары дамиды. Жарыс оқу сапасын арттырады. Мысалы, жарыс бастауыш сынып оқушыларын үй тапсырмасын мұқият орындауға, сабақта алаңдамай, тәртіп сақтауға, оқу-жабдықтарын ұқыпты ұстауға, мектепте және үйде күн тәртібін қадағалауға, қосымша әдебиеттерді оқуға міндеттейді. Жарыс жеке оқушылар мен ұжым арасында қысқа және ұзақ мерзімге ұйымдастырылады. Жарысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар: ашықтық, көрсеткіштердің нақтылығы, олардың салыстырмалылығы, озат тәжірибені қолдану. Соңғы жылдары гуманистік педагогика тарапынан жарыс әдісін қолдануға қарсылық бар. Гуманистік педагогика оқушының бұрынғы

жетістіктері мен қазіргі жеткен жетістіктерін салыстыруды жарыс әдісі деп қарастыруды ұсынады. Дейтұрғанмен де, жарыс әдісін дұрыс пайдалану, оқушының жеке басын құрметтеуге қайшы келмейді. Оқушыларды оқуда, еңбекте, спортта бірінің-бірі жетістікке жету қуанышына ортақтасу көңіл-күй сезімін тәрбиелеуге болады.

Мадақтау – жеке оқушы немесе ұжымның іс-әрекеті мен қылықтарына берілетін қоғамдық жағымды баға. Жеке тұлғаның тандап алған іс-әрекетіне қоғамдық жағынан оң баға беру ынталандыруға жатады. Оқушы көпшіліктің оң бағасынан, өзін көтеріңкі көңіл-күйде сезініп, өзіне сенімі артып, белсенді әрекетке ыңғайланады. Көтермелеу, мадақтау үнемі жағымды нәтиже бермейді. Оның тәрбиелік мәні тек белгілі нәтижемен шектелмей, оның түрткісі мен іс-әрекет тәсілін де ескеруді қажет етеді. Оқушылар кез келген іс-әрекетіне кесімді баға күтпей, мұғалім тарапынан қолдау тапқанын сезінуі маңызды. Көтермелеу әсіресе өзіне сенімі төмен балалар мен бастауыш сынып оқушыларына жасалуы тиіс. Мадақтау ұжымның ортақ пікірінен туындағаны абзал.

Жазалау – оқушының қоғамдық қалыптарды бұзу іс-әрекеті мен қылықтарына қарсы қолданатын шара. Жазалау арқылы оқушының іс-әрекеті реттеледі. Жазалау баланың моральдық және тәндік жағына ауыртпалық түсірмеуі тиіс. Жазалауды күш көрсету деп түсінбей, оқушыға өзінің ұжымнан уақытша болса да бөлініп қалғанын сезіндіруі керек. Жазалау формасының бір түрі - мұғалім мен сынып ұжымының оған деген қарым-қатынасын өзгертуі. Жазалау әдісін қолдану балаға тәрбиелік ықпал ететін өте нәзік дүние, сондықтан мұғалім оны дұрыс қолдана білгені жөн. Кез келген жазалау формасын қолдану үшін тәрбиеші қоғамдық тәртіптің не үшін бұзылғанын, оның себеп-салдарын, туындау жағдайын тексеруі қажет. Жазалау ұжымның қоғамдық пікіріне сәйкесуі тиіс.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу мадақтау мен жазалау жүйесіне негізделеді. Мадақтау психологиялық ерекшеліктің ұнамды қасиетінің дамуына ынталандырса, ал, жазалау теріс қылықтың шығуына кедергі болады. Егер тәжірбие жүзінде тек қана мадақтау қолданылып, жазалау қолданылмаса, онда баланың бойында сапалы, ұнамды қасиеттермен қатар, теріс қылықтар дамиды. Егер де керісінше оқу-тәрбие үдерісінде тек жазалау ғана қолданылса мұндай жағдай балалардың теріс қасиеттерінің шығуына жол бермеуі де мүмкін. Сонымен бірге ұнамды, сапалы қасиеттердің дамуына кедергі келтіреді. Мадақтау мен жазалауды бір-бірімен байланыстыра білсе ең қолайлы мотивацияны қамтамасыз етіп, ұнамды қасиеттердің дамуына жағдай тудырады, ал, бір жағынан теріс қылықтардың тууына кедергі жасайды. Ұстаз шәкәрттің теріс істері мен қылықтарын дер кезінде көре біліп, ретгі жерінде оған түрлі жазалау шараларын да қолданып отырғаны дұрыс. Жазалаудағы **негізгі мақсат** – теріс жолға түскен баланы қайтадан жақсы қасиеттерге бой ұсындыру. Мұның мәні де осында. Жазалауды да мадақтау сияқты аса ептілік, ерекше байсалдылықпен пайдалану қажет. Тіпті төменгі сынып оқушыларының да өздерінің тәртіпсіз істерінен ұялатын, жапа шегіп, қапаланатын кездері болады.

Адамның кінәсі үшін әділ жазалау кісіні қатты ойландырып, бұл оның мінез-құлқын түзете бастауға себепші болады.

Шәкірт нақты кінәсіне сәйкес жазаланғанда ғана босқа зәбірленбей, қолайлы көңіл-күйіді басынан кешіреді. Егер ол теріс жазғырылса бұл оның тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Егер мұндай жағдай қайталана берсе ол әділеттік, шындық деген ұғымға жөнді мән бермейтін, тіпті пысықырып та қарамайтын болады. Орынсыз жаза оны ашушаң, ызакор, кекшіл, қасарыспа не қорқақ, жігерсіз, әр нәрсеге селсоқ қарайтын күйге түсіруі де мүмкін. Кейде оқушыны көре-тұра оны жазаламаудың да кесір - кесапаты аз болмайды. Шәкірт оқыс қылықтарды әдейі жасамай, оны балалығымен, білместік, аңғарымсыздығынан да жасайды. Ал, енді бір оқушы мұны орынсыз батылдығы мен сотқарлығына, қасарыспалығына қарай істейді. Мәселен, бала терезенің желдеткішін ашамын деп оның әйнегін сындырып алса, екінші бала оны жолдасымен алысып жүріп сындырады. бұл жерде осы екі балаға бірдей шара қолдануға болмайтыны белгілі. Өйткені, екеуінің кінәсі екі түрлі, сондықтан екеуіне екі түрлі жаза ойлап табу қажет.

Шара қолдану мәселенің түпкі себебін іздеуден басталуы қажет. Өйткені, әр уақытта да себепсіз ештеңе болмайды. Сондай-ақ, адамның теріс қылықтарын айыптап тиісті жаза қолданып отыру белгілі талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұлардың кейбірі мына төмендегілер:

біріншіден, жазалау әр уақытта әділ, адамның кінәсіне лайықталып берілуі қажет.

екіншіден, жаза әр уақытта оқушы санасында із қалдырып, оны жақсы жолға итермелейтіндей етіп берілетін болсын.

үшіншіден, жаза жеңіл түрден ауырға қарай, әр бұзақылықтың өзіндік ерекшелігіне қарай қолданылуы қажет.

төртіншіден, шәкірттің теріс қылығының ақ-қарасы нақты тексеріліп, оның бұрыннан белгілі ерекшеліктері (білімі, қабілеті, жалпы мінез-құлқы, т.б.) ескертіліп отырылсын.

бесіншіден, мұғалім бұл шараны аса байсалдылықпен, оның жеке басын тәлкек етпейтін (ондай жағдайлар да кездесіп отырады) формада ұйымдастырылғаны абзал.

Баланың психологиялық дамуына мадақтау, жазалауда ынталандырудың рөлі барлық жағдайда бірдей қажет: мадақтау оң қасиеттердің дамуына әкелсе, ал, жазалау теріс қасиеттерді түзетуде, коррекциялауда қажет. Оқыту және тәрбиелеудің міндетіне қарай тәжірбие жүзінде екеуі де бір-бірімен өзгеріп отыру керек. Егер оқу-тәрбие жұмысында жігер-күш жұмсау қажет болса, белгілі құрылымға сапалы жеке ұнамды қасиеттер көрінсе, жаңа білім, дағды, икемді қалыптырса онда мадақтау көрсетіп, жазалауды қолданбау керек. Шәкірт тәрбиесінде кісінің қол жеткен табыстарын уақытында көре біліп, оны ретімен мадақтаудың да маңызы зор. Мұның ең қарапайым түрі - мақұлдау. Егер шәкірттің іс-әрекеті әркез мақұлданып отырса, ол еңбек етуге онан сайын ынталана түседі. Мәселен, «Бәрекелді», «Дұрыс», «Жақсы», «Тамаша», «Мынауыңнан нәтиже шығады», «Ғажап!», «Мен күткенен де жақсы», т.б. осы

секілді сөздер оның жігеріне жігер қосып, үлкен демеу болады. Оқушының әрбір ісіне әділ баға беріп отыру ұстаздың беделін онан сайын арттыра түседі. Егер, керісінше, жағымсыз қасиеттері оны түзеу міндетімен байланысып, егер бала өзін-өзі түзетпесе және өзінің теріс қылығын сезінбесе, сонымен қатар келіспеушілік тудырса, онда жазалауды қолдану ең тиімді шешім болып табылады. Бірақта өзін төмен бағалау, баланың өзіне-өзі сенімсіздігі кезінде мадақтауды ынталандыру жүйесінде тиімді қолдана білу керек. Өзін жоғары бағалаушылық кезінде өзін-өзі сенімді болған жағдайда керісінше жазалауды қолдану керек.

Сонымен мақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды талап етеді. Ең алдымен мадақтаудың психологиялық тарапы маңызды келеді.

Мадақтау әдісі мына жағдайда нәтиже береді:

1. Балалардың мадақтау алуға іштей сенімді талпыныстары болуы.
2. Мақтау арқылы тәрбиелеушіні ұжымның қалған мүшелеріне қарсы қоймау.
3. Мадақтаудың қылық-ісіне сай болуы.
4. Мадақтау арқылы оқушыға жекелей шешім табуды үйрету.
5. Мадақтаудың шыңдыққа негізделуі.

Осылайша тәрбиеленушінің іс-әрекетіне қойылған жақсы бағаны мақтау деуге болады.

Баға – педагогикалық ынталандыру. Мадақтау мен жазалау – бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттер. Жақсы баға мадақтау болса, ал, төмен баға – жазалау болып келеді. Негізінен бағаның маңызы, ынталандырудың маңызы әрқандай ынталандырудың күші болып саналмайды. Бағаның ылғи жоғары болуы ынталандырудың күшін жояды. Мысалы: ең жақсы ынталандыру болып және табысқа жету көрсеткіші болып «4» бағасы саналады, ал, «5», «3», «2» немесе «1» бағалары табыс көзі болып есептелмейді. Осылайша бестік бағасын алған оқушы әрі қарай оқуда жетістікке жету деңгейін жоғалтады. Себебі, «5» баллдық жүйе бойынша «5» болғандықтан одан жоғары баға алу мүмкіндігі жоқтығын сезген оқушы оқуға деген қызығушылығы мен табысқа жету деңгейі төмендейді. Ал, егер оқушы «4» бағасын алса, онда оның бойында ең жоғары бағаны алып одан әрі қарай табысқа жетуіне мүмкіндік барына көзі жетеді. Мысалы, оқушы білімін ең төменгі «1» бағасымен бағаласа оқушының оқу үлгерімі төмендеп нәтижеге тырысу деңгейі жоғалады. Себебі, бұл бағаны жойып «5» бағасын өте қиынға соғады. Әдетте мұғалімдер «қанағаттанарлық» деңгейінде оқыған оқушыға жоғары баға қоймайды. Үштік бағасы оқушының үздік оқуына, оқу үлгерімін жақсартуға өте қолайлы. Оқушының белгілі бір пәннен бес баллдық жүйенің ең жоғарғы немесе ең төменгі бағаман білімі бағаланып отырса ең тиімді жағдай болып есептеледі. Егер оқушы негізінен «3» немесе «4» бағасымен бағаланса, онда оған ынталандыру күші болып «4» және «3» бағалары саналады да «4» пен «5» алуға тырысады. «2» және «3» бағалары баланың көңіл күйін түсіріп, жағымсыз күй тудырып ол бағаларды түзетуге деген ықыласы болмай, немқұрайлылық тудырады.

Әркез ұнамды теріс ынталандыруларды жиі қолдану немесе балаларды ынталандыру рөлінің маңыздылығын жоққа шығарады. Мысалы: мадақтаулар мен ең жоғары бағаны шектен тыс жиі қолдану балаға ешқандай талпыныс пен күш бермейді де, алдыңғыдай әсер тудырмағандықтан өз маңызы мен мәнін жоғалтады. Бір жағынан ылғи ең төмен баға алған оқушы эмоциялық күйзеліске ұшырамайды. Себебі бұрынғыдай әсер етпейді. Уақыт өте келе оң және теріс ынталандыруды өзгертуге тура келеді. Олардың сақталуы мен дұрыс мән беруіне тірек боларлықтай түрлендіру.

Оқытушыларды оқыту және тәрбиелеу кезінде ынталандырудың кешенді мінезін іс-әрекетте қолдану қажет. Өртүрлі әсер еткіш жүйелерді енгізу, бірақ барлығын бір сәтте қолдану шарт емес. Бірақ қайсібірі оқушыға дәл сол кезде қажет болып тұрған жағдайда қолдануға болады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім алушының өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауының маңызы қандай?
2. Бағалаудың басты мақсаты қандай?
3. Оқыту және тәрбиелеудегі мадақтау мен жазалау жүйесінің маңызы неде?
4. Мадақтау мен жазалаудың қандай әдістері бар?
5. Оқу-тәрбие үдерісіндегі ынталандыру әдістеріне сипаттама беріңіз.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢАША ТӘСІЛДЕРІ, ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі талап етіледі.

Білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауы т.б. қадағалап, балалармен жеке - дара

жұмыстар жүргізеді. Оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне еңгізудің маңызы ерекше.

Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келген. Ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Педагогикалық жаңа технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылып нәтиже беретін оқушылардың қызмет нәтижесін бағалаудың педагогикалық жүйесінің жобасы.

Бағалау дегеніміз – керекті мәліметтер жинап, сол мәліметтер арқылы оқушының жетістігін бағалап, оқу бағдарламасының нұсқаулық құрамдас бөліктерін бағыттау үшін қолданылатын әдіс.

Портфолио арқылы бағалау

Бағалаудың бір түрі – портфолио арқылы тексеру. Мұндағы мақсат – оқушының портфелінен сын тұрғысынан ойлай алатынын дәлелдейтін жұмыстарды көру. Бағалау портфолиосы – уақыт арасындағы баланың жетістігінің ілгерілегендігін көрсететін жұмыстарының жиынтығы. Осы портфолио ішіне салынатын жұмыс үлгілерін таңдау үдерісіне мұғалім де, оқушыда қатысқаны дұрыс. Бағалау портфолиосы төмендегі түсініктердің басын қосыуы тиіс:

- бағалау баланың білімін, түсінігін және сенімділігін арттыруға себін тигізуі тиіс

-бағалау өте маңызды мақсаттарға бағыттталып, әртүрлі ақпарат ресурстарына арқа сүйенуі тиіс

-бағалау бала дамуын қамтамасыз ететін, сәйкес нұсқау тәжірибелерін ұсынып, қолдауы тиіс

-ата-аналар мен оқушылар бағалау үдерісінде ең маңызды серіктес болып келеді.

Бағалаудың мақсаты – оқушыларға өз-өздерін бағалауға мүмкіндік беру, басты бағыты – білім алушының тәуелсіз болуына мүмкіндік беру.

Сонымен қатар дәлме-дәл бағалаудың маңызды бөлімі баланың әсерін ескеру болып саналады. Портфолио түрінде бағалау - ол оқушының жасаған жұмыстарының жиынтығына негізделген бала икемділігін бағалау әдісі. Мұның қаншалықты пайдалы әрі ұтымды екендігі сынып мұғалімінің тәжірибесіне және мүмкіндігіне байланысты болады.

Портфолионың қызмет ету мақсаттары:

- нұсқау беру мен бағалаудың біріктірілуі;

- баланың жетістіктерімен сыныпта қолданылатын әр қилы жаттығулар туралы мәліметті оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға және де басқа шешім қабылдайтын адамдарға жеткізу;

- балаларға өздерінің жұмыстарына баға беруге мүмкіндік туғызу

- баланың жалпы жұмысын жан-жақты бағалауға негіз құру.

Балалар үшін білім алу туралы шешім қабылдау және оларды нақты бағалау – өте маңызды мәселе. Мұғалімдердің балаларды оқып отырғанда, жазып отырғанда, бір-бірімен араласқанда, дамуға бағытталған оқу бағдарламасы барысындағы түрлі жаттығуларға қатысып жатқанын бақылауы, әр бала туралы мәлімет жинауға мүмкіндік береді. Баланың мүмкіндігі мен жетістіктерін сенімді, әділ бағалау үшін бағалау үдерісі терең зейінмен сыныпта жасалған жаттығуларда үздіксіз жүргізілуі тиіс.

Қай уақытта болмасын бағалау жүйесін жасау өзекті мәселе болып келеді. Оқу мотивацияларындағы бұрмалаушылықтан оқушы жетістігінің динамикасын қадағалаудың объективтілігіне деген күдіктен, оқушының мұғаліммен, ата-анамен, өзімен өзінің қарым-қатынасының бұрмалауынан баланың жүйке жүйесінің жұқаруынан және мазасыздануынан жиі байқалатын бес баллдық бағаның зиян келтіретін нәтижесін болдырмау үшін оқушы жетістігін бағалауда жаңаша жолдар іздестірілуде.

Өзін-өзі бағалаудың басты мазмұнына өз әрекетін реттеу және жөндеуде тұлғаның белсенді қатысуы жатады. Оқушы белсенділігін оятумен бірге, оқушыны өзіндік бағалауды қажетсінуге баулу, өзін-өзі бағалауға бейімдеу және қалыптастыру қажет. Өзіндік бағалау білімді игерудің ғана емес, алған білімді пайдалана білу тұрғысынан да білім алудың процессуалдық қырының жетілуіне жағдай туғызады. Бұл жерде оқушы бұрынғы тәжірибелеріне сүйеніп оқуды әрі қарай нәтижелі жалғастыруға мүмкіндік беретін білім деңгейіне қойылатын талаптарды басшылыққа алып отырады. Өзін-өзі бағалау оқушының оқу танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі оқу-танымдық әрекет кезінде оқушы өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады.

Өзін-өзі бағалау бойынша оқушылар жұмысының психологиялық мағынасы жөнінде ХХІ ғасырда француз философы Мишель Монтень жасаған тұжырым бойынша «Кез-келген адам қандай да бір істі атқарудан бұрын ол алдымен өзінің кім және не нәрсеге бейім екенін білу қажет», – деген. Ал оқушы өзінің білім шекарасының қайдан өтетінін біле бермейді. Өзінің нақты нені білмейтінін біліп алмай, нені білу керектігін түсінбейді және оны білу үшін ұмтылмайды да.

Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – баланы өзіне баға беруге дағдыландыру үшін оған бағалау өлшемдерін түсіндіру.

Білім, іскерлік, дағдыларды бақылау және бағалау жұмыстары:

• тексеру және бағалаудың пайдасын көрсететін жағдаяттар жасау;

• «Үйге не берілді?» деген сұраққа жауап алуға уақыт кетірмеу;

• жақсы көңіл-күйге бөлеу;

• оқушының жауапты ойланып беруіне уақыт бөлу;

• оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау, мадақтау;

- жауапты соңына дейін тыңдау, талдау және ескертулерді кейін жасау;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру (жай, темперамент, тіл кемістігі);
- жеке тапсырмалар беру;
- оқушы өзін еркін сезетін жағдай жасау;
- оқушының жауабын талдау, жеке тұлғасын сынамау;
- оқушылар бағасын көтергісі келсе, оларға талсырманы қайта беру;
- жауап бергенде, тапсырманы орындағанда тірек сызбаларды қолдануға рұқсат беру;
- бақылау және тексеру әдістерін түрлендіріп отыру;
- тестілік бақылауды жиі қолдану.

Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға – бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім сапасы қалай жүзеге асады?
2. Білім сапасын арттырудың негізгі белгілері қандай?
3. Портфолио арқылы бағалаудың маңызы қандай?
4. Өз әрекетін реттеу мен жөндеудің тұлғаға әсері қандай?
5. Өзіне баға беруге дағдыландырудағы мұғалімнің негізгі міндеті қандай?

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі білім беру парадигмасының өзгеруі мұғалімнің балаға дайын білім беруінен алшақтап, оқушыдан өз бетімен білім алуға үйрену талап етіледі. Шәкірт өз бетімен білім алып қана қоймай, оны өмірде іске асыра білуі қажет.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Тұлғаға бағытталған оқытуда (қалыптастырушы) формативті бағалау басқаша көрінеді: ол оқу қызметінің нәтижесі ғана емес, оқушыларды оқыту үрдісін жақсарту болып табылады. Әр оқушының жекешеленген нәтижелері бағаланады. Бағалаудың жаңа әдістері оқушының танымдық және мұғалімнің білім беру қызметіне оңтайлы өзгерістер әкелуде.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау – оқыту үрдісіне алғашқы кезендердегі өзгеріс енгізетін мақсаттағы бағалау. Одан басқа формативті бағалау мұғаліммен бірге оқушыларға өздік дамуын қадағалауға және келешек қызметін жоспарлауға мүмкіндік береді. Яғни, формативті бағалау дегеніміз – оқушыны жетістікке жетелеу. Ол бағалаудың әртүрлі мақсатын көздейді. Сол себептен ол бағалаушыға түсінікті, тиімді, маңызды болғаны талап етіледі.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау оқыту үшін бағалау, сезім, символ арқылы беріледі, ынталандырушы жетелеуші, қалыптастырушы, критерий айқындау арқылы және баға қойылмайды, сөзбен беріледі. Суммативті бағалау: оқуды бағалау, жиынтық бағалау, санмен қойылады және мониторинг жүргізіледі. Ұқсастығы бағалауы мақсат айқындалады және нәтижесі шығарылады. Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі – оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады. Формативті бағалаудың келесі бір әдістері бақылау, тест, үш минуттық эссе жазғызуға және жекеше тапсырмалар беруге байланысты болып келеді. Бұл жұмыстың мақсаты – оқушылардың белгілі бір тақырып төңірегіндегі білім деңгейін тереңдете түсу.

Мысалы: ұстаз оқушыларға «Үш минуттық эссе» жазуларын ұсынады. Ұстаз төмендегі берілген тақырып бойынша сұрақтардың бірін жазып немесе оқып береді.

1) Сіздіңше, бүгінгі оқып білгеніңіздің ішіндегі сіз үшін ең маңыздысы не болды?

2) Қай сұрақ есіңізде қалды?

3) Сіз үшін қиындық тудырған сұрақ қандай?

Оқушылар жазбаларын жазып болған соң, мұғалім олардың қаншалықты тақырыпты меңгергенін білу мақсатында тексереді. Ал түсінбеген жерлерін қосымша есеп, әдіс, мысал арқылы қайталап түсіндіреді.

Сабак соңында мұғалім қатысушыларға сұрақтарға жауап жазуын ұсынады:

1) Сіз үшін ең қиыны және ең түсініксізі не болды?

2) Қай жаттығуды орындау барысында сіз қиналдыңыз? Бұл неліктен деп ойлайсыз?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын жинап алып олармен танысып, келесі сабаққа содан шыққан мәселелерді шешуге қарай ыңғайланады. Мұғалім аралық тексеру жүргізу үшін қысқа тесттер дайындайды. Бұл бақылауды бағалау уақыты сабақтың 3-5 минутын ғана алады. Келесі формативті бағалаудың әдістері ұстаз оқушының өз жұмысын жақсарту мақсатында қолданылады.

Формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді әзірлеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек.

Қазіргі таңда әрбір мұғалімнің жеке жетістіктерін серіктесімен салыстырмай, оқудың нәтижесін әкімшілік қорытындысы ретінде қарастырмай, мектеп тәжірибесіне формативті бағалау тәсілдерін енгізу міндеті маңызды мәселенің бірі болып тұр. Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып

аталатындығы - бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға және өзіндік орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталғаны. Мұғалім бұл бағалау әрекеті арқылы пәнді меңгерудің мақсатын нақты анықтай алады. Оқушының өткен тақырыптарды біртұтас, үйлесімді сурет түрінде елестетуіне, нәтижені бақылаудың сәйкес тәсілдерін өзі анықтай білуіне, жоғары деңгейге жетуге ынталануына ықпал ете алады. Формативті бағалаудың мақсаты - оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім-оқушы арасында кері байланысты орнату.

Ресей ғалымдары И.С.Фишман, Г.Б.Голуб та мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудағы алгоритмін былайша ұсынады: жоспарланған оқу нәтижелерін анықтау; оқушының маңызды оқу нәтижелерін жоспарлау және оған жету әрекетін ұйымдастыру; оқушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне кері байланыс механизмі көмегімен жетуін жүргізу. Осылайша, мұғалімнің оқушылардың белгілі бір оқу нәтижелеріне жетуін қамтамасыз ететін дәстүрлі құралдары әдістемелік нұсқаулардан бөлек бұл тәсіл мынадай дәстүрлі емес ресурстармен де ерекшеленеді. Оқу нәтижелерін жоспарлау ресурстары: біріншіден, оқушының оқу нәтижелерін ой операцияларының күрделілігіне қарай тізбектеп қоюға мүмкіндік беретін талаптар болса; екіншіден, оқушының түйінді құзіреттіліктерді қалыптастыруға берілетін еркін мазмұнды жүзеге асыруға қойылатын талаптар.

Формативті бағалаудың ерекшеліктері – оқушының күнделікті білім сапасы; білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу; «5» баллдық бағалау жүйесінің жақсы қасиеттерін сақтау; оқушыға қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою; оқушының бағалаудан алған эмоционалды негативінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы; бағалаудың объективтілігі, анықтылығы және ашықтығы; өзін-өзі бағалау дағдылары. Формативті бағалауда мұғалім жұмысты қадамдап жоспарлап, табысқа жету алгоритмін құра білуі керек. Сондықтан қадамдап жоспарлау кезінде оқу материалының аралық деңгейін анықтау мақсатында, бағдарламалық материалды қайталауда әрі қорытындылауда формативті бағалау техникасын орынды жоспарлап, қолданған жөн. Формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Формативті бағалау үшін не қажет?

✓ Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек. Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек.

- ✓ Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру;
- ✓ Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы;
- ✓ «Оқу түбі – тоқу» дегендей, оқушы алған білімін қолдана білуі;
- ✓ Сабакты түрлендіру, дамыту, толықтыру;
- ✓ Әртүрлі қалып пен мәнмәтінде қарастыра білу;
- ✓ Оқушылардың өздерін өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі.

Сөйтіп мұғалім әр оқушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оқушылардың жетістіктерін арттыру мен өзінің

оқытуын жетілдіруге мүмкіндік көп. Бағалау үдерісі шынайы және бәріне түсінікті болу үшін бағалау критерийлерін құру керек. Өзінің оқушының мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өз-өзін бағалауды үйрену керек. Формативті бағалауды пайдалану тиімді оқытудың негізі болып табылады. Себебі бағалау оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды.

Қалыптастырушы бағалаудың құрылымы:

- сыныпта мәдени орта құру;
- оқу мақсаттарын тұжырымдау;
- білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану;
- білім алушылардың материалдарды түсінгенін бағалайтын түрлі тәсілдерді қолдану
- анықталған қажеттіліктерге қарай оқу үдерісін бейімдеу және білім алушыларға кері байланыс беру;
- білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыру;
- оқу нәтижесінің айғақтары ретінде пайдаланылатын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдану, сыныпта тиімді талқылау жұмысын жүргізу;
- білім алушыны дамытуға бағытталған кері байланысты ұсыну;
- бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру;
- білім алушыларды өз білімдерін өздері құрастырушы ретінде қалыптасуына мүмкіндік беру;
- білім алушыларды өзара оқыту ресурстары мен дереккөздері ретінде қолдану;
- оқу мәдениетін дамыту;
- білім алушыларды жоспарлау кезеңіне қатыстыру;
- белгілі оқу мақсаттарына қарай білім алушылармен бірге бағалау критерийлерін түрлендіру;
- сабақта талқылау және пікірсайыстарды қолдану;
- білім алушылардан, сыныптастарынан және мұғалімінен тиімді кері байланыс алуға мүмкіндік беру.

Жиынтық бағалау үдерісі. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі. Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы

сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады. Пән бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалауға қатысты бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын құрастыру ұсынылады.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын баллдар қойылады. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың қай сабақта және қандай формада (бақылау жұмысы, тәжірибелік немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сауал, эссе және т.б.) өткізілетінін мұғалім өз бетінше анықтайды. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды мұғалім оқу бағдарламасындағы өтілген материалдың күрделілік деңгейі мен мазмұнын есепке ала отырып, жүзеге асырады. Тапсырмалар оқу мақсаттары, бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес болуы тиіс.

Жалпы алғанда жиынтық бағалау білім алушының оқудағы кемшіліктерін уақытында анықтау және оның алдын алу үшін өткізіледі. Белгілі болғандай, білім алушылардың басым бөлігі өз оқуында түріне, санына, сапасына және т.б. қарай белгілі бір кемшіліктерді жинақтай бастайды және жалғастырады. Егер «кемшілік» сөзінің мағынасына мән беретін болсақ, ол қателік немесе кемшілік, жетіспеушілік дегенді білдіреді (Ушаков, 1940). Өз кезегінде қателік дегеніміз тиісті нәрсені орындамау, жеткіліксіз қарау, ұқыпсыздықтан қателік жіберу, ал кемшілік, жетіспеушілік дегеніміз жетілмеу, ақаулық, олқылық, бір нәрсенің сапасыздығы деп сипатталады. Сондықтан оқудағы кемшіліктердің сипатын қарастыра келіп, кейбір білім алушылардың кемшілік деп танылатын мардымсыз, жөндеуге болатын қателіктері, кейбіреуінде маңызды кемшіліктер, олқылықтар бар деп айтуға болады. Кемшіліктерді анықтау үшін мұғалімдерге сапалы (валидті) тапсырмаларды іріктеуі/құрастыруы, тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісін сабақта әр білім алушының материалды меңгеру деңгейін дер кезінде диагностикалауға мүмкіндік беретіндей жоспарлау қажет. Бұл ретте кемшіліктерді қарастыруға қатысты асығыс шешім қабылдау, ұсыныс беруден аулақ болған дұрыс. Нақты тұжырым тек бір ғана шағын тапсырмаға немесе бір реттік бақылауға негізделмеуі тиіс.

Бағалаудың дәстүрлі жүйесінде мұғалім, білім алушы мен ата-аналарда туындаған таптаурын жағдайларды анықтауда, кемшіліктерді түсінуде сапалық көрсеткішті пайдалануға дағдыланған. Егер мұғалім «5» немесе «4» деген баға қойса – бұл кемшілік жоқ немесе елеусіз ғана қателік деген сөз; «3» деген баға қойса – түзетуге болатын және түзетуді қажет ететін кемшіліктер бар; «2» деген баға қойса – қосымша күшті қажет ететін салмақты қателері бар деген сөз. Мұндай түсінік кейбір мектеп мұғалімдері мен өз балалары тарапынан кемшіліктердің алдын алуға болады дейтін немесе сыртқы көмекке, мысалы, сабақ үйретушіге (репетитор) сүйенуге болады деп түсінетін ата-аналарға жеткілікті, қолайлы болуы мүмкін. Алайда білім алушылар мен мұғалімдер үшін мұндай бағалау тәсілінің пайдасы шамалы.

Жиынтық бағалау үдерісінде оқудағы кемшіліктерді айқындау үшін білім алушының нақты неден қиналатынын анықтау ғана маңызды емес, сондай-ақ, қалай, неге туындағанын анықтау да маңызды. Білім алушылардың оқудағы кемшіліктерінің алдын алу үшін жиынтық бағалау нәтижелеріне қатысты сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру және мұғалім тарапынан (оқыту үдерісіне түзетулер енгізу) да, білім алушы тарапынан (қосымша және/немесе өз бетінше оқу) да білім мен дағдыны толықтыруға бағытталған әрекеттер жасалуы қажет.

Жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі білім алуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс – білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру үлгісін мұғалім өз бетінше анықтайды.

Төменде Блум таксономиясы бойынша бағалау критерийін құрудың үлгісі ұсынылады.

| Блум таксономиясы бойынша ойлау деңгейі | Оқу мақсаттары | Білім, білік, дағды | Сұрау, тапсырмалар | |
|---|----------------------|--|---|-----------------------------------|
| Білу | Терминдерді қайталау | Ақпаратты қайталау немесе тану | Бұл не? | |
| | Тану | | Қашан болды? Қалай жазылады? | |
| | Еске түсіру | | Қайда орналасқан? Қайда болып жатыр? Атап көрсетіңіз. Формуласын жазыңыз. | |
| Түсіну | Интерпретация | Ақпараттық материалдардың мағынасын түсіну, білу | Неге? Салыстыру. Не білдіңіз? Өзара байланысын түсіндіріңіз. | |
| | Трансформация | | Өз сөзімен айту. Сөйлемді түрлендіріңіз. Терминологияны өз сөзіңізбен түсіндіріңіз. Нені білдіреді? Фразаны аяқтаңыз. | |
| | Анықтау | | | Анықтаңыз. Қалай дәлелдей аласыз? |
| | Мысалдар келтіру | | | |
| Қолдану | Мәселені шешу | Қалыпты жағдайда қолдану | Кесте құру. Қолдану мақсатын түсіндіру. Картадан көрсету. Берілген мәселені қандай теориямен түсіндіресіз? Ұсынылған болжамды тексеру. Түйін. | |
| Талдау | Мәнін анықтау | | Арасындағы айырмашылықты көрсетіңіз. Басталғанды | |

| | | | |
|----------------|-----------------------|--|---|
| | Тақырыпша шығару | Бөлімдерін және құрылымын анықтау. Бөлімдерді жаңаша біріктіру | аяқтаңыз. Құрылымы қандай? Жіктеу. Салыстыру. |
| | Мотивация | | Қалай түсіндіре аласыз? Салдары не болып табылады? |
| | | | Себепін түсіндіріңіз. Себепін талдаңыз. |
| Жиықтау | Шығармашылық жұмыс. | Білімді жаңаша біріктіру | Кластер құрастыру. Сызбалар құру. |
| | Жоспар құру | | Алгоритмді ұсыныңыз. |
| | Нәтижесі | | Жүйеленіңіз. Құрылымдалған болжам жасау: егер осылай болса ше? Өз шешіміңізді келтіріңіз. Баламасын табыңыз. Өзгерістер қандай болуы мүмкін. Зерттеңіз. |
| Бағалау | Идея ұсыну. Негіздеу. | Критерийлер негізінде мағынасын бағалау | «Келісемін» және «қарсымын» дәлелдеу. Логиканы бағалау. Критерийлерді ерекшелеу. Сәйкес пе? Ол туралы ойыңыз қандай? Нәтиже шығарыңыз. |

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қалыптастырушы бағалаудың басты белгілері қандай?
2. Ресей ғалымдары ұсынған қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудың алгоритмі қандай?
3. Формативті бағалау не үшін қажет? Формативті бағалаудың мақсаты қандай?
4. Қалыптастырушы бағалаудың құрылымы қандай?
5. Жиынтық бағалау үдерісінің құрылымына не кіреді?
6. Блум таксономиясы және Блум таксономиясының бағалау үдерісіндегі маңызы қандай?
7. Осы тақырыпты Блум таксономиясы бойынша жүйелеп жазыңыз.
8. Қалыптастырушы бағалауда қолдануға болатын сөздер мен сөз тіркестерін құрастырыңыз. Олардың бағалаудағы маңызына сипаттама беріңіз.
9. Дәстүрлі бағалау жүйесі мен қалыптастырушы бағалау жүйесін кесте арқылы салыстырыңыз.
10. Қалыптастырушы бағалаудың білім беру жүйесіндегі маңызы туралы өз тұжырымыңызды жасаңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалау – бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын ала оқушылардың барлығына белгілі, білім жетістіктерін бағалауға негізделген үдеріс.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынаста болу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай ойластырылған.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау сабақтың өнбойында жүзеге асып отырады. Алдымен топтық жұмысты бағалауда өте тиімді. Өйткені топ жұмысын критерийлермен бағалау жұмыстың нәтижелілігіне және оқушылардың өзара бағалау арқылы өз пікірлерін ортаға салып, еркін жеткізуіне алып келеді. Өз пікірін еркін айту, өзгелердің жұмысына өзіндік бағасын беру өмірге бейімділіктерін арттыра берері сөзсіз. Бағалау парағы топқа тапсырмамен бірге ұсынылатын болғандықтан, оқушылар өзге топты бағалар алдында өз тапсырмаларын орындауда сол критерийді басшылыққа алады. Мұндай бағалау кезінде өзін басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігін бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастырады.

Қазіргі таңда білім саласының басты мақсаты құзіретті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. Жас жеткеншектердің өз оқу үдерісін жоспарлап, іс-әрекеттеріне баға беріп, қиындық тудырған мәселелерді шешу жолдарын табу басты орынға ие. Көп жағдайда көптеген мұғалімдер өз тәжірибелерінде 5-баллдық жүйені қолданып келеді. Оқушылардың іс-әрекеті мен білімін тексеретін бұл әдіс объективті түрде оқушының дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жаңаша әдісті қолдану талпынысы жасалынып жатыр. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесінің орны ерекше. Критериалды бағалау жүйесі оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты орнатып, оқу үдерісі барысында қателіктерді дұрыстауға мүмкіндік береді, оқушының оқуға деген ішкі уәжін оятып, дамытатын құрал болып табылады. Критериалды бағалау – нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен оқушылардың оқудағы жетістіктерін салыстыруға негізделген

және оқушылар, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті, білім мазмұнына және мақсатына сәйкес процесс. Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және арақатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама). Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;

- оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

- ата-аналар оқушының оқу жетістіктері бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

- оқушылардың танымдық қабілеттерін, сыни ойлауын, есте сақтауын, оқу-танымдық әрекеттерін орындауға икемдеу;

- оқушылардың оқуға ынталарын арттыру, бағалауға деген теріс, кері ұғымдардың жою, оқу барысында жауаптарды талдау, сараптаудағы белсенділігін арттыру;

- оқушылардың білімдерін жүйелеу, бекіту, тереңдету.

- есте сақтауды бекіте түсу, оқушыларды шыдамды болуға және өзін ұстай білуге үйрету;

- оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы.

Оқу жылының басында ата-аналар мен оқушылар әрбір пәннің бағалау критерийлерімен танысып, хабардар болады. Оқушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

- әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;

- білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;

- оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;

- оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу;

- білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

- оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

- оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)

- оқушының білімін ағымдық және қорытынды бағалау;

- баға сапасын арттыру.

Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

Тәжірибелік маңыздылығы:

✓ жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;

✓ оқушы жұмысы алдын-ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;

✓ бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып-зерделенген материал бойынша ғана қойылады;

✓ өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритмі белгілі болады;

✓ оқушының оқуға және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Сабақ үдерісінде пайдалануға болатын критериалды бағалау үлгісі төмендегідей:

| Критерий | Жетістік деңгейі | Дескрипторлар |
|---------------------------|------------------|---|
| А 6 ұпай | 1 | Тақырып мүлде ашылмаған. Сурет бойынша әңгімелеу толық емес. Мәнерлеп оқу шеберлігі жеткіліксіз. Коммуникативтілігі төмен. |
| | 2 | Тақырып толық ашылмаған. Сурет бойынша әңгімелеу толық емес. Мәнерлеп оқу шеберлігі жеткіліксіз. Коммуникативтілігі төмен. |
| | 3 | Тақырып толық ашылмаған. Сурет бойынша әңгімелеу толық емес. Мәнерлеп оқу шеберлігі төмен. Коммуникативтілігі жеткіліксіз. |
| | 4 | Тақырып ашылған. Сурет бойынша әңгімелеу толық. Мәнерлеп оқу шеберлігі орташа. |
| | 5 | Тақырып ашылған. Сурет бойынша әңгімелеу толық. Мәнерлеп оқу шеберлігі жақсы. Коммуникативтілігі жеткіліксіз. |
| | 6 | Тақырып толық ашылған. Сурет бойынша әңгімелеу толық. Мәнерлеп оқу шеберлігі жақсы. Коммуникативтілігі жақсы. |
| В 6 ұпай | 1 | Туындаған проблеманы мұғалімнің көмегімен ғана анықтай алады. |
| | 2 | Жұмыстың мақсатын мұғалімнің көмегімен ғана бірге қояды. |
| | 3 | Болжамды мұғалімнің көмегімен ғана ұсына алады. |
| | 4 | Өздігінен проблеманы анықтай алады. Жұмыстың мақсатын өздігінен анықтап, көрсете алады. |
| | 5 | Танып-білу, ұғынуға қажетті іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыра алады. |
| | 6 | Орындалған жұмысқа, тәжірибелерге өзіндік талдау жасай алады. |
| С 6 ұпай | 1 | Өз ойын жазбаша жеткізуге ұмтылған. Авторлық ой қорытуы бар. Қазақ тілінің ережелерін сақтауға тырысқан, алайда 6-7 грамматикалық және пунктуациялық қателер бар. |
| | 2 | Өз ойын жазбаша жеткізуге ұмтылған. Авторлық ой қорытуы бар. Дербес көзқарас танытуға әрекет еткен. Қазақ тілінің |

| | |
|---|--|
| | ережелерін сақтауға тырысқан, алайда 4-5 грамматикалық және пунктуациялық қателер бар. |
| 3 | Өз ойын жазбаша жеткізуге ұмтылған. Авторлық ой қорытуы бар. Дербес көзқарас танытуға әрекет еткен. Қазақ тілінің ережелерін сақтауға тырысқан, алайда 3-4 грамматикалық және пунктуациялық қателер бар. |
| 4 | Өз ойын жазбаша жеткізе білген. Авторлық ой қорытуы анық және мазмұны айқын. Дербес көзқарас танытқан. Жазба тілі сауатты болғанымен, грамматикалық және пунктуациялық қателер жіберген. |
| 5 | Өз ойын жазбаша сауатты жеткізе білген. Авторлық ой қорытуы анық және мазмұны айқын. Дербес көзқарас танытқан. Жазба тілі сауатты болғанымен, бір грамматикалық және бір пунктуациялық қате жіберген. |
| 6 | Өз ойын жазбаша сауатты жеткізе білген. Авторлық ой қорытуы анық және мазмұны айқын. Дербес көзқарас танытқан. Қазақ тілінің ережелерін сақтаған. Жазба тілі сауатты. |

Осы критерийлер мен дескрипторлар негізінде ұпай санын мектеп бағасына айналдыру шәкілі төмендегідей:

| Жинаған ұпайы | Баға |
|---------------|------|
| 6 | «5» |
| 5 | «4» |
| 4 | «3» |
| 0-3 | «2» |

Критериалды бағалаудың «мұғалім» – «оқушы» – «ата-ана» үштігі үшін тиімді жақтары:

Мұғалімдерге:

- сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
- өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
- білім беру сапасын арттыруға;
- оқытудың сапасын жақсартуға;
- әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

- өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
- өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
- өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

- шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

- өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
- баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
- мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
- баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы оқушының тұлғалық бағыты белсенді позицияға бағытталады, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткізуге болады, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасы кез келген кезеңде анықталады, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Критерий және критериалды бағалау ұғымы нені білдіреді?
2. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі қандай?
3. Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі қандай?
4. Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері қандай?
5. Критериалды бағалау жүйесінің тәжірибелік маңыздылығы неде?
6. Дескриптор деген не? Оның критериалды бағалау жүйесімен өзара байланысы қандай?
7. Критериалды бағалаудың «мұғалім» – «оқушы» – «ата-ана» үштігі үшін тиімді жақтары қандай?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әркезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру – оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі. Оқушылардың білімі мен білігін тексерудің түрлі формаларының ішінде соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып жүр. Оқыту саласында тест қолдану білімді тексеру әдісін жетілдіруге қосылып отырған үлкен үлес болып есептеледі.

Тест «тәжірибе, тексеру» деген мағыналарды білдіреді. Тест сөйлесім, тілдесім, жазылым әрекеттерінің дәрежесін бақылауға өте тиімді әдіс болып табылады. Қазір әлемде тестік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде білімнің ажырамас бөлігіне айналды. Тестілеу жайлы айтпай

тұрып, алдын-ала оқушы білімін бағалау үшін қолданылатын тестің не екенін білу керек.

Педагогикалық тест дегеніміз - біртіндеп күрделенетін, жеке адамның педагогті қызықтыратын білімі мен басқа да қасиеттерін түпкілікті түрде сенімді бағалай алатын, бір-бірімен тығыз байланысты тапсырмалар жиынтығы. Педагогикалық тест ұғымын ашу – тестің тапсырмасы, күрделілік деңгейі, сенімділігі және біліктілігі ұғымдарымен танысуды қажет етеді. Әртүрлі тапсырмалар арқылы білім мен қабілеттілікті тексеру тарихы төрт мың жылға созылады екен. Ежелгі Вавилон, Қытай, Греция, Спарта және басқа халықтар талапкерлерді таңдау мақсатымен көптеген сынақтар жүргізген.

Еуропа елдерінде «Ақыл-тест» ұғымы алғаш рет психологиялық әдебиетте 1890 жылы американдық Д.Кэттелдің мақаласында айтылған. Оның пікірінше, тест – ғылыми сынақ өткізу үшін қолданылатын құрал. Қойылатын талаптар:

- барлық сыналушыларға шарт бірдей;
- шамамен тестілеу уақытын шектеу;
- тестілеу кезінде сырт көздің болмауы;
- құрал-жабдықтардың қажетті деңгейдегі сапалылығы;
- бәріне бірдей нұсқау беру;

-тестілеу нәтижелерін статистикалық өңдеуден өткізу мүмкіндігі.

Тестілеу теориясы мен практикасы тестер мен сыналушыларға арнаулы ережелер бойынша қарым-қатынасты қалыптастырып, олардың мәртебесінің кемуі мәселесін сол жеке адамның пайдасына шешуге мүмкіндік береді.

Шет елдерде бұл жұмыс басқаша сипатталады. АҚШ-та, мысалы, тест жұмысын жетілдіру және қолданумен бірге оны үнемі сынға алу да тоқталмайды. Бұл елдің 90 пайыз тұрғындары өз өмірінде кемінде бір рет тестілеуден өткен. Әр жыл сайын оқушылардың білімі мен қабілеттілігі шамамен 400 тест компаниялар шығарған 48 миллион тест бланкілердің көмегімен тексеріледі. Жыл сайын жоғары және орта оқу орындары студенттерінің интеллектуалдық қабілеттері мен білімдері тексеруден өтеді. Осы тексерудің нәтижесінен оқу орнының мәртебесі көрінеді. АҚШ-та педагогикалық тестілеу қызметі жұмыс жасайды. Ол жастардың жоғарғы оқу орнында оқу жарамдылығын тексеретін тестілер жүйесін, яғни америкалық колледж бағдарламасының тестілерін және жеке пәндер бойынша білім тереңдігін анықтау тестілерін жасаған.

Қазақстан Республикасында 1998 жылдан бастап жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде талапкердің білімін бағалауда және мемлекеттік білім гранты мен мемлекеттік білім кредиттерін беру мәселелерінде әділдікті барынша сақтау үшін кешендік тестілеу технологиясы қолданыла бастады. Ал, 2004 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу жалпы орта білім беретін ұйымдары бітірушілердің қорытынды мемлекеттік аттестаталуын және колледждер мен жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын біріктіріп өткізуді көздейтін, білім ұйымдарына тәуелсіз жалпы орта білім сапасын бағалайтын, жаңа технологияларға негізделген мемлекеттік жүйе – кешендік тестілеу технологиясы енгізіліп отыр. Кешендік тестілеу технологиясының атқаратын міндеттері:

- ✓ білім беру сапасын басқару жолдарын күшейту;
- ✓ жалпы орта білім сапасын бірыңғай өлшеуіш материалдардың көмегімен мемлекеттік бақылау;

✓ білім беру сапасын бағалаудың әділдігі мен сенімділігін арттыру.

ҰБТ-ның енгізілуі білім беру ұйымдарының қызметін әділ бағалауға, олардың нақты рейтингісін анықтауға, оқушылардың оқуда жақсы нәтижеге жетсем деген қызығушылығын туғызады.

Тестік тапсырмалар арқылы жеке оқушыда қалыптасқан және жалпы білім ұйымының берген білім сапасы тексеріледі. Сондықтан ең алдымен «білім дегеніміз не?» — деген сұраққа жауап алуымыз керек. Пифагор: «мейірімділік біліммен байланысты, білімді адам қайырымды болады, білімнің жоқтығы жаман істер істеуге жетелейді» деген. Ал білімнің мағынасы туралы алғаш рет Сократ «білім – ақиқаттық өнер» деп қарастырған. Білім ұғымына қазіргі философиялық энциклопедиялық сөздікке мынадай анықтама беріледі: білім – ол қоғамдық-тарихи практикамен тексерілген және адам санасында ұғымдар, теориялар, түсініктер түрінде қалыптасатын, логикамен куәландырылған ақиқатты тану үдерісінің нәтижесі. Оқытудың ақпараттық жүйесі шеңберінде білім - белгілі бір пән бойынша берілген ақпарат. Айтылатын сөйлемдер, талдаулар стандартты түрге келтіріледі. Сондықтан білім сапасын бағалау – оқу пәнінің мазмұнына ғана емес, тест мазмұнының білімнің мына элементтерін: беріктігін, толықтығын, тереңдігін, икемділігін, нақтылығын, жалпылығын және шапшаңдығын бағалауға мүмкіндік болатындай берілуіне байланысты.

Тест – ағылшын сөзі (test) аударғанда «байқау, бақылау, зерттеу» деген сөз. Педагогика тарихында тест пайдалану 130 жылдан артық уақыты қамтиды. Ең алдымен, педагогикалық тесті 1964 жылы Джордж Филлер қарастырып, оны Гринвич госпиталіндегі мектепте пайдаланған. Кейбір мамандар білімді тест түрінде тексеруде америка психолог-педагогі С.Пресси мен оның қызметкерлері шығарған де есептейді. С.Пресси оқу жылында оқушының білімін тексеруге мың сағаттан астам уақыт қажеттігін есептеген. Сондықтан ол алдына оқушы білімін бағалауға жіберілетін уақытты қысқартуды мақсат етіп қойды. Бұл мәселені шешуде тест тапсырмалары бар бағдарламамен жұмыс істейтін қарапайым технологиялық құрылымдар шығаруға болады. Содан бері мектептегі үлгерімді тест бойынша тексеру Америка штаты, Франция, Англия, Жапония, Дания, Канада, Австралия, Израиль және т.б. елдерде кеңінен тарай бастады.

Тестің мақсаты – адамның белгілі бір сапасы мен дағдыларын бағалау. Тестің сұрақтары мен тапсырмалары сөздік (вербалды) және көрнекі (вербалды емес, мысалы суреттермен) формаларда берілуі мүмкін.

Қазіргі уақытта тестік формадағы тапсырмалар жүйесі құрастырылып, басылымдарға шығуда. Ерекше көңіл бөлетін тапсырмалар – бірнеше дұрыс жауапты таңдауға болатын тапсырмалар. Білімді бақылауда бұл тапсырмалар технологиялық, ғылыми жағынан негізделген. Оқушылардың білімі мен қабілеттілігін анықтауда білім тереңдігін, нақтылығы мен толықтығын бағалауға мүмкіндік береді. Жаңа үлгідегі тестік формалар білім беру үрдісін

жақсартуға, жаңа оқулықтар мен бағдарламаларды шығарғанда, сонымен бірге мектеп бітірушілерді қорытынды бақылауда қажет болып отыр.

Білімді классификациялау жүйелерін жалпылай, жинақтай отырып, Ресейдің тест теориясы саласындағы әдіскер-ғалымы В.С.Аванесов білімді классификациялаудың жаңа түрін ұсынады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор В.С.Аванесовтың пікірінше, тест тапсырмаларының төрт түрі бар, ал қалғандары осыларды араластырудан туады не осы формалардың бір нұсқасы болып табылады. Әрбір педагог өзі оқытатын пәннің мазмұнын түгел қамтитындай тест тапсырмаларын құруды практикалық түрде игере алмай келеді, оның ешқандай оқуы жоқ деп ойлайды, сол себепті әркім тапсырманы еркін түрде өзінше құрады. Оны көбіне тест деп айту қиын. Тестологияның негізгі қағидалары мен ережелері бар. Тест тапсырмаларын құру кезінде соларға сүйену керек. Тест тапсырмаларын құру шығармашылық ой құрылым мен мазмұны сәйкес келуін, логикалық құрылымның дұрыс болуын талап етеді. Тест үлгісіндегі тапсырмалар – педагогикалық өлшемдердің негізгі ұғымы болады. Төменде көрсетілген талаптарға сай педагогикалық құрал ретінде анықталады:

- мақсаты болуы;
- технологиялық;
- қысқа, жинақы түрде болуы;
- ойдың логикалық құрылымы дұрыс;
- жауаптарды бағалаудың теңдігі;
- жауаптардың анықталған орны болуы.

МАҚСАТ. Берілген тапсырма белгілі мақсатпен құрылады, басқаша айтқанда әр тапсырманың міндеті, сипаттамасы болады. Мысалы, үлгерімі нашар оқушыларға не үздік оқытындарға, интеллектуалды жағынан қабілеттілерге немесе дарынды оқушыларға арналып құрылған, өздік жұмысына, дайындық деңгейін компьютер арқылы тексеру, аттестациялау үшін құрылған тест тапсырмаларын атауға болады. Педагогикалық тапсырмалар оқытушы, үйретуші әрі бақылаушы функцияларын атқарады. Белгілі бір біліктілік дағдыны қалыптастырып, өзін-өзі дамыту мақсатында оқытушы тапсырмалар қолданылса, керісінше білім сапасын анықтау үшін оқу жылының соңында мектеп аралық бақылауда тест тапсырмалары беріледі.

ҚЫСҚАЛЫҒЫ. Тапсырманың мазмұны жағынан жинақы болуы әр сөз, символ-таңбаларды, графиктерді мұқият таңдау арқылы іске асырылады. Тапсырмада мағынасы түсініксіз, сирек кездесетін сөздер, сөз тіркестерінің болмауы, сөздердің қайталанбауы қажет. Бір ғана ойды не мағынаны білдіретін қысқа тұжырым түрінде болуды талап етеді.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҒЫ – қазіргі уақытта қойылатын талаптардың бірі. Тестілеу үрдісінде техникалық құралдарды қолдану арқылы нақты, үнемді, әрі шапшаң, әрі объективті түрде жүргізілуін технологиялығы деп айтады. Сыналушыға тапсырманың түсінікті тілде жазылуы, компьютерге енгізу мүмкін болуы — технологиялық түрі деп аталады.

ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ФОРМАСЫ – тест мазмұнын реттеу және дәйекті түрге келтіру. Белгілі оқу пәнінен өз білімін көрсетуге

бағытталған нақты ойды білдіру құралы. Оқу сұрақтары мазмұны шұбаланды, көпсөзді болады, сондықтан сұрақтар логикалық формамен ауыстырылады. Егер тапсырмаға бір дұрыс жауап таңдау берілсе, яғни олардың біреуі дұрыс та, қалғандары қате болса, ондай тапсырмаларды бір дұрыс жауапты таңдау тапсырмалары деп атайды. Бұл тапсырмаларға міндетті түрде «Дұрыс жауап нөмірін дөңгелектеніз» деген нұсқау беріледі. Тұжырымдаманың логикалық формасы Аристотельдің үшінші терістеу заңына негізделген, сондықтан «дұрыс жауап жоқ» немесе «барлық жауаптар дұрыс», «басқа жауап» деген жауаптар қоюға тыйым салынады.

Тестік жүйенің басты мақсаттары:

- өтілген тақырыптардан, модульдерден алған білімдерінен олқылықтар кеткен оқушылармен жеке-дара қосымша жұмыс жасап, көмек беру;
- оқушылардың білім алуда іскерлік қабілеттерін, ой-өрісін дамытуды көздеу;
- оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, саралау;
- білім беруде бағдарлама сапасын, оқыту мақсатын зерттеу;
- бақылау барысында кемшіліктерді анықтап, оларды жоюға жол іздеу;
- өтілген тақырыптар бойынша қайталау, еске сақтау қабілеттерін арттыру;
- оқушылардың білімін саралай отырып, сыныптағы оқушылардың жетістіктерін салыстыру;
- оқушылардың білім деңгейін мемлекеттік стандартқа лайықтау және салыстыру;
- оқушылардың арасынан дарынды, білімділерін анықтап, оларға қосымша тапсымалар беріп, шығармашылық деңгейге көтеру.

Тестік бақылаудың тиімділігі:

1. Өтілген тақырыптар, модульдерді тексеру барысында оқу үдерісінің уақыты үнемделеді;
2. Тест алу оқушының белсенді, қисынды ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасайды;
3. Әр оқушыға жекелей тапсырмалар беріліп, жеке тұлға мәселесі жоғары қойылады;
4. Оқушылардың білімін бағалау, қабілетін анықтау мүмкіндегі артады;
5. Бұл жүйе оқушыларды шапшаң қимылдап, тез шешімге келуге машықтандырады;
6. Тест барысында әр сұраққа дұрыс, нақты жауап іздеуде оқушылар ұшқырлыққа, ептілікке, жинақылыққа дағдыланады;
7. Тест жүйесі аз уақыт аралығында барлық оқушылардың білім сапасын анықтауға өте қолайлы;
8. Бұл жүйемен білім сапасын анықтауға бірыңғай талап қойылады әрі стандартқа сәйкестілігі анықталады;
9. Тындалым әрекетінің қаншалықты дәрежеде меңгерілгенін, түсінген-түсінбегенін анықтау үшін де өте қолайлы болып саналады;
10. Тест жүйесі пәнаралық байланысты да толық қамтып, оқушының әр саладан хабардар болуына өз септігін тигізеді.

Тесттік жүйедегі сақталатын шарттар:

1. Жалпыға ортақ емес, әрбір оқушыға деңгейіне байланысты тапсырмалар жазылған жеке қағаздар дайындау қажет;
2. Әрбір тест түрінде 3-5 жауап қарастырылуы керек;
3. Тест сұрақтары түсінікті, жауаптары қатесіз берілуі тиіс;
4. Тест тапсырмалары бір модуль немесе бір тақырып көлемінде бағдарламаға сәйкес жүргізілуі қажет;
5. Тест тапсырмасын орындауға уақыт тест көлеміне, күрделілігіне сай берілуі тиіс;
6. Тест тапсырмаларында оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы қатаң ескерілуі қажет.

Белгілі ғалым, педагогика ғылымының докторы Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде тестің төмендегі түрлерін атап көрсеткен. Олар:

1. Баламалық тест
2. Таңдамалық тест
3. Қосымшалық тест
4. Жұмбақтық тест
5. Толықтырмалық тест
6. Өлшемдік тест

Баламалық тест – жауаптың үлгілері «иә-жоқ», «дұрыс-бұрыс» түрінде беріледі де, оқушы осылардың біреуін ғана тандап алады. Мысалы,

Қазақстан жалауының түсі көк (Иә, жоқ)

Таңдамалық тестте бір сұраққа бірнеше (3-5) жауап беріліп, оның біреуі дұрыс болып, оқушы ең дұрысын тауып, дәлдеп алуы керек.

1. Мектепте кім білім алатынын көрсетіңіз.

- а) құрылысшы
- ә) суретші
- б) оқушы
- в) дүкенші
- г) кітапханашы

Қосымшалық тест – «қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін оқушы меңгерді ме әлде жоқ па» деген сұраққа жауап іздегенде қолданылатын тест түрі. Сөздер, сөйлемдер беріліп, оның сыртында нөмірленген бірнеше жұрнақтар, жалғаулар тізбегі көрсетіледі. Сөйлемдегі қай сөздің қосымшасы түсіп қалған (көп нүктенің орнына, т.б.) соны оқушы нөмірлеп тауып, цифрмен белгілейді. Бұл тест түрінде мақалдары да ұтымды пайдалануға болады.

Сұраулық шылауларды дұрыс қойыңыз.

1. көйлек...? 1) ма?
2. сәбіз...? 2) ме?
3. тақта...? 3) ба?
4. доп...? 4) бе?
5. дәптер...? 5) па?
6. қарбыз...? 6) пе?

Мақалдарды толықтырып жазыңыз.

- 1) Оқусыз – ...,
Білімсіз –
- 2) Мектеп – ..., білім – ...
- 3) Ойнада ...,
Оқы да...
- 4) Отан оттан да...
- 5) Еңбектің наны...,
Жалқаудың жаны...
- 6) Атаңның... болма,
Адамның... бол.
- 7) Жері байдың...

Жұмбақтың тест тіліндегі сөздері, олардың мағынасын, қолдану аясын жете білумен байланысты оқушының мүмкіндігін білдіреді. Тестің жауабын шешемін деп отырып, оқушы жұмбақтың мазмұнына, оның құрамындағы сөздердің ішкі мағынасына ерекше ден қояды, әрқайсысына мән береді. Тестің бұл түрі бойынша санмен белгіленген бірнеше жұмбақ және нөмірленген бірнеше жауаптары, яғни, жұмбақтың шешімі беріледі. Оқушы шешімі дұрыс жауапты тауып, олардың сандық белгілерін сәйкестендіреді. Жауаптың дұрыс шешуін оқытушы өзіндегі тестпен салыстырып тексереді.

1. Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады.
2. Көрсетеді, сөйлейді,
Өзі ешкімді көрмейді.

Шешулері: су, кітап, түлкі, теледидар, сағат, шам, қар, күннің көзі.

Толықтырмалық тест – жаттығу құрамындағы сөйлемдердің кейбір сөздері не тіркестері түсіп қалады. Түсіп қалған сөздер нөмірмен соңынан беріледі. Оқушы сөйлемнің мазмұнына қарай қажет сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Бұл жұмысты ғалым ауызша да жүргізуді ұсынады. Ол үшін оқытушы мәтінді оқып тұрып, сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді байқату үшін кідіріс (пауза) жасайды. Осы сәтте оқушы сол сөзді тауып, өзінің қағазына жазып қояды да, сөйлемнің нөмірімен белгілейді. Мәтін оқылып біткен соң, әр оқушы өзінің тапқан сөзін сөйлемнің арасына қосып оқып, бір-бірімен салыстырып, дұрыс не қате екенін анықтайды.

Өлшемдік тест – оқушының білім дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі.

Бұл тест бойынша бір сұрақтың бірнеше жауабы беріледі: бірі – толық әрі дұрыс, екіншісі – жартылай дұрыс, үшіншісі – жартысынан азы дұрыс, төртіншісі – дұрыс емес. Оқушы осылардың ішінен ең дұрыс жауабын тауып көрсету керек.

1. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар екенін көрсетіңіз.
1. 33
2. 42
3. 28
4. 45

Тесттің тағы бір үлгісі бір сұрақтың бірнеше жауабы беріледі. Мысалы,

1. Көпшілік алдында сөзге қатысушылардың санына қарай түрлері

- A) Жекелік
- B) Мерзімдік
- C) Даралық
- D) Диалогтік
- E) Монологтік

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» бойынша Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасау үшін функционалдық сауаттылыққа негізделген тест тапсырмалары білім беру үдерісіне енді. Функционалдық сауаттылыққа негізделген тест тапсырмаларының мақсаты – мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру, білім беру жүйесін ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құру. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігінен туындайды. Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс-тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіріп отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б., яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі тетіктерін бөліп көрсетеді.

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, бағдарламалар);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі;
- барлық мүдделі әріптестікке негізделген тараптармен достық қалыптағы білім беру ортасының болуы.

Оқу сауаттылығы. PISA зерттеуінде оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана

білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. «Сауатты оқу – бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамға қатысу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалану, көрсету және жұмыс жасау». (PISA, 2009).

Оқу сауаттылығының 3 құрамдауышы бар, олар: жағдай, мәтін, аспект. 1-құрамдауыш. Жағдай. Жағдайдың санаттары: жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдалану үшін оқу (қоғамдық), жұмыс жасау үшін оқу және оқыту үшін оқу. 2-құрамдауыш, Мәтін. Мәтін формасы: тұтас және жадағай. Мәтін типі: сипаттама, мазмұндау, мазмұндама, аргументациялау, нұсқау, келісім. 3-құрамдауыш, Аспект. Аспектiлер – бұл оқырман мәтінде, мәтін айналасында және мәтін арасында аталған тәсілдерді келісу үшін пайдаланатын психологиялық стратегиялар, тәсілдер және тапсырмалар. Оқу сауаттылығы тапсырмаларын әзірлеумен айналысатын бес аспект:

- ақпарат іздеу, қол жеткізу және алу;
- кеңінен түсінуді қалыптастыру;
- интерпретациялауды дамыту;
- мәтін мазмұнын көрсету және бағалау;
- мәтін нысанын көрсету және бағалау.

2012 жылғы PISA тапсырмасы бойынша мынадай 1 мысал келтіре кетейік. Мәтін «**Печенье**» деп аталады.

Бір қыз бала орталық вокзалда пойыздың келуін күтіп отырды. Уақытты қысқарту үшін ол кітап сатып алуды ұйғарды. Содан соң ол күту залынан тыныш қана отырып, кітап оқитын орын тауып алды.

Қораптағы печенье газет оқып отырған ер адам мен екеуінің ортасында тұрды. Ол бір печенье алған кезде ер адам да біреуін алды. Ер адамның бұл әрекетіне ол қатты таңырқады, бірақ ештеңе айтпастан кітап оқуын жалғастыра берді. Өзі іштей: «Сене алар емеспін! Мен батылдау адам болсам, міндетті түрде қарсы бірдеңе айтқан болар едім» деп ойлады.

Ол әлсін-әлсін қораптан бір печенье алған сайын ер адам да соны қайталады. Осы іс-әрекет бір гана печенье қалғанша жалғасты. Қыз бала ер адам қандай әрекет жасар екен деп қарап отырды. Ер адам болса соңғы печеньеені алды да, ортасынан тең бөліп, бір жартысын қызға берді.

Қатты ашуланған қыз кітабын сөмкесіне тоғызтты да, бұл жерден кеткенше асықты. Ашуын басу үшін ол залдың басқа бір жеріне барып отырды. Ашуы тарқазғаннан кейін ол кітап алу мақсатымен сөмкесіне қолын салды. Сонда гана ол сөмкесінде қорабы ашылмаған өз печеньеесін көрді.

Сұрақ 1. Әңгіменің басында қыз бала не істеді?

- A) Ол вокзалда пойыз күтіп отырды
- B) Ол вокзалды тастап шығып кеткісі келді
- C) Ол вокзалда ер адаммен сөйлесті
- D) Вокзалдан газет сатып алды

Сұрақ 2. Әңгіменің ортасында қыз: «Сене алар емеспін!» деп ойлады. Қыз бала неге сене алмайды?

Сұрақ 3. Көз алдыңызға елестетіңізші, әңгімеде сөз болған қыз бен ер адам әңгіме аяқталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін кездескен болса, қыз бала ер адамға не айтар еді?

Бұл мәтінде 1-сұрақ жабық сұраққа жатады, себебі оқушы дайын жауапты белгілейді. 2-3-сұрақтар ашық сұраққа жатады, себебі мәтіннен алатын дайын жауап жоқ, оқушы өзінше ой қорытып, тапсырманы өз бетінше орындайды, яғни **интерпретациялауды дамыту** бойынша жұмыстанады. Интерпретация дегеніміз – қызығушылық тудыратын ерекше дағдылар, көзқарастар немесе логикалық қорытынды. 3-сұрақта оқушы мәтінді өзі аяқтайды, өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып, зерделейді.

Оқушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейін анықтау үшін білімді тексеру мен бағалау мақсатында әр модуль, әр тақырып соңында тестік жүйені қолдану – ұстаз еңбегінің біршама жеңілденіп, уақытты ұтымды пайдалануына ыңғайлы. Сол сияқты тест қазіргі заман талабына сай оқушы білімін бағалауда оқушының психо-педагогикалық және жас ерекшеліктерімен санаса отырып, әсіресе, әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, білім деңгейін бақылаудың бірден-бір тиімді әдісі болып отыр.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Оқушылардың білімі мен білігін тест бойынша тексерудің маңызы қандай?
2. Бірнеше дұрыс жауапты тестің білім бағалаудағы маңызы қандай?
3. Ресей ғалымы В.С.Аванесов тест тапсырмаларын қалай классификациялайды?
4. Тест тапсырмаларына қойылатын педагогикалық талаптарға сипаттама беріңіз.
5. Тесттік жүйенің мақсаты, тиімділігі және сақталатын шарттары қандай?
6. Ф.Оразбаева тест түрлерін қалай жіктейді?
7. Функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктері қандай?
8. Оқу сауаттылығының құрамдауыш бөліктері мен аспектілеріне сипаттама беріңіз.
9. Интерпретация және интерпретацияның оқушының логикасын дамытудағы маңызы қандай?
10. Бір мәтін бойынша оқу сауаттылығына негізделген тест тапсырмаларын құрастырыңыз.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫ БАҒАЛАУ

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты – барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға

үйрету. Бұл жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шарттар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?
- маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында «Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады» деп көрсетілген. Оны жүзеге асыру үшін біріншіден, мұғалім өзі сыни ойлана алатын болуы керек және оқушыны да сыни ойлауға үйретуі қажет.

Сыни ойлау туралы бүгінгі күні өте көп анықтамалар бар. Әркім әртүрлі жауап береді. Ең жақсы түсінік «Сыни ойлау деген не?» деген сұраққа Дэвид Клустердің берген жауабы. Сыни ойлаудың ауқымы өте кең – икемділік пен шеберлік, іс-әрекет түрлері, құндылықтар. Қарапайым есте сақтау сыни ойлау емес. Ал сыни ойлау жаңа, біз түсінген идеялар тексеріліп, бағаланып, дамытылып, қолданғанда іске асырылады. Фактілерді есте сақтау мен идеяларды түсіну сыни ойлаудың қажетті шарттары болып табылады, бірақ олардың өздері тіпті біріксе де сыни ойлауды құрастырмайды.

Сыни ойлауды қалайша айқындай аламыз? Біріншіден, сыни ойлау – дербес ойлау. Сабақ сыни ойлау қағидаларына сүйенгенде, әр оқушы өз идеяларын, бағасын, сенімін басқалардан дербес түрде құрастырады, ойлау тек жеке (индивидуалды) сипат алғанда ғана сыни болып табылады. Екіншіден, ақпарат сыни ойлаудың ақтық емес, бастапқы нүктесі болып табылады. Білім уәждеме (мотивировка) тудырады, ал онсыз адам сыни ойлай алмайды. Үшіншіден, сыни ойлау сұрақ қоюдан басталып, шешімді қажет ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Төртіншіден, сыни ойлау дәйекті, көңілге қонымды дәлелдемелерге ұмтылады. Сыни ойлайтын адам проблеманы шешуде өзіндік жолын тауып, бұл шешімді нанымды және дәйекті дәлелдермен негіздейді. Ол бұған қоса бұл проблеманың басқа да шешімдері болуын ескеріп, өзі таңдаған шешімнің басқалардан гөрі санаға қонымды және тиімді екендігін дәлелдеуге тырысады. Қандай да болмасын дәлелдеме (аргументация) үш негізгі элементтен тұрады. Дәлелдеменің негізінде жатқан оның басты мазмұны болып тұжырымды атауға болады (оны және де тезис, негізгі идея немесе дәйек деп те атайды). Тұжырым бірнеше дәлелдермен қуатталады. Өз кезегінде әрбір дәлел айғақтармен сүйемелденеді. Айғақ ретінде статистикалық деректер, мәтінге жүгіну, жеке тәжірибені қолдануға болады, яғни осы дәлелдемені растайтын және талқылаудың басқа мүшелері мойындайтын барлық деректерді келтіруге жол беріледі. Дәлелдеменің жоғарыда аталған барлық элементтерінің (тұжырым, дәлел, айғақ) іргесінде төртінші элемент – негіздеме (уәж) жатыр. Бесіншіден, сыни ойлау – әлеуметтік ойлау. Қандай да болмасын ой басқалармен бөліскенде тексеріліп, ұштала түседі, немесе, философ Ханна Арентт жазғандай, «кемелденуге тек қана біреудің қатысуында ғана жетуге болады». Біз басқалармен пікірталасып, мәтін оқып, талқылағанда, қарсы уәж айтып, пікірлерімізбен алмасқанда өз позициямызды айқындаймыз және тереңдетеміз. Сондықтан да сыни ойлау аясында еңбектенетін педагогтар әрқашанда өз сабақтарында жұптық және топтық жұмыстың сан алуан түрлерін, олардың ішінде пікірталас пен дау-дамайды және де шәкірт жазба жұмыстарының әртүрлі жариялануын қолданады. Жазу – сыни ойлауға үйретудің ең тиімді тәсілі.

«Сын тұрғысынан ойлау» дегендегі «сыни» термині «теріске шығару» дегенді емес, ойдың мәселені шешуге шоғырлануын білдіреді. Сыни тұрғыдан ойлау ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда орын алады. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Заманауи әлемде сыни тұрғыдан ойлау қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлауын алға тартатын атрибут ретінде қаралады. XX ғасырда осы проблеманы Франкфурт сыни әлеуметтік теория мектебі қарастырды. Джон Дьюи білім беру саласындағы осындай зерттеуді бастаған алғашқылардың бірі болды, ол оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастырудың білім беру бағдарламасын тек оқушылар үшін ғана емес, демократиялық қоғамдық құрылыс үшін тиімді болуына бағыттау керек екендігін мойындатты.

Сыни тұрғыдан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

- айтқандарын негіздеуге және өзіміздің өмірлік тәжірибемізге қарай оны тәртіпке келтіріп, мәнін құруға әзірлік;

- күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау;

- басқалардың өзіңнің пікірінді сыни бағалауына және өз пікіріңнің қате болуына ашық болу;

- идеяларды сынау және «шындықты» іздеу.

Балаларға негізделген, әділ сыни тұрғыдан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен үлгілеу дағдыларын жаттықтыру қажет.

Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту төмендегілерді бағалауға үйрету дегенді білдіреді:

• Қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет.

• Қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керек.

Бенджамин Блумның және басқалардың жұмысының шеңберінде сыни тұрғыдан ойлау оның жіктеуіндегі ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады. Американдық ғалымдар Дж Кэрролл мен Б.Блумның білімді толық меңгерту технологиясының да маңызы зор. Педагогикада бұл технологияны «Блум таксономиясы» деп те атап жүр.

Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, атап айтқанда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді.

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының негізгі категориялары:



| МАҚСАТТАР ЖҮЙЕСІ | ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ |
|-------------------------------------|---|
| Білім | Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері |
| Түсінік | Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді |
| Қолдану | Алған білімді қолданады |
| Анализ | Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады |
| Синтез | Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады |
| Бағалау (сыни өзіндік пікір) | Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды |

Білу. Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

Шәкірт:

- Қолданылған терминдерді біледі;
- нақты фактілерді біледі;
- жұмыстың орындалу ретін біледі;
- негізгі ұғымдарды біледі;
- ережелерді, қағидаларды біледі.

Тапсырмалар түрі: Не? Қашан? Қандай? Қайда? Ережені, формуланы жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды, терминдерді қайталау, олардың қолдану тәртібін айту

Түсіну. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, тарихи терминді сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.).

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау.

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Шәкірт:

- Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;
- сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;
- сөзбен келтірілген материалды пәнге қатысты, тарихи ұғымдарға өзгертеді.

Тапсырмалар түрі: Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаныз, сөйлемді өзгертңіз, өз сөзіңізбен айтыңыз, суретті, картадағы бағыттарды түсіндіріп беріңіз

Қолдану. Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Шәкірт:

- Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;
- заңдар мен теорияларды, фактілерді, терминдерді практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;
- тапсырманы орындау үшін жұмыс ретін дұрыс құра алады.

Тапсырмалар түрі: Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір; мәселенің шешімін көрсет; берілген гипотезаны тексер.

Талдау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Шәкірт:

- Жасырын (көзге көрінбейтін) жайттарды ашады;
- ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды,
- фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;
- ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Тапсырмалар түрі: Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.

Синтез (жинақтау, жүйелеу). Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

- Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады;
- Өз ойларын дәлелдеу.
- Алған білімдерін кестеге түсіру.

Бағалау. Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Шәкірт:

- оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды;
- ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындайды;

- жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

Мысалдар: «Сіздің ойыңызша, бұл дұрыс/бұрыс, маңызды ма/емес пе, жақтайсыз ба/қарсыз ба?» деген сұрақтарды қолдануға болады.

Сыни тұрғысынан ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

1. Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шыңдалып, ашылады. Сабаққа белсенділігі, ынта-жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өздігінен білім алуға көмектеседі. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу»,

«Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте кадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

2. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) – Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі - негізгі кезең, сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V – «білемін», - – «мен үшін түсініксіз», + – «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

3. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) – Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әртүрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, салғастырады, проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын

ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзіндікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлау мынандай жағдайларда болады:

- кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
 - кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
 - кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
 - өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
 - кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты қарастырғанда;
 - бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
 - өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.
- Ал сыни ойлаушының ерекшеліктері төмендегідей болады:
- кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
 - ең маңызды жайттарды бөліп шығарады;
 - проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
 - критерийлер мен стандарттарды қолданады;
 - критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
 - өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
 - ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше);
 - қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
 - балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
 - икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
 - себеп-салдарды анықтайды;
 - талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
 - мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жайттарды бөліп қарастырады;
 - шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
 - ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
 - әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;
 - өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;
 - басқалармен тіл табысып, ортақ мәмілеге келуге тырысады.
- Оқушыда сыни ойлаудың қалыптасу деңгейлері:
Бастапқы деңгей:

- өз көзқарасы мен ұстанымын жан-жақты тұрғыдан қалыптастыра алмайды;

- өз ұстанымын толық дәлелдей алмайды, оның артықшылықтарын толық көрсетпейді;

- жан-жақты салыстырмайды;

- ұтымды мысалдар келтірмейді;

- талдау мен синтездеуді толық жасамайды;

Орта деңгей:

- ойлау қадамдарын ретімен қолданады;

- өз көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырғанымен оларды ұтымды түрде дәлелдей алмайды;

- өз ұстанымдарын өзгелермен салыстырады, оның артықшылығы мен кемшіліктерін ажыратады;

- өзіне айтылған сынды сабырмен қабылдай алмайды;

- өзге ұстанымдарды жан-жақты талдамайды, олардың олқылықтарын ажырата алмайды;

- өзге ұстанымдарды өз мақсатында пайдалана алмайды;

- өз ұстанымын икемді түрде өзгерте алмайды.

Жоғары деңгей

- тереңінен қолданады;

- өзіне өзі нақты баға бере алады;

- өзге пікірлерді бағалай біледі;

- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі;

- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады;

- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшілік қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіне сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Сын тұрғысынан ойлау және сын тұрғысынан ойлауға үйрету шарттары қандай?

2. Сыни ойлауды айқындаудың жолдары қандай?

3. Сыни тұрғыдан ойлау қандай қабілеттерді дамытады?

4. Сыни тұрғыдан ойлау сабағының құрылымдық формуласына сипаттама жасаңыз.

5. Сыни ойлаудың алғышарттары қандай?

6. Сыни тұрғыдан ойлайтын тұлғаның қандай ерекшеліктері болады?

7. Оқушыда сыни ойлаудың қалыптасу деңгейлеріне сипаттама беріңіз.

8. Сын тұрғысынан ойлау туралы ғалымдардың пікірлері бойынша өз тұжырымыңызды жасаңыз.

9. Дәстүрлі сабақ пен сын тұрғысынан ойлауға негізделген сабақты кесте арқылы салыстырыңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ САПАСЫН АНЫҚТАУ. ДИАГНОСТИКА МЕН МОНИТОРИНГ

Қазіргі ХХІ ғасырда білім беру үрдісін ақпаратпен қамтамасыз ету құралы – білім сапасын мониторингілеу және диагностикалау болып отыр. Ал, педагогикалық мониторинг дегеніміз – білім беру жүйесінің қызметі туралы ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оны үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жұмыс жүйесі.

Педагогикалық мониторинг жасауға қажетті ақпаратты жинау мына бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

- ақпараттың мазмұны;
- ақпараттың сапасы;
- ақпаратты басқаруда пайдалану.

Мониторинг жалпы педагогикалық ғылыми түсініктерге сәйкес кері байланыс, рефлексия деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық мониторинг – қандай да бір объективтегі, құбылыстағы өзгерістерді ұзақ уақыт бақылау. Ең кең тараған анықтама: педагогикалық жүйе қызметінің даму мақсатындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату болып табылады.

Г.А.Стефановскаяның анықтамасы бойынша «Педагогикалық мониторинг, бұл – диагностика, баға және педагогикалық үрдісті жобалау, оның жүріс барысын, даму перспективаларын қадағалау».

Педагогикалық мониторингтің педагогика теориясына және практикасына енуіне әсер етуші факторлар мыналар:

- педагогикалық жүйедегі инновациялық процестер;
- педагогикалық менеджмент;
- педагогикалық диагностика;
- педагогикалық тесттер;
- білімдегі, тәрбиедегі, дамудағы жеткен жетістіктер;
- шығармашылық қабілет.

Педагогикалық мониторингтің негізгі объектісі білімділік және тәрбиелілік болып табылады. Мониторингтің педагогикалық нәтижесі болып, білім

құрылымындағы, оқу дағдысындағы, тәртібіндегі, қатынас жүйесіндегі тұлғаның бағытталуы болып табылады. Сонымен қатар, педагогикалық мониторинг объектісі ретінде жетістіктерге жеткізетін оқу-тәрбие үрдісінің нәтижесі, құралы, технологиясы қабылданады.

Педагогикалық мониторингтің негізгі қасиеттерінің бірі – оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз бақылау жүргізу. Сондықтан да педагогикалық диагностика педагогикалық мониторингтің негізгі компоненті болып табылады.

Ал педагогикалық диагностика – бақылау түрлерінің бір жүйесі. Онда өлшемдік тетіктердің көптеген түрлері бар. Педагогикалық диагностика – педагогикалық ғылымның бір саласы, сонымен қатар, практикалық педагогиканың негізгі формасы. Қазіргі жалпы ғылыми көзқарасқа сүйенсек, «диагностика» дегеніміз – белгілі бір объектінің ахуалын танып білу немесе оның тәртібін болжау мен сол тәртібіне әсер етуінің мүмкіншіліктері туралы шешім қабылдау мақсатында сол объектінің негізгі параметрлерін тез тіркеу жолымен оны белгілі бір диагностикалық категорияға жатқызу жүйелерін тану болып табылады.

Педагогикалық диагностиканың зерттеу объектісі – педагогикалық үдеріс. Педагогикалық диагностикалау педагогикалық үдерістегі өзгерістерді оқушы бойындағы өзгерістермен байланыстыра болжайды.

Педагогикалық диагностика бүгінгі күні педагогиканың маңызды бір саласы ретінде білім сапасына кепілдік беретін барлық механизмдердің, білім беруді сыртқы (халықаралық, ұлттық) және ішкі (институттық) бағалаудың, сондай-ақ білім сапасы саласында сапа менеджменті мен мониторингтік зерттеулер жүйесі жүргізілуінің негізгі өзегі болып табылады. Оқытудың нәтижелілігіне диагностикалық тексеру жүргізу мынадай деңгейлерде өтуі мүмкін:

- ◆ нақты тапсырмалардың түрлері мен оқытудың әдістері;
- ◆ нақты оқу сабақтарының түрлері;
- ◆ жекелеген немесе кешенді пәндер;
- ◆ жекелеген оқу топтары, курстары, бөлімшелері;
- ◆ оқыту циклінің түрлі кезеңдерінде: оқыту процесінің жүйеге кіру әрі шығу барысында көлденеңінен және тігінен тексерілуі;
- ◆ институттық деңгейде: мектепте, колледжде, жоғары оқу орнында;
- ◆ ұлттық білім жүйесі (мемлекеттік аттестаттау және білім беру мекемелерін тіркеу не оқу орындарының қызметіне аудит жүргізу, білім сапасы мониторинг жүйесі);
- ◆ халықаралық білім беру жүйесі (мысалы, PISA – Program for International Student Assessment, TIMS – Trends in Mathematics and Science Study, PIRLS – Progress in International Reading Literacy Study) бағдарламалары бойынша білім беру ісін салыстырмалы зерттеу және т.б.).

Диагностикалық қызметтердің диапазоны оқу процесінің нақты нышандары мен параметрлерінің сандық, сапалық көрсеткіштері анықтамасынан бастап, білім берудің күрделі жүйелерінің сапасы мен нәтижелілігін тексеруге дейін

тарала алады. Педагогикалық диагностиканың қазіргі заманғы даму үрдістері мыналарды:

- ◆ тұжырымдамалар;
- ◆ педагогикалық диагностика әдіснамасы;
- ◆ ұғымдық аппарат;
- ◆ білім сапасына диагностика жасау жүйесінің өлшемдік аппараты;
- ◆ педагогикалық диагностикадағы квалиметриялық (сапалы) тәсіл;
- ◆ білім берудің мемлекеттік стандарттарының әдіснамасы және олардың үздіксіз білім беру жүйесіндегі сабақтастығы;
- ◆ білім беру процестерін нормалау;
- ◆ білім берудің нәтижесі мен оқыту сапасын бақылау және бағалаудың объективті әдістері;
- ◆ өлшем немесе өлшем тетіктері жүйесін жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін;
- ◆ педагогикалық диагностиканың стандартталған өлшемдер қорын қалыптастыру;
- ◆ білім беру мекемелерінің сапаны бағалайтын бірыңғай әдістемесі мен білім беру жүйесіндегі рейтингті анықтайтын салыстырмалы индикаторларын;
- ◆ білім беру сапасы мониторингі жүйесінің бағдарламасы (түрлі деңгейлер мен түрлері);
- ◆ халықаралық және мемлекеттік, институттық деңгейде мамандар даярлаудың сапасына кепілдік беретін механизмдерді жетілдіру;
- ◆ диагностика жасау технологиясы мен ақпараттық деректер қорымен бағдарламалық қамтамасыз ету;
- ◆ педагогикалық диагностика нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері негізіндегі білім сапасын басқарудың мәселелерін әзірлеу барысында айқындалады.

Қазіргі заманауи даму кезеңінде білім сапасына диагностика жасау өзекті мәселе. Ол білім беру жүйесі оқыту процесіндегі ахуалдың статистикалық және динамикалық сипаттамасын айқындауға арналған. Тағы да ол оқу процесі немесе білім бері жүйесінің көлемі мен құрылымдық күрделілігіне байланысты, зерттеліп отырған білім деңгейі мен педагогикалық процестің нәтижесін сан жағынан сипаттайтын критерийлер мен параметрлер кешенін анықтауға негізделген. Педагогикалық диагностика – бұл бақылау түрлерінің жүйесі. Онда өлшемдік тетіктер көмегімен оқу процесінің (тестер және өзге де құралдар) сандық, сапалық сипаттамасын белгілеп, қол жеткен табыстарын анықтауға болады. Педагогикалық диагностиканың мақсаты – қай қырынан алғанда да сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілеу, бұл жүйедегі істердің нәтижелі әрі тиімді болуы үшін қажет. Білімдегі сапа бағалаудың (бағаның) критерийлік базасы ұғымымен байланысты.

Педагогикалық диагностиканың кейбір қағидаларын 1991 жылы Е.А.Михайлыч мынандай қысқынға келтірді:

- ◆ жүйелілік және нақтылық;
- ◆ диагностика теориясы мен әдістемесінің ғылыми негізділігі;

- ◆ диагностиканың белгілейтін және түзетін қызмет түрлерін үйлестіру;
- ◆ диагностика жүйесінің дәйектілігі мен сабақтастығы;
- ◆ диагностикалық әдістемелер мен рәсімдерінің оңайлығы;
- ◆ диагностиканың түрлері мен әдістерін оңтайландыру;
- ◆ диагностиканың болжамдылығы.

Білім сапасына диагностика жасау мен бағалау жүйесін әзірлеу мен енгізу, сондай-ақ білім беру ісін дамытудың қазіргі жағдайында педагогикалық диагностиканың мәселелері жөніндегі көптеген дереккөздерді талдау барысында оның келесі қағидаларын атап көрсетуге болады:

- ◆ жүйелілігі және біртұтастығы;
- ◆ білімді тексерудің көпдеңгейлілігі;
- ◆ білім беру нәтижесінің сапасына диагностика жасаудың ауқымдылығы;
- ◆ диагностикаға қатысты квалиметриялық тәсіл;
- ◆ диагностикаға қатысты өлшемдік-бағалау тәсілі; өлшемдік аспаптардың стандартталуы;
- ◆ пайдаланған кезде диагностика тетіктерінің, диагностикалық рәсімдердің, әдістердің, нәтижелерді математикалық және статистикалық аппаратпен өңдеудің әдістемелерінің ғылыми негізделген мазмұнда болуы (тапсырмалар, тестер, сауалнамалар және т.б.) - диагностиканың объективтілігі және растығы;
- ◆ жүйелілік – дидактикалық процестің барлық кезеңінде диагностика жасау – білімді қабылдай бастағаннан оны іс жүзінде пайдаланғанға дейін;
- ◆ ақпараттандыру – диагностика жүйесін бағдарламалық және техникалық қамтамасыз ету және зерттеу нәтижелерін өңдеу; деректер қоры, ақпаратты жеткізу;
- ◆ диагностика нәтижесі динамикасына мониторинг немесе бақылап отыру;
- ◆ жеке критерийлер бойынша жүргізілетін диагностиканың ашық, көрнекі түрде болуы;
- ◆ жариялылық – бағаны жариялау және негіздеу;
- ◆ кері байланыс диагностика нәтижелерін білім берудің сапасын басқару үшін пайдалану.

Диагностика білім беру қызметі объектілерінің немесе процестерінің нақты белгілері мен қасиеттерін, сондай-ақ білімнің нәтижесінде жеткен табыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Білім берудің тұлғаға бағдарланған жана парадигмасы оны жан-жақты дамытуға бағытталған. Білімнің сапасы, ең алдымен, уақыт талабына жауап бере алатындай тұлғаның қалыптасуына оқу процесінің қаншалықты ықпал ететіндігімен бағаланады. Үздіксіз білім алудың қорытындылаушы нәтижесін бағалауға тек ғылыми негізделген диагностика (педагогикалық, психологиялық және социологиялық) мен оның тетіктері болған жағдайда әрі мониторинг зерттеулер жүргізілгенде қол жетпек. Диагностика мен тетіктердің барлық түрін дамыту білім сапасын бағалау жүйесінде өте маңызды орын алады. Ол білімнің ұлттық, институционалдық және тұлғалық немесе жекелік деңгейлерінде білім сапасына кепілдіктің негізі болып табылады. Бұл ретте білім сапасын бағалауда, мониторингте, сондай-ақ ақпараттық

коммуникациялық технологияларды (АКТ) және де білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін дамытуда диагностиканың маңызы зор.

Педагогикалық мониторингті зерттеген В.А.Болотов, В.С.Безрукова, Н.В.Борисова, В.И.Гинецинский, А.Н.Дахин, В.М.Монахов, А.М.Новиков, Л.С.Подымова, В.А.Сластенин, В.И.Слободчиков, Н.А.Шайденко, Н.О.Яковлевалар өз еңбектерінде педагогикалық мониторингтің нәтижелері мен құрылымын және түсініктемесін талдай келе, қазіргі педагогикалық ғылымда және тәжірибеде осы күнге дейін мониторингке деген жүйелі тәсілдемелердің құралмағанын атайды, ал ол, бір жағынан, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибелік бағыттарын, екінші жағынан, практикалық педагогикалық қызметтің теоретикалық негізділігін едәуір төмендетеді.

Білім берудегі мониторинг – бұл педагогикалық және басқарушы категория, өйткені ол ақпарат теориясының негізгі қағидаларының көшірмесін жасамай, оны педагогика, психология және басқару тіліне аударады.

Мониторинг деректерін бастапқы жоспарланған көрсеткіштерімен салыстыру қолданылған әдістер мен тәсілдердің тиімділігін бағалауға, оларды түзетуге мүмкіндік жасайды. Әрине, мониторингті тәжірибелі қызметкерлердің жүргізгені дұрыс. Мониторингті жүргізу арқылы деректер базасы құрылады, олар берілген топтағы оқушылардың (қызметкерлердің, студенттердің, магистранттардың) ары қарай дамуын терең талдауға және дер кезінде түзетулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Мониторинг – мектепті көпдеңгейлі басқарудағы маңызды жүйелердің бірі. Ол диагностика жүргізілуін және болжамдалған нәтижелерге сәйкес мектептердің оңтайлы қызмет етуін қамтамасыз етеді. Мониторингтегі жүйе құрайтын құрылым (қасиет) білім беру мекемелерін қолданатын бақылау түрлерін түгел өзара іс-әрекеттегі элементтердің бірыңғай құрылымына біріктіруге мүмкіндік береді. Максаттары да, қаржылары (құралдары) да ортақ бұл элементтер мынандай принциптер негізінде қызмет етеді: жүйелік, циклдік, кезеңділік, оқиғаларды тікелей бақылау нәтижелері бойынша бағалау. Мониторинг басқарудың барлық функцияларымен және сатыларымен тығыз байланыста болады. Мониторинг қарастыратын негізгі мәселелер: мектеп білім беру жүйесінің мақсаты; хал-ахуалы және оның функциялық негізгі көрсеткіштері туралы ақпараттар; болжамдар; шешімдер; педагогикалық қызметті ұйымдастыру және атқару; оқу мекемесі қызметін түзету. Мониторинг басқару ісін ақпараттық қамтамасыз етуге, оның тиімділігін арттыруға бағдарланған. Ол кез келген уақытта объекті туралы, оның хал-ахуалы жайлы біліп отыруға мүмкіндік береді. Мониторинг қолданыстағы құқықтық және нормативтік құжаттарға, білім беру ісін ұйымдастырудың әдістемелік материалдарына және мектепті дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

Мониторингтің мақсаты мен міндеттері. Мониторингтің мақсаты – мектеп білім беру жүйесінің хал-ахуалы туралы және оның функциялық негізгі көрсеткіштері жайлы алынған ақпараттарды қорыту және талдау. Ол атқарылған жұмыстарды бағалау және даму беталысын болжамдау үшін, сондай-ақ білім

сапасын жетілдіруге бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу мектепте мынадай міндеттерді жүзеге асыру жолдарымен шешіледі:

- мектептегі педагогикалық жүйенің хал-ахуалын және сол жүйе бойынша жүзеге асырылатын білім беру сапасын тұрақты түрде және жан-жақты зерделеп отыру;

- шынайы ақпараттар негізінде бағалау және көмекші оқу персоналын қамтамасыз етудің шарттарын жетілдіру;

- көмекші оқу персоналының мынадай салалар бойынша жұмыс тиімділігін басқару;

- психикалық – педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруда;

- функционалдық міндеттерді жүзеге асыруда;

- мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда: білім беру процесіндегі өзгерістерді және оларды туындататын факторларды анықтау; оқу сапасын басқару;

- мектептегі мониторингтік зерттеулер механизмін жетілдіру;

- мектеп білім беру жүйелерін мониторингілеу, субъектілерін, қызметтерін үйлестіру.

Мониторинг объектілері. Мектепте мониторинг объектілері оқушы мен оқытушы, оқу нәтижелері (ағымдық, қорытынды), көмекші оқу персоналдарының ресурстық базасы.

Мониторингтің негізгі бағыттары мен түрлері. Мониторинг мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мектеп білім беру жүйесінің сапасы мына бағыттар бойынша айқындалады:

- оқушылардың оқып-үйренудегі (білім алудағы) қол жеткізген деңгейі;

- педагогтардың кәсіби шеберліктері;

- инновациялық қызмет;

- тәрбиелеу жүйелерінің тиімділігі.

Мектеп білім беру қызметін мониторингілеу мынандай өлшемдер түрін қамтиды:

- педагогикалық (біліктілік, оқу құрылымындағы жаңалықтар);

- психологиялық (мінез-құлық, тұлғаның бағдарлануы, жеке тұлғалық қарым-қатынастар жүйесі, негізгі психологиялық сипаттамалар);

- дидактикалық (оқушылардың іс-әрекеттерін басқаруға және түзетуге бағытталған педагогикалық ықпал ету тәсілдері).

Білім сапасы 3 буын бойынша зерттеуге алынады:

- бастауыш буында 1-сыныптар;

- орта буында 5-9 сыныптар;

- жоғары буында 10-11 сыныптар.

Бұл бағытта оқушылардың білім сапасы қаралатындықтан, тоқсан сайынғы қорытындылар, әкімшілік бақылау жұмыстары, жыл сайынғы білім сапасы толық бақыланып, оның өсу немесе кему динамикасын анықтап, кемшіліктерді жою технологиясы құрастырылып, оң тұстарын одан әрі жалғастыру көзделеді.

Өркениетті елдерде (АҚШ, Еуропа елдері, Ресей) оқушылардың білімінің жетістіктері көрсеткіштерін анықтауға басым бағыт берілуде. Мысалы, Шотландия, Австралия, Голландияда білім сапасын тексеруге негізгі компоненттері оқушының жетістіктері болып табылатын кешенді жүйелер қолданылады.

Соңғы 10 жылда оқыту жетістіктеріне қатынасты халықаралық деңгейде бірнеше зерттеулер жүргізілуде. Білім сапасын бағалаудың Латын Америкасының лабораториясы ЮНЕСКО-ның қаржыландыруымен laboratorlo жобасы бойынша Латын Америкасы елдерінде бағалау жүйесінің жиынын көрсетуде. Онда әрбір елде үшінші және төртінші сынып оқушылары арасында сараптау жүргізіліп, оқушылар тест тапсырмаларын орындайды. Білім сапасын дамыту мен бекіту мақсатында оқыту жетістіктері мониторингісі Оңтүстік Африка консорциумы (SACMEQ) ЮНЕСКО мен ЮНИСЕФ бірлескен жобасы 70 елде жүргізілуде. Мониторинг пен білімді бағалаудың тұрақты жобасы «барлығын қамту ұстанымы қағидасын» басшылыққа ала отырып, белгіленген сабақтар бойынша оқушылардың білім алу сапасын және потенциалын көтеру көзделеді. Соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарында оқушыларды оқуға қамтуға басым бағыт берілуімен қатар білім сапасын көтеру және баланы мектепке тарту, орнықтыру, оқуда белгілі нәтижеге жету мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында соңғы жылдарда оқушылар жетістігін бағалауда оқушылардың оқу бағдарламасында көрсетілген білім, білік және дағдының ауқымды пайызын меңгеретіні анықталған.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ЮНЕСКО және Сорос-Қазақстан қоры бірлестікте пилоттық жоба аясында бастауыш білім сапасының мониторингі жүргізіледі. Онда Мемлекеттік стандарт пен бастауыш сатыда оқушылардың білім, білік және дағдыларының сәйкестігі зерттелді. Ғылыми-зерттеу нәтижесі бойынша эксперимент жүргізілген мектептерде білім жетістіктерінен 1-сынып оқушылары бірінші орында, ал 2-сынып оқушыларының білім деңгейінің төмендігі байқалған. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысында оқушылардың оқу бағдарламасын толық меңгеретіндіктері және білім жетістіктерінің міндетті мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетіні анықталған.

Он бес жастағы оқушылардың білім және білік дағдыларын халықаралық деңгейде бағалау бағытында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына қатынасатын елдердің күшімен PISA (2002-2004) жобасы бойынша оқушылардың компетенттілігі, яғни білімі және біліктілігінің күнделікті өмірдегі дағдысына сәйкестігі бағаланады.

А.И.Субеттоның пікірі бойынша, ғасыр табалдырығынан аттаған уақытта білім адамзат баласының басты құндылықтарына айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ғалымдардың (С.Е.Шишов, В.А.Кальней) пікірінше, стандарт және сапа жетістіктер деңгейі бағалау көрсеткіштері стандарт талаптарының деңгейіне (минимум) оқушылардың білім, білік, дағдыларының сәйкес келуі тиіс. Г.А.Строкованың зерттеуі негізінде педагогикалық мониторингтің негізгі

қызметіне төмендегілер жатады: ақпараттық, аналитикалық-бағалау, ынталандыру-мотивациялық, реттейтін жан-жақты қызмет.

Қазіргі заман талабына сай мектептегі оқу барысында оқушылардың даму динамикасын және мектептің өзін-өзі бағалау жолымен дамуын қадағалайтын білім сапасын мониторингілеу жүйесін жасау қажеттігі туындап отыр.

Мониторинг – күрделі педагогикалық құбылыс. Мониторинг – бағалау мен білім сапасын бақылау механизмі. Мониторинг дегеніміз – белгілі бір нәрсенің жай-күйін бақылау, талдау және болжау жүйесі. Бұл сөз ағылшынның «монитор» деген сөзінен алынған. Белгілі параметрлерді анықтауды бақылау құралы. Мониторингті техникалық құралдарың көмегімен жүргізілетін бақылаудың ерекше түрі деп қарастыруға болады. Ғылыми принциптері: мақсаттылық, үздіксіздік, толықтық, сапаны жан-жақты білу, алынатын ақпараттың жариялылығы мен нақтылығы және т.б.

Мониторингілеу – (латынша: *monitov* – ескертуші, бақылаушы) – біріншіден, қоғамда немесе оның қайсыбір топтарында болып жатқан өзгерістерді жүйелі түрде өлшеу жүйесі, екіншіден, адамның шаруашылық қарекетіне байланысты қоршаған ортаның жай-күйін қадағалау, бағамдау және болжамдау.

Мониторингілеу – білім сапасы жөнінде әртүрлі ақпараттарды жинақтау, өңдеу, жүйелеу, терең сараптама жасау, бағалау, тұжырымдау, оны алдағы уақытта оқу үдерісін жақсартуға, дамытуға және оқу-тәрбие үдерісінде кеткен кемшіліктерді түзетуге, сондай-ақ жобалау, құру, сол мақсаттарда жағдайлар жасау болып табылады. Білім берудегі мониторинг – бастапқы мақсаттарға негізделген білім беру үрдісіндегі белгілі бір жүйені үнемі бақылап отырады. Алынатын нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі – мониторингілеумен тікелей байланысты болғандықтан оқушылардың білімділігін бағалау өлшеуіштерін іріктеу критерийлерін анықтау қажет. Мониторингті жүргізгенде, шұғыл түрде белгілі бір ақпараттың көлемін таңдай аламыз және өңдей аламыз. Бақылаудың тиімді жаңа технологиясы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Компьютерді пайдалану арқылы үнемі бақылауға болады. Бұл – мониторингтің тағы бір маңызды ерекшелігі. Мониторинг – бұл педагогикалық үрдіс негізінде білім беру мақсатын таңдаудағы өзекті мәселе мен құралдарын шешу барысында диагностикалық, прогностикалық зерттеудің жағдайын ғылыми негізге сүйене отырып үздіксіз бақылау.

Мониторинг ішінде басқарудың өзіндік қызметі, педагогикалық әрекет барысындағы бағалау жүргізіледі. Соның барысында кері байланыс қамтамасыз етіледі. Педагогикалық жүйенің соңғы мақсатына нақты нәтижелер мәлімделеді. Педагогикалық мониторинг педагогикалық жүйенің дамуын болжау, сонымен қатар оның жағдайын үздіксіз бақылауды қамтамасыз етуді көрсетеді. Сондай-ақ, ол әлеуметтік-психологиялық, медициналық мониторинг оқушының жеке басын жалпылау мақсатында оқу орындарына ең қажетті болып табылады.

Мониторинг бойынша мұғалім кезекті тақырыптық бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді. Мониторингтің мәні әр

тоқсанның не әр тараудың соңында шыққан графиктен осы тұстағы алған білімнің кем тұстары, жетістіктері айқын көрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін оқушы өзі бақылап отырады. Яғни оқушылар өздігімен орындайтын жұмыстарын өзі бағалайды. Бағалаудағы әділетсіздік мәселесі шешіледі.

Мониторингтің ерекшеліктері:

1. Оқушының белгілі бір тақырыпты төмендеу меңгергенін, аздау ұпай алғанын байқап, білімдегі олқылықты жою мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсынылады;
2. шәкірт өз кемшілігін байқайды, өз тұрғыластарынан қалмау үшін не істеу керектігін аңғарады;
3. өз зейінін тәрбиелейді;
4. білім жүйелілігі мен тізбекті байқайды;
5. ойланып оқуға дағдыланады;
6. білім алуда жоспар, тезис құруға машықтанады;
7. оқушының білім сапасын арттыруға жағдай туады.

Мониторингтің көмегімен оқушы білімді меңгеру деңгейін ғана емес, анықтайтын білім сапасын, дағды қалыптасқанын бақылауға болады.

Білімдік мониторинг – көпдеңгейлік жүйе.

1-деңгей (жеке, дара және дербес), оны мұғалім жүзеге асырады. (Сынып оқушыларының даму динамикасын белгілі бір бағытта белгілеу).

2-деңгей – мектепшілік. Мұнда оқушы білімінің дамуын мекеменің әкімшілігі жүзеге асырады (сыныптардың даму динамикасын бақылау). Тоқсан, жарты жылдық, жыл бойында анықталған критерий бойынша бақылау.

3-деңгей. Білім мекемелерінің даму динамикасын байқау.

Оқыту ісіндегі маңызды жұмыстың бірі – оқушылардың пәндер бойынша алған білім деңгейлерін бақылау және тиісті дәрежеде бағалау. Оқушының сабаққа тиянақты қатысып отыруы, өз оқуына жауапкершілікпен қарауы, алған теориялық білімін болашақта пайдалана білуі осы кезеңнің дұрыс өткізілуіне көп байланысты.

Мұғалімдердің оқушы білімін бағалауда қазіргі уақытқа дейін қолданып жүрген бес баллдық жүйенің кемшілігі көп. Оқушы білімін бағалаудың жыл аяғындағы қорытынды бақылау нәтижесі мен мұғалім бағалауында елеулі айырмашылық кездесіп отырады. Негізгі себеп – мұғалім бағалауындағы субъективтілік пен жыл аяғындағы оқушы біліміндегі объективтіліктер. Жоғары сынып оқушылары қазіргі қолданып жүрген бағалау жүйесіне қанағаттанбайды, себебі қазіргі жүйемен нақты білім деңгейін анықтау мүмкіндігі төмен, бағалау нәтижесі объективті емес. Сондықтан да қазіргі өркениетті елдердегі сияқты қоғамдық қатынастар сұранысын қанағаттандыратын оқу еңбегін бағалаудың жаңа шкаласын енгізу қажеттігі – бүгінгі көкейкесті мәселелердің бірі.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім сапасын мониторингілеу және диагностикалаудың маңызы қандай?
2. Педагогикалық мониторинг жасау қандай бағыттар арқылы жүзеге асырылады?

3. Педагогикалық мониторингтің әсер етуші факторлар қандай?
4. Педагогикалық мониторингтің негізгі объектісіне не жатады?
5. Педагогикалық диагностика мен педагогикалық мониторингтің өзара байланысы қандай?
6. Оқытудың нәтижелілігіне диагностикалық тексеру жүргізу деңгейлері қандай?
7. Педагогикалық диагностиканың қазіргі заманғы даму үрдістері қалай айқындалады?
8. Білім сапасына диагностика жасау мен бағалау жүйесінің қандай қағидалары бар?
9. Мониторингтің мақсаты мен міндеттері қандай?
10. Мониторингтің негізгі бағыттары мен түрлері қандай?
11. Мониторингтің объектілері мен өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Мұғалім бала дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беру керек. Егерде бала қателессе, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады.

Драхмэн мен Суэтс (1988) кері байланыс және құрдастарының ескертулері тұрақты нәтижелерге қол жеткізуде мұғалімнің сынына қарағанда көп әсер етуі ықтимал екендігін айтады. Алайда оқыту үдерісі тек қана оқушылардың тапсырманы орындаудың бастапқы кезеңінде өзінің білімі мен дағдылануы және тапсырма аяқталғаннан кейін нені білетіндігі туралы нақтылы сезінген кезде ғана тиімді болады (QCA, 2001). Кері байланысты мұғалім ғана қамтамасыз етуге тиісті емес, шын мәнінде оны оқушы немесе құрдасының жақсы ұсынатынына назар аудару, құрдастары және өзін-өзі бағалаудың оларды оқыту үшін өзіне жауапкершілік алу, сондай-ақ оқушының өзін жақсартудың мүмкін екеніне сенім ұялату үшін, оқушыны қалай ынталандыру, жетілдіруді көрсету мақсаттарын нақтылаудың өте күшті тәсілдері болып табылады.

Кері байланыс ауызша және жазбаша да беріледі, бірақ нақты болуы керек. Оқушы тарапынан мұғалімге және мұғалім тарапынан оқушыға, оқушыдан оқушыға да жүргізіледі. Әсіресе, ауызша берілгенде тиімдірек. Сабақтың соңында ғана емес сабақ барысында да кері байланыс жүреді. Жүйелі түсіндірмелер жақсыға қарай өзгеруге мүмкіндік береді, қателер оқуды жақсарту үшін қолданылады. Оқушының жетістігі атап өтілсе, оның өз күшіне деген сенімділігі нығая түседі. Кейде оқушыдан алған сұрақтың өзі кері байланыс болып келеді. Сұрақ-жауап, тілек білдіру, оқушы кеңесі, нақты жұмысты мадақтау т.б ауызша жасалатын кері байланыстар. Стикерге жазу, смайликтер арқылы, ашық хат, күнделік жазу сияқты тәсілдер жазбаша кері байланыс. Оқушы электрондық почтадан мұғалімге белгілі бір материалды жіберіп,

мұғалім оған жауап жазса ол да кері байланыс. Мұғалім оқушыдан алған кері байланыс негізінде өзінің келесі қадамында ескеріп отыру керек. Оқушы соның негізінде өз жұмысын жақсартып, нәтижеге бағытталады. Сабақта жүргізілетін кері байланыстың әдіс-тәсілдерін, формаларын түрлендіріп отырса оқушының қызығушылығы да арта түседі. Кері байланысқа баға қойылмайды.

Жалпы білім беру үдерісінде кері байланыс ұсыну оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында табысқа жету критерийлерінің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Сабақта жетістікке жетелейтін, оқушылардың өзін-өзі реттеуге, метатанымына әсер ететін құралдардың бірі – танымдық кері байланыс. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін, жұмысын қалай жақсартуға болатынын, өз даму жолын көре алады. Мұғалім сабақтың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында оқушыларды үнемі кері байланыс үдерісіне тартады.

Танымдық кері байланыстың сабақ барысындағы өзектілігі:

1) оқушы өз әрекетін реттей алады, сабақта не үшін әрекеттер жасалғанын түсінеді, өз оқуына жауапкершілік алады, болған жағдайға рефлексия жасап үйренеді, өзін-өзі реттеуге машықтанады.

2) мұғалім тиімді жоспарлауға, сабаққа нақты мақсат қоюға, оқушы ерекшеліктерін анықтауға, сабағына өзгеріс енгізуге мүмкіндік алады.

Осыған орай сабақта танымдық кері байланысты кеңінен ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелері:

1. Мұғалім кері байланысы уақытылы болуы тиіс, туындаған даудың әрқайсысына қолдау көрсете отыра тоқтату керек.

2. Бір сөзді қайта қолданудан қорықпаңыз, себебі айтылған ойдың түсінікті болғаны маңызды.

3. Кері байланыс субъективті және ойды талқылауға ашық.

4. Кері байланыс үдерісіне қатысушыларға мәселені жан-жақты талқылауға жеткілікті уақыт берілуі тиіс.

5. Сіз беретін кері байланыс оқушы жасаған жұмыс шеңберінде болуы керек. Оқушы сабақтың қай кезін фокус етіп алып тұрғаныңызды біліп, бар күшін салуға мүмкіндік алатындай болуы шарт.

6. Кері байланыс барысында адам қандай да сезімге ие, соның негізінде өзіндік пікір қалыптасады. Сезімнің жағымды болуына назар аударыңыз.

Кері байланыс орнату танымға бағытталуы тиіс. Кері байланыс ұйымдастыруда төмендегі қағидаттарды ұстану қажет:

1) бағыттаушы сұрақтардың маңыздылығын ескеру (қайда? қалай? кімдер? неліктен осылай жасады?);

2) кері байланыс үдерісінде қолданған әдістер жаңа немесе тың идея әкелуге бағытталсын (джигсо, сана аллеясы, пікірлер сызығы, стоп-кадр т.б.);

3) әдістер оқушылардың қалай оқу керектігін түсінуіне бағытталуы (метатаным);

4) ойларын жинақтау, зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында графикалық органайзерлерді қолдану (дара диаграмма, қос диаграмма, Венн диаграммасы);

5) берілген әдістер мақсатты өлшеуге бағытталсын (сабақта мақсат отбасы мүшелерінің мінезі болса, әдіс осы мақсаттың жүзеге асуын көретіндей болу керек. Атамның мінезі..., Әжемнің мінезі ...);

6) кері байланыс алу және беру мүмкіндігін ойластыру (әр сабақта 5 минут);

7) кері байланыс тұлғаны бағалауға емес, жұмысты түзетуге бағытталсын;

8) кері байланыс алу тек эмоция түрінде қалмасын (сабақ ұнады, ұнамады), әрине «ЖАРАЙСЫҢ!» деген сөз керемет. Бірақ, оқушының нені біліп неге үйрену керек екенін көрсете алмайды.

9) білімнің оқушы танымына қалай әсер еткенін өлшеу маңызды. Мысалы: «Сабақтан түйген 3 ой ..., осыған дейін таныс болған 2 ақпарат ..., түсініксіз 1 сұрақ ... жазыңыз» деген ұсыныстар сабақтан алынған білімге байланысты болуын ойластырыңыз.

10) сынып толығымен кері байланыс үдерісіне тартылуы тиіс;

Топтық жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың танымына оң әсерін тигізеді. Топтық жұмыстарды талдау мен модерация жасау кезінде төменгі қағидаттарды ұстану керек. Кері байланыс топтық жұмыста 3 ақпарат аймақ байланысын реттеу үшін қажет:

1) Жеке мәнді ақпарат аймағы (топта отырған бір мүшені қызықтыратын, оны дамуға жетелейтін ақпарат болуы);

2) Әлеуметтік мәнді ақпарат аймағы (топ мүшелерінің барлығының дамуына әсер ететін қажетті ақпарат);

3) Мазмұнды мәнді ақпарат аймағы (топтық жұмысты жүзеге асыратын нақты ақпарат).

Топтық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінде кері байланыстың екі түрі белгілі: *жағымды* (келісім, жағымды мінездеме, қолдау) және *жағымсыз* (пікірді жоққа шығару, теріс бағалау, нақты бір адамға бағытталған сын). Мұғалім мәселенің мән-жайын толық меңгеріп қана қоймай, кері байланыс берушілер мен алушылардың ерекшелігін ескеру керек. Кейде қатысушыны шектен тыс мақтау оның зерігуіне әкеледі немесе ирония ретінде қабылданады, қысқа, жағымды сөздерді қолдану, жағымды көзқарасты бекіту үшін қысқа негіздемелер келтіру. Жағымды кері байланыс топтың ахуалын немесе қатысушының жеке қанағаттанушылығын жақсартып қана қоймай, олардың топтық әрекеттегі белсенді рөліне жағдай жасайды.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

1) Көңіл күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл күйдің алуандығын білдіретін әртүрлі суреттер, түрлі-түсті карточкалар, бет әлпетті бейнелейтін карточкалар (смайликтер), көңіл күйді бояу түстерімен анықтау. («Ауа райы», «Бағдаршам» т.с.). Мысалы: «Алма ағашы» әдісі. Оқушыларға сабақ басында түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп

ойлаймын: менің көңіл күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ.

«Бір сөзбен» әдісі. Оқушылар өздеріне берілген сөздердің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай үш сөзді тандап айтады. (Төзімсіздік, Ашу, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану.)

2) Сабақтағы іс-әрекетке кері байланыс. Мысалы: «Табыс сатысы» әдісі: кәдімгі сатының суреті, сатының

1-баспалдағы. Мен..... БІЛЕМІН

2-баспалдағы. Мен..... ТҮСІНЕМІН

3-баспалдағы. Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН.

«Таңдау» әдісі.

1. Мен сабақ қызықты/қызықсыз болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: көп нәрсені үйрендім/үйренгенім аз болды.

3. Мен басқаларды мұқият/зейінсіз тыңдадым.

4. Мен пікір сайыстарға жиі/ сирек қатыстым

5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын/риза емеспін.

Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады.

3) Оқу материалының мазмұнының кері байланысы рефлексиясы

Бұрын мен білмеуші едім,.. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікір білдіру.

Синквейн әдісі, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты іс-әрекетін анықтауға, бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы: «Аяқталмаған сөйлемдер»

Бүгін мен..... білдім қызықты болды.

..... қиын болды.

..... тапсырманы мен орындадым. түсіндім.

Мен енді..... білемін.

Мен..... сезіндім

Мен..... білім алдым. Мен..... үйрендім.

..... менің қолымнан келді.

Мен..... жасай алдым.

Мен..... жасап көруге таппынамын. мені таң қалдырды. Сабақ менің өміріме..... берді. Менің..... жасағым келді.

«Плюс, минус, қызықты»

«Плюс» — он әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады.

«Минус» — қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.

«Қызықты» деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келеді, соны жазады.

Оқушылардан алынатын топтық кері байланыс сұрақтары да сабақта өз тиімділігін көрсетеді. Оқушылардан топтық кері байланыс алуға да болады. Топтық кері байланыс сұрақтары:

1. Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас тапсырманың орындалуына қалай әсер етті?

- жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті
- жұмыстың жақсы жүруіне кедергі болды
- біздің қарым-қатынасымыз тапсырманы нақты орындауға мүмкіндік бермеді, топтағы қарым-қатынасымыз тапсырма орындаған сайын нашарлап кетті.

2. Топтағы қарым-қатынас әсіресе қай дәрежеде көбірек іске асты?

- ақпарат алмасуда
- өзара қарым-қатынаста
- өзара түсіністікте
- осы дәрежелердің бәрінде іске асты.

3. Топ мүшелері тапсырма орындау барысында қандай деңгейдегі коммуникативтік қиындықтарды сезінді?

- ақпараттың аздығы, жетіспеушілігі
- коммуникативтік құралдың тапшылығы (сөз байлығының төмен болуы, ойды дұрыс жеткізе алмау)

- тілдік, сөйлесу қарым-қатынасындағы қиыншылық

4. Жұмыс барысында қарым-қатынас жасаудың қай стилі басым болды?

- бір адамға бағытталған стиль

5. Тапсырма орындау барысында топтау

- тапсырманы орындауға бағытталған ауызбіршілік сақталды
- топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды
- топтағы бірлік, ауызбіршіліктің бұзылғаны байқалды.

6. Топтағы сол жағдайдың болуына кім немесе не әсер етті?

- топтағы бір адамның өзін көшбасшылыққа итермелеуі
- топ мүшелерінің көбісінің ортақ қарым-қатынас орнатқысы келмеуі, немқұрайлылығы

- бірігіп істеуге берілген тапсырманы түсінбеу.

- берілген тапсырманың қызықсыз, қиын болуы

Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған: Чемодан, коқыс жәшігі, еттартқыш. Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чемоданға салады (жазады), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені коқыс жәшігіне салады (жазады), бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салады (жазады). Осылайша, қатысушылар қандай білім алғандарын көрсетеді.

Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат – баланың саналы ішкі рефлексиясы даярланады, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өз бетімен еңбектену, бәсекеге қабілеттілік, орындалады.

Кері байланыс мұғалімдерге біріншіден, оқытудағы кемшіліктерді анықтауға; екіншіден, келесі сабақтар тізбесінде өзгерістер енгізуге, яғни

оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануға; уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ барысындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын ала біледі. Сонымен қатар, кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Кері байланыстың тиімділігі – оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; оқушының қажеттілігін білуге болады; оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады. Мұғалімдер үшін тиімді жағы: оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды; келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге, яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тандауға және уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім беру үдерісінде кері байланыстың маңызы қандай?
2. Танымдық кері байланыстың сабақ барысындағы өзектілігі қандай?
3. Оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелері қандай?
4. Кері байланыс ұйымдастыруда қандай қағидаттар ұстану қажет?
5. Топтық жұмысты ұйымдастыруда қандай кері байланыс қолдануға болады?
6. Сабақтағы кері байланыстың неше түрі бар және оны қалай қолдануға болады?
7. Кері байланыстың мұғалімдер мен оқушылар үшін тиімділігі қандай?

ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА САБАҚТЫҢ ОРНЫ

Сабақ – бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушы топтарымен оқытуды ұйымдастыру формасы. Бұл формада оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттері: мақсат, мазмұн, құралдары, әдістері, ұйымдастыру және басқару қызметі және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Біртұтас дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту процесіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық-жекелей өзара қарым-қатынасына алып келеді, соның нәтижесінде оқушылар білім, білік және дағдыны иемденеді, олардың қабілеттері, қызмет тәжірибесі, араласуы мен көзқарастары дамиды, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі. Сонымен, сабақ, бір жағынан тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын,

мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастыру формасы түрінде анықталады. Мұғалім оларды басшылыққа ала отырып, сабақты оқыту процесінде оқушылардың тұрақты құрамымен мектептің күнделікті нақты жағдайында шешілуге тиісті дидактикалық міндеттердің (білім беру, тәрбие, даму) жүйесі ретінде дайындалады.

Сабақ типтері мен құрылымы: сабақтың типологиясы сабақты әртүрлі негізде топтастыра отырып, қазіргі зерттеулердің көпшілігі авторлық шешімін ұсынған басты күрделі дидактикалық міндеттердің бірі болып табылады.

С.В.Иванов, М.А.Данилов, Б.П.Есипов, И.Н.Казанцев, В.А.Онищук, Г.И.Шукиналар басты дидактикалық мақсатпен тәуелді болатын сабақтардың практикалық ұқсас түрлерін шығарған:

1. Кіріспе сабақтар.
2. Оқулық материалымен алғашқы танысу сабақтары.
3. Заң мен ережені танытудың, түсініктердің пайда болдыру сабақтары.
4. Практикада алған білімдерін қолдану сабақтары.
5. Дағдылану сабақтары.
6. Кайталау және талдау, қорыту сабақтары.
7. Бақылау сабақтары.
8. Аралас және құрастырылған сабақтар.

Сабақ түрлерін топтастыру принциптері әртүрлі болғанымен де, ішкі мазмұндары бір-біріне өте ұқсас келеді. Сабақта білім бере отырып, тиімді жолдармен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Ал нағыз сабақ – ізденісте екені айқын. Нағыз сабақ – ол әрқашан да диалог, іздене, дайындала, үйрене отырып, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Олай болса, ең алдымен шәкірттерді осы сабаққа, сабақтар арқылы пәнге, пән арқылы өмірге қажетті білім алуға қалай ұмтылдырамыз? Оқушыны қарапайым оқушыдан ізденушіге, ізденушіден зерттеуші дәрежесіне қалай жеткіземіз?

Жеке тұлғаның дербестігін ескеру мәселесі баланың ақыл-ой, таным деңгейін оның көзқарасымен, өзіндік ой-пікірлерімен, білуге ұмтылысымен, қызығушылығымен біріктіре қараудан басталады. Мұнда оқу әрекетінің нәтижесі ғана емес, баланың әрекетіне қозғаушы болып отырған себептерді ажырата білудің маңызы зор. Баланың оқуға деген құштарлығын оятатын күш оның сол білім алуға деген қызығушылығы болып табылады. «Оқу үдерісінің қандай мәселесі болмасын, бала психологиясына негізделмесе, оның жеке ерекшелігі ескерілмесе, оқытудың әдіс-тәсілін құбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде қолданылған сан алуан көрнекіліктер де жай, жасанды дүниеге айналады. Өйткені жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамдық тәжірибе мен кейбір қажетті нормаларды меңгерту арқылы жүзеге асқанымен, оқытудың мәні тек білімді түсініп, игертуде емес, сол нормалардың оқушы іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, қозғаушы-мотиві болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында», – дейді белгілі психолог Л.И.Божович. Бұл – оқытуды жақсартуда алдымен

педагог-мамандар бала психологиясын жақсы білу керек деген сөз. Содан кейін ғана сабақ үдерісін ұйымдастыруда басқа аспектілерді қарастыруға болады.

Өзін-өзі талдау – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің бір шарты. Өзіндік талдау – мұғалімнің келесі сабаққа дайындалудың бастамасы.

Қазіргі сабаққа қойылатын талаптардың ішінде сабақ сапасының негізгі критерийі – оқушылардың білімділігі, сабақтың мақсатына жету. Сабақтың нәтижелі болуының алғышарттарының бірі – мұғалімнің мәдениеті, жан-жақтылығы мен адамгершілігі.

«Сабақты зерттеу» бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ережесі:

5-6 адамнан тұратын топтарда мынадай сұрақтарды талқылауға болады:

• «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына ықпал ететін жағдайлар.

• «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына бөгет жасайтын кедергілер.

• «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына сіз қалай ықпал ете аласыз?

Сабақты талдау оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелерін бағалауда өте жиі қолданылады. Сабақта оқушылардың да, мұғалімнің де іс-әрекетін бақылауға болады, ол материалды меңгеруде пайда болатын қиыншылықтардың себебін білуге, сондай-ақ оқытудың тәрбиелік сипатын тексеруге мүмкіндік береді. Тұтастай оқыту үдерісінің жетістігі, негізінен, сабақтың сапасына байланысты. Сабақта орталық нүкте сияқты, педагогтің барлық іс-әрекеті, оның ғылыми дайындығы, педагогикалық дағдылары, оқушылардың ойлау жұмысын ұйымдастыру қабілеттілігі шоғырланады.

«Үздік» сабақтың алты белгісі:

- 1) оқушылар сабаққа түгел белсенді түрде қатысады;
- 2) оқыту орынды, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керек;
- 3) оқушыларға сабақ ұнайды және оларды өздерінің оқулары қызықтырады;
- 4) оқушылардың табысқа қол жеткізуі;
- 5) бағалау оқыту мен оқуға тиімді әсер етеді;
- 6) мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді.

Сабақтың шынайы құндылығы – оның нәтижесі оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі. Мұғалім сабақта сырттай тиімді тәсілдердің қандайын қолданса да, оқушылар тақырыпты меңгермесе, сабақты дұрыс өтті деп айтуға болмайды. Сабақта оқушы тек түсініп қана қоймай, білімнің белгілі бір мөлшерін меңгеріп, қажетті дағдылар мен біліктерді дамытуы керек.

Сабақтың талдауы белгілі бір сызба арқылы жүргізіледі және ол бақылап-зерттеудің міндеттеріне қарай өзгеріп отырады.

Жалпы түрінде бұл сызба келесі позицияларды айқындаудан тұрады:

1. Мұғалім белгілеген сабақтың мақсаты мен міндеттері; оларды орындау үшін сабақтың қандай түрі таңдалады?

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жұмыстың тәсілдері мен әдістері қаншалықты терең ойластырып, тандалып алынды?

3. Оқу үдерісіне деген қазіргі заман талаптары дұрыс жүзеге асып жатыр ма, сабақта оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту біртұтастығы орындала ма?

4. Сабақ ұйымдастырылуы жағынан қаншалықты дұрыс ойластырылып, жүзеге асырылған (өз уақытында басталуы, жүзеге асырылу уақыты мен материалдың көлемі жағынан, сабақтағы жұмыс минутының тығыздығы жағынан сабақтың әрбір құрамдық бөлігінің ойластырылуы); оқытуда даралық әдіс қолданылған ба, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізілді ме?

5. Оқушылардың сабақтағы белсенділігі қандай, олардың жана білім алуға деген ынта-ықыласы бар ма?

6. Сабақтың тәрбиелік, дамытушылық және оқыту мақсаттары жүзеге асырылды ма?

Сабақты түпкілікті, тұрақты критерийлер негізінде абстрактілі талдауға болмайды. Ең алдымен, әрбір сабақта жұмыстың барлық тәсілдері мен әдістерін іздеу қажет. Сабаққа талдау жасағанда келесі нақты жағдайларды ескеру керек:

1. Тақырыптың ерекшеліктері. Кейбір сабақтарда көрнекілік және техникалық құралдарды қолданудың, оқушыларды тақтаға шығарудың, кітаппен жұмыстың қажеті болмауы мүмкін.

2. Мектеп мүмкіндіктері, бөлмелердің, техникалық және көрнекті құралдардың, кітапханадағы қажетті кітаптардың, мектеп маңындағы алаңдардың болу-болмауы. Сабақты талдағанда мұғалімнің материалды терең оқып-білу үшін барлық қажетті заттарды қолданғанына көңіл бөлу керек, алайда, сонымен қатар, нақты орындалатын талаптар қою керек.

3. Сынып құрамы, оқушылардың дамуы мен қабілеттілігінің деңгейі. Сабақ туралы пікір оқушылардың жауабы, бақылау жұмыстары, сыныптың дайындығы негізінде құралатыны белгілі.

4. Мұғалімнің даралығы, оның жұмыс стажы, дайындық деңгейі, мінез-құлқының ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, жұмыстың бұрынғы нәтижелері.

Сабақтың талдауын сыртқы сараптамалық бағалаудың түрі ретінде қарастыруға болады. Сыртқы сараптамалық бағалау – бағалайтын құбылысын жақсы білетін және оған дұрыс, объективті баға бере алатын адамдар – сарапшылар пікіріне сүйенетін зерттеу әдісі. Сондықтан сабақ талдауын мектеп басшылығының өкілдері немесе тәжірибелі әріптес-ұстаздар жүргізеді. Сабақтың нәтижесін техникасының сызбасы талдау баспадан бірнеше рет жарық көрді. Ең орынды және дұрысы келесі сызба: педагог, өз пікір неше, неге жете алды, неге жете алмады деген сияқты өз сабағы туралы әңгімелейді; содан кейін барып сарапшы (жетекші) сабақтың дұрыс деген жақтарын ашады; осыдан кейін ғана дұрыс емес жақтарына талдау жасау керек; ең соңында сәтсіздіктерді қалай жеңу керектігі туралы ұсыныстар жасалады; талдау соңында педагогке өз пікірін білдіру үшін сөз беріледі, шығармашылық ғылыми айтыс, әңгіме жүргізіледі.

Психологиялық бақылау мен диагностика – психологтің педагогикалық ықпал-әсер нәтижелілігін анықтау мақсатында жүргізетін тексеру шараларының жиынтығы. Тексеру шаралары, негізінен, жай ғана бақылаудан, сабақтың

психологиялық талдауынан, тесттерден тұрады. Психологиялық диагностикада белгілі бір психологиялық міндеттерді орындау үшін арнайы тандалып алынған бірнеше әдістерді қолданады.

Психологиялық диагностиканың ең көп тараған түрі – тест. Психодиагностикада тестер арқылы белгілі бір зерттелетін психалық сипаттардың даму дәрежесінің салыстырмалы сандық және сапалық көрсеткіштерін алуға болады. Мұндай тест дәлдік, беріктік, объективтілік талаптарына сай болу керек. Тестің беріктігі – оның сол нәтижелерді бірнеше рет, ұқсас жағдайларда көрсету. Дәлдік – тестің тест жасаушысы өлшегісі келетін дәл сол психологиялық құбылыстарды тауып, өлшеуі. Айтылғандардан белгілі болғандай, бұндай тестерді жасау мен қолдану арнайы білім мен уақытты қажет етеді. Сондықтан психологиялық диагностиканы тек қана психолог-маман жүргізуі керек. Алынған мәліметтер негізінде психолог мұғалімге оқу-тәрбие үдерісін психологиялық қамтамасыз ететін кепілдеме дайындайды.

Осылайша, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелерін тексеру тұтас болу керек, ол жүйеде өткізілуі керек. Оны жүзеге асырумен мамандардың барлығы: ұстаздар, оқу мекемесі басшылығының педагогтары, психологтар, әдіскерлер айналысуы керек. Мектептерде педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін есепке алу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылауға еңгізілген.

Оқушылардың білімін есепке алу және бағалаудың қалыптасқан түрлерінің негізгі кемшіліктерінің бірі – оқушылардың бақылау жұмыстары мен өздігінен істейтін жұмыстарын күнделікті тексеру кезінде мұғалім өнімсіз еңбекпен көп шұғылданады. Білім тексеру мен бағалауда біраз уақытын жеке оқушыға бөліп не болмаса, жазбаша бақылау жұмыстарын кешенді талдау арқылы бағаламақ болып көп уақытын ысырап етеді. Тексеру мен бағалаудың озық технологиялық әдіс-амалдарын ойластырып жатпайды. Бұның соңы білім бағалаудағы субъективизмге әкеліп: баға оқушы мен мұғалімнің өзара қатынасына негізделеді, өзге оқушылардың білім деңгейімен салыстырала қойылады. Мұғалімдердің арасында бағаны оқушыға қысым көрсетудің, «қорқытып тәрбиелеудің» құралына айналдырушылар да кездеседі. Ондайлар сабақта тыныш отырмаған оқушыларға да «екілік» қояды. Кейбір ұстаздар бағаны қалтасынан беретіндей тым сарандық жасайды. Керісінше, «жақсы атты» болуға, оқушы тілін табуға тырысып «жомарт ағай, апай» атануға ұмтылатын әріптестеріміз де жоқ емес. Түптеп келгенде осы әрекеттердің бәрі оқушылардың сабаққа байланысты еңбегіне жасалған қиянат.

Бұл – жекелеген мұғалімдердің өз мамандығы бойынша теориялық білімі таяз, әдістемелік шеберлігі төмен, педагогика мен психологиядан білім деңгейі әлсіз, дидактикалық озық тәжірибелерді күнделікті жұмысына шығармашылықпен пайдалана алмайды деген сөз.

Білім бағалаудың бұлжымас төрт ұстанымы бар. Біріншіден, бағалау және баға – оқу үрдісінің ажырымас біртұтас құрамдас бөлігі. Бұл үш дәйектемеден тұрады:

а) бағалау – ынталандыру әдісі мен құралы, оқыту мен оқудың қозғаушы факторы;

ә) бағалау – емтихан не сынақ алу – білім сапасын жетілдірудің, оқушының басқа да қасиеттерін дамытудың, ұштаудың кепілі;

б) бағалау мұғалім мен оқушының жан-жақты ынтымақтастық қарым-қатынасын қалыптасырады, жағымды ықпал етеді.

Екіншіден, бағалау және баға оқушыларды өмірге үйретеді, дайындайды, бейімдейді. Бұл ұстаным өзара сабақтас үш дәйектемеден тұрады:

а) үлгірімді жоғарылату ісіне әсер етеді;

ә) тәрбиенің маңызды құралы;

б) оқушылардың белсенділігін арттырудың құралы.

Үшіншіден, бағалау мен баға барлық оқушылардың дамуына ықпал етеді.

Төртіншіден, бағалау әрқашанда әділетті сипатта болуы керек, сонда ғана оның ғылыми-дидактикалық тұрғыдан нәтижелілігі қамтамасыз етіледі.

Өзін-өзі бағалау кіші жастағы оқушының өзінің табыстары мен сәттіліктерін, оқу мақсатына қарай жылжудың сипатын бағалауға мүмкіндік береді. Б.Ананьев өзін-өзі бағалауды оқыту үрдісінде жүзеге асатын тұлғалық білім алу, белсенді қалыптасу ретінде қарастырады, оның оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпалы бар екендігін айтады. Оның пікірінше, оқу үрдісінде өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы, педагогтардың, сыныптағы және отбасы тұрмыстық ортаның ықпалымен жүзеге асады. Ол «оқушыда оның білімдері, жетістіктері мен үлгермеушілігі жайлы түсінік тоқсанның аяғандағы бекітілген үлгірім бойынша ғана емес, сондай-ақ, оқу үрдісінде жекелеген парциальдық бағалар бойынша да қалыптасатындығын, мұғалімнің жеке парциальдық бағалауы неғұрлым айқынырақ, нақтырақ болса, оқушының білімге соғұрлым бейімделе түсетінін» атап көрсетеді.

Бұл ұстанымдар А.Липкина зерттеулерінде әрі қарай дамытылған. Автор кіші жастағы оқушының өзін-өзі бағалауының қалыптасуына ықпал ету оқу пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістерімен, оқыту үрдісінде оқушылар арасында орнатылған қарым-қатынастар жүйесімен анықталатындығын айтады. Кіші жастағы оқушының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру негізіне оқушының әрекетке қосылуы ғана емес, сондай-ақ, оның нәтижелерінің бағалануы қажет деп есептейді.

Ш.Амонашвилидің пікірінше, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін жеке бағалаушылық пайымдауда оқушы бетке ұстайтын ерекше бағалау өлшемдері құрылуы қажет. Ол «белгілі бір үлгі өлшемдерді, олармен жұмыс істеу жолдарын меңгерген бағалаушылық пікірлер үлгілерін, жолдастарының жұмыстарына қатысты мазмұнды бағалау тәжірибесін игерген оқушы өзінің жеке оқу-танымдық әрекетіне бағалау бөлігін белсенді енгізе алатындығын» атап көрсетеді.

М.Львов зерттеулерінде оқушының өзіндік бағалауын қалыптастырудың маңызды қыры ашылады. Оның пікірінше, оқушыны әрекет субъектісі ретінде қалыптастырудың келесі міндеті мынадай шарттармен қамтамасыз етіледі:

- сыныптағы еркін хал-ахуал;

- мұғалім тарапынан оқушыларға сенім білдіру және құрмет;

- жаңа білім алуда оқушыларға дербестік берілуі;

- мұғалімнің әрбір оқушының оқуға көңіл күйін, қызығуын, қабілеттерін назарға алуы;

- жалпы мәдени жағдай, мұғалім мен оқушылар дамуының жоғары деңгейі.

Н.Калашникова мен Ю.Иванов өзіндік жұмыс үрдісінде оқушыларды оқытуда жеке компьютерлерді қолданып оқу әрекетін қалыптастыруды зерттей келе, өзіне-өзі баға беруді күрделі ерекше оқу әрекетіне айналдыру үшін мұғалімнің оқу міндеттерін белгілеу жеткіліксіз деген тұжырымға келген. Олардың пікірінше, болжаушылық және өткенге мән берушілік өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, сондай-ақ, оқу әрекеті құрылымының тұтастығын сақтауды қамтамасыз ету үшін оқыту үрдісінде әр оқушыға арналған оқу міндеттерін жете түсіну, қабылдау және құрастыру кезеңі қарастырылуы қажет. Бұл пәндік әрекет етудегі өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың жаңа қырын ашады, алайда, кіші жастағы оқушыны оқытуға мұндай кезеңнің енгізілуі оның құралдары мен тәсілдері жайлы мәселені шешуді қажет етеді.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау жасау келесі тұжырымға келуге негіз болады, өзін-өзі бағалау оқушының оқу-танымдық рөлі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады.

1. Өзін-өзі бағалау оқыту үрдісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады, оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпал жасайды.

2. Өзін-өзі бағалау – оқу әрекеті тұтастай құрылымының ерекше бөлігі, оның қызметі оқушы осы әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білу болып табылады.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауын және оның оқу-танымдық әрекеттегі рөлін зерттеу үшін А.Липкинаның «Үш баға» әдістемесін пайдалану ұсынылады. Бұл әдістемені жүзеге асыру үшін оқушыларға тапсырманы (өткен материал негізінде) жазбаша түрде орындау ұсынылады. Оқушылардың жұмысын үш бағамен: теңбе-тең, көтермеленген, төмендетілген деп бағалайды. Нәтижелерді тарату алдында балаларға олардың жұмысын түрлі мектептен үш мұғалімнің тексергенін және әрбір мұғалімнің орындаған тапсырма жөнінде өз пікірі болғандықтан, олар түрлі баға қойғандығы хабарланады. Бұдан соң әрбір балаға ол өзі келіскен бағаны дөңгелектеп белгілеп қою ұсынылды. Әрі қарай жеке әңгімелескенде, балалар мына сұрақтарға жауап беруі мүмкін:

1. Сен өзінді қандай оқушымын деп санайсың? (Орта, әлсіз, әлсіз немесе күшті).

2. Қандай бағалар алғанда қуанасың, қандай бағалар қынжылыс туғызады?

3. Сенің жұмысың «үш» деп бағалауға лайық, алайда, мұғалім саған «бес» қойды. Сен бұған қалай қарайсың, қуанасың ба, әлде қынжылыс білдіресің бе?

Кіші жастағы оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі мынадай көрсеткіштер бойынша анықталады.

1. Өзін-өзі бағалаудың мұғалімнің теңдес бағалауына сәйкес келмеуі.

2. Өзін-өзі бағалау дәлелдемелерінің сипаты: а) орындалған жұмыстың сапасына бағдарланған дәлелдеме; ә) кез келген басқа дәлелдемелер; б) оқушының өзіне шығарған бағасы мен қойылған сұрақтарға жауаптардың сәйкестігі дәрежесі талқыланған өзіндік бағалаудың беріктегі немесе босандығы.

Кіші жастағы оқушылардың (әсіресе үлгерімі нашарлардың) бағалаушылық ұстанымын анықтаудың қалыптаса бастаған маңыздылығын отандық психологтар зерттеулерінде дәлелденеді, олар үлгерімі нашар оқушыларда уақыт өте келе мүмкіндіктерін жете бағалаушылық тенденциясы артады деген тұжырымға келді. Үлгермеушіліктің жетістіктен басым тұруы олардың жұмысының мұғалімнің төмен бағаларымен бекітіле түсуі өзіне-өзі сенімсіздікті арттырып, жарамсыздықты сезінуге және нақты мүмкіндіктермен салыстырғанда талаптану деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Бір жағынан оқудағы табыстар өзін-өзі бағалауға ықпал етуі мүмкін, ал екінші жағынан, оқушының мұғалімнің жауаптары көмегімен өзін-өзі бағалаудың жақсаруы оқу-танымдық әрекеттегі үлгерімінің артуына алып келуі мүмкін. Мұғалім – оқушы балалар үшін ең маңызды тұлға, баланың өзін және айналасы қабылдауы көбіне оның қарым-қатынасына тәуелді. Сондықтан, мұғалімге өзін-өзі бағалауды жалпы оқу білігі ретінде қалыптастыру үшін мына жағдайларды қамтамасыз етуі қажет деп айтуға болады.

1. Оқу-танымдық әрекет үрдісінде балаларда өзін-өзі жағымды бағалауды қалыптастыруға ықпал жасау.

2. Балалардың дербес және шығармашылық тұрғыдан көрінулерін ұдайы дамыту.

3. Әрбір балаға оған деген қызығу көзқарасының бар екендігін сезіндіру, мұның өзі балада қорғаныш сезімін, өздерінің күштеріне сенімділікті туғызады.

Бұл шарттар сақталған жағдайда балалардың төмендегідей біліктерді меңгеруіне мүмкіндік туады:

- өзін түсіну және қабылдау;
- сезімнің сыналуды еркін бағдарлау;
- сезімдік әсерленушіліктердің сипатын анықтау (ұнамды, ұнамсыз, тандау, қорқу және т.б.).

Сонымен оқу әрекетінің бөліктері ретінде өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға бағдарланған оқыту жоғары пәндік білімдер, біліктер мен дағдыларға қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, кіші жастағы оқушылардың тепе тең тұлғалық өзін-өзі бағалауы қалыптасуына ықпал етеді.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуы мен даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын инновациялық іскерлікпен пайдалану болып табылады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. «Сабақтың шынайы құндылығы» ұғымын қалай түсінесіз?
2. Сабақта қандай позициялар айқындалады?
3. Сабақта талдау жасағанда қандай жағдайлар ескерілу керек?
4. Сабақ үдерісінде білімді бағалаудың ұстанымдары қандай?
5. Сабақ үдерісінде өзін-өзі бағалауды қамтамасыз ету үшін қандай алғышарттар қажет?
6. Сабақ қандай типтер мен құрылымнан тұрады?
7. «Сабақты зерттеу» бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ережесі қандай?
8. Сабақ туралы айтқан ғалымдардың пікірлерін өз ойыңызбен тұжырымдаңыз.
9. Өз қалауыңыз бойынша бір сабақтың жоспарын жасаңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ҮШІН БІЛІМ МЕНЕДЖЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Білім менеджерінің инновациялық іскерлігі әртүрлі инновациялық әрекеттерінің жиынтығын көрсетеді. Сондай-ақ білім менеджерінің жеке психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін айқындап, оның кәсіби біліктілігін дәлелдейді. В.Беспалько, Л.Выготский, Л.Занков, И.А.Зимняя, М.Эрдниев, Д.Б.Эльконин, Ш.А.Амоношвили, В.П.Шаталов, В.М.Монахов, казахстандық Ж.А.Қараев, Ә.Жүнісбек, М.М.Жанпейсова, т.б. ғалымдар оқу-тәрбие үрдісіндегі білім менеджерінің инновациялық іскерлігін ғылыми түрде талдап негізгі үш іскерлікке ерекше мән берген. Олар:

- мұғалімнің өзі толық меңгерген оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін инновациялық технология жағдайына ауыстыра білу іскерлігі;
- сабақта пайдаланған әрбір жаңа инновациялық технология үшін жаңа шешім таба білу іскерлігі;
- нақты инновациялық жағдаяттарды шешу үшін жаңа тәсілдер, жаңа стратегиялар қалыптастыра білу іскерлігі.

Бұлардан басқа А.К.Маркова инновациялық іскерлікті топтап, сипаттама берген. Осы топтардың әрқайсысы инновациялық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруға, белгілі бір мақсатқа сай бағытталған. Олар:

- ✓ дамыта оқыту бағытындағы Л.Выготский, Д.Эльконин, В.Давыдов, Л.Зимняяның инновациялық іскерліктері;
- ✓ бағдарламалап оқыту технологиясы бойынша В.Беспалько, М.Кларин, Н.Талызина, В.Оконьнің инновациялық іскерліктері;
- ✓ дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы бойынша П.М.Эрдниевтің сызба үлгілері;
- ✓ қарқынды оқыту технологиясы бойынша В.Ф.Шаталовтың;
- ✓ коммуникативтік оқыту технологиясы бойынша Е.И.Пассованың;

- ✓ педагогикалық технологияны ұйымдастырудың және басқарудың тиімділігін арттыру технологиясы бойынша В.В.Фирсовтың;
- ✓ дифференциалпап оқыту технологиясы бойынша Н.П.Тузиктің, М.Монаховтың;
- ✓ оқытудың жеке технологиясы бойынша А.С.Границкаяның;
- ✓ педагогикалық технология оқу материалын дидактикалық қайта құру мен жетілдіру негізінде ақыл-ой әрекетін қалыптастыру теориясын жүзеге асыру технологиясы бойынша С.Френстің;
- ✓ модульдік оқыту технологиясы бойынша К.Вазина, Ж.А.Қараевтің, М.М.Жанпейісованың;
- ✓ ізгілікті-тұлғалық технологиясы бойынша Ш.А.Амановилдің;
- ✓ проблемалық технология бойынша П.И.Третьяковтың;
- ✓ сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы;
- ✓ қашықтан оқыту технологиясы;
- ✓ деңгейлеп оқыту технологиясы;
- ✓ ақпараттық технологиялары;
- ✓ кредиттік оқыту технологиялары бойынша инновациялық іскерлік көрсеткен авторларды айтуға болады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі – мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. Ғалымдар педагогикалық іс-әрекетті білім берудің ізгіліктік парадигмасы негізінде қарайды, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін бағалау критерийлерін қарастыруда. Мәселен, ғалым И.И. Цыркунның зерттеуіне сүйенсек, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің бағыттылығын төмендегідей сипаттауға болады:

- Білім беру мазмұнын жаңарту: жаңа оқу бағдарламасын жасау, интегративті, элективті курстар, факультативті курстар үшін жаңа бағдарламалар құру;
- Тәрбиелеу мен оқытудың жаңа технологияларын қарастыру: оқытудың жаңа технологиясын жасау, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа іс-әрекеттерін анықтау;
- Білім беру мекемелерінің білім беру тұжырымдамасын модельдеу;
- Оқушыларды дамыту мен олардың танымдық іс-әрекеттерін бағалаудың диагностикалық әдіс-тәсілдерін іздестіру;
- Білім беруді басқару мен өзін-өзі басқарудың жаңа менеджменттік жүйелерін құрастыру және т.б.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Сондықтан қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту үшін жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға, икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, білім менеджеріне инновациялық іскерліктің өте қажет екенін дәлелдейді. Білім менеджерінің инновациялық әрекеті саналы

болуы үшін ол педагогика ғылымының заңдылықтарын, тәлім-тәрбие міндетінің қоғамның мақсаты мен талап тілегінен туындайтынын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет дамудың көзі екендігін, қарама-қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, оқыту мазмұны мен жоспарын, оқу бағдарламасының оқу-тәрбие мақсатымен сәйкестігін нақты білу керек. Бұл білімдер білім менеджерінің педагогикалық үрдісте қателіксіз еңбектенуіне мүмкіндік береді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде білім менеджерінің инновациялық іскерлігіне байланысты мәселелер жан-жақты қарастырылған. В.А.Сластенин мен Л.С.Подымова инновациялық іскерлікті шығармашылық пен кәсіпшіліктің сәйкестілік тұрғысынан қарастырады. Авторлардың айтуы бойынша, инновациялық іскерлік мәнін акмеологиялық тұрғыдан талдау менеджердің жеке бас дамуының заңдылықтарын түсінуге мүмкіншілік туғызады. Белгілі зерттеушілердің (А.А.Бодалев, Ф.Н.Гоноболин, В.А.Кан-Калик, С.В.Кондратьева, Н.В.Кузин) және т.б. еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы туралы түсінік жан-жақты қарастырылған. Олар мұндай қасиеттерге: жалпы және кәсіби мәдениет, педагогикалық бағдарлылық, моральдық қасиеттер, дидактикалық қасиеттер, ерік қасиеттері, сөйлеу қабілеттері, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, педагогикалық елестетуді жатқызады. Бұл ғалымдардың еңбектерінде іскерліктің екі үлкен тобы жіктелген: операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім беру үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі қарым-қатынас құруға қажетті әлеуметтің және жеке бас іскерліктері жатады.

Инновациялық іскерлік сонымен қатар, жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты. Ал іскерліктің «негізгі құрастырушысы» ретінде Б.Ф.Ломов мыналарды бөліп көрсетеді: мотивті, мақсатты, жоспарлауды, күнделікті мағлұматтарды өңдеуді, оперативті бейнелеуді, шешім қабылдауды, іс-әрекеттерді, қорытындыны тексеру және әрекеттерді түзету. Автордың айтуы бойынша, білім менеджерінің инновациялық іскерлігінің диагностикасында ескерілетін бірнеше ережелер қатары бар:

1. Өз қызметін және әріптестерінің қызметін, оның тиімділігін бірізді талаптар бойынша жан-жақты бағалауға үйрену.
2. Ұжымдық істі ұжымдық талдау жасауға, өз жұмысының өзіндік талдауына үйрену.
3. Өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшу, өзіне және басқаға талап қоя білуге үйрену.
4. Мұғалімдердің инновациялық қызметін бағалау белгілеріне сүйеніп, педагогикалық қызметті сараптау.

Инновациялық іскерлік – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісі. Білім менеджерінің инновациялық іскерлігі келесі белгілермен сипатталады:

- ♦ өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілеті;

◆ жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігі;

◆ жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізу;

◆ педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасау;

◆ педагогикалық кертартпалықпен, догмамен, артта қалушылықпен белсенді күрес жүргізу.

Айтылғандарды есепке алғанда, білім менеджерінің инновациялық іскерлігінің көрсеткіштері мыналар:

◆ педагогикалық еңбектің тиімділігі;

◆ оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;

◆ жеке тұлғаның шығармашылық тұлғасының қалыптасуы;

◆ мұғалім беделінің өсуі;

◆ оқушылардың істі талдау әдіс-тәсіліне, диалектикалық ойларға үйренуі;

◆ оқу және тәрбие үрдісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашылулары.

Инновацияның мазмұндық құрылымына кіретіндер – білім беру-тәрбиелеу үрдісінде, оқу-тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

Білім менеджерінің инновациялық іскерлігі төрт түрлі өлшеммен сипатталады:

◆ инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі;

◆ оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылықпен қызмет етуге даярлығының болуы;

◆ енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына, тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;

◆ белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық қабылдап, оны енгізе білуі.

Білім менеджерінің инновациялық іскерлігін сипаттайтын негізгі міндеттері:

◆ жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау;

◆ жаңалықтың жетімсіз жақтарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезінде толықтыру мақсатын көздеу;

◆ жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін тандап алу, мәні мен зерттелуін анықтау;

◆ жаңалық енгізілетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау.

Сонымен инновациялық іскерлік – білім менеджерінің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізу.

Инновациялық іскерлікті жүзеге асыру әрекетінің нәтижесі – жаңа білім беру бағдарламаларымен, әдіс-тәсілдерімен танысып, талдау; оларды өз жұмысында қолдану туралы шешім қабылдау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді өз

еңбегінде қолдану мақсаттарын белгілеу; эксперименттік жұмыстың кезеңдерін жоспарлау; алдағы қиыншылықтарды болжау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді, идеяларды педагогикалық үдеріске енгізу; инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау, талдау.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновациялық шарттарды С.Аманжолова, С.Нұрланбекқызы, К.М.Нағымжанова, С.К.Омарова, Б.Өтешова, т.б. педагог-ғалымдар зерттеген. Соңғы жылдары осы саладағы жұмыстардың көлемі арта түсіп, жалпы педагогикалық шарттардың, оның ішіндегі инновациялық технологияға қатысты бірқатар аспектілер, шарттар зерттеле бастады. Шарт оқиға саласының, зағтар өзгеруінің және әлемнің объективті құрылысының жүруін анықтаушы ретінде қарастырылады. Адам іс-әрекеті білімнің екі тегінің негізінде жүзеге асады: қоршаған шындық /объект/ туралы білімдер және ондағы іс-әрекет, іс-әрекет тәсілдері жөніндегі білімдер. Педагогикалық шарттар – иновациялық іс-әрекеттердің мазмұндық сипаттамаларын құрастыру және нәтижеге жету. Білім беру үдерісіндегі оқытудың инновациялық технологиясын енгізудің педагогикалық шарттары:

- білім алушыға инновациялық технологияларды ендірудің қажеттілігін ұғындыруы;

- білім алушының бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілетті сіндіру;

- инновациялық технологияны пайдаланудың әдіс-тәсілі;

- инновациялық іс-әрекетке қатысушыларды жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандыру;

- педагогикалық үдерісті қалыптастыруға инновациялық технологияларды ендірудің қажеттілігін ұғындыру;

- оқытушының инновациялық технологияны игеруі;

- инновациялық технологияны пайдаланудың әдіс-тәсілін оқытушының меңгеруі;

- инновациялық технологиялардың оқыту материалдарының мазмұнына сәйкестігі;

- инновациялық білім беру үдерістері жұмыс істейтін оқу және білім беру ортасының ғылыми әрі оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі;

- жаңалықтарды сәтті игеруге қажетті барлық ресурстарды дайындау;

- оқу материалдарының көлемін және пәндік дайындықтың қысқартылған мерзімін ескере отырып, оқыту әдістері мен түрлерінің ең оңтайлы үйлесімділігін талдау.

Педагогикалық технологиялар кәсіби және отбасы сфераларында бірдей табысты, өзімен де, өзгелермен де үйлесімді өмір сүре алуға икемді тұлға қалыптастыра алатындай болу қажет. Бұл инновациялық технологияларды оқып үйрену нәтижесінде білім алушылардың бойында жаңа педагогикалық технологияларды меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану дағдылары мен шеберліктері қалыптасуы тиіс. Білім менеджерінің инновациялық іскерлігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі;

инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Педагогикалық зерттеулерде «оқыту жүйесін интенсификациялау» тақырыбына қатысты үш түрлі: ерекшелік, назар аудару және есепке алу атты атаулар кездеседі. Бірінші мәселе бойынша оқыту жүйесінің дәстүрлі үрдістен ерекшелігі – ондағы интенсификациялық көріністер білім сапасын оқу бағдарламаларын толығынан қамти отырып ұйымдастыру, оқытудың сапалық көрсеткіштерге арқа сүйеуі, пән мұғалімдерінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру барысында оқу құралдарын пайдалануда прогрессивтік методикалық тәжірибелерді қолдану, білім ордасының материалдық-техникалық базасын нығайту және оқыту барысында техникалық һәм автоматтандырылған инновациялық педагогикалық тәжірибелерді барынша ендіру болып табылады. Оқыту жағдайындағы келесі түрдің қолданысқа енуі тек интенсификациялық әрекеттер негізінде мүмкін болмақ. Оқушылардың білім стандарттарын толыққанды игеру барысында берілген тапсырманы тек орындап қана қоймай, оның негізгі түйіндерін саралай білуге бағытталған бұл шара көп жағдайда ұстаздың шығармашылық шеберліктері арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш педагогикалық шарттар оқыту жүйесінің интенсификациялық моделін қалыптастыруға арқау болады. Үшінші түрдің негізгі бағыты оқыту үдерісі кезінде ғалымдар кеңесі мен мұғалімдердің практикалық әрекеттерінен туындаған әдістер мен құралдардың жалпы оқыту жүйесінің сапасын арттыруда қаншалықты тиімді ықпалын тигізгені есепке алынуы шарт.

Оқыту жүйесінің интенсификациялық моделінің ерекше белгілеріне төмендегідей алғышарттар жатады:

- білім мазмұнын тереңдету барысында қарапайым тақырыптан жалпы заңдылықтарға ұласқан генерализациялық үрдістің қалыптасуы;
- оқушының жалпы дамуын қамтамасыз ететін білім мазмұнын автоматты түрде қабылдауға жол ашып, мақсатсыз көп тапсырмалардан арылуға мүмкіндік туғызады;
- білім алу мерзімін оқу стандарттарын сақтай отырып қысқарту;
- оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыру барысында олардың денсаулықтары мен психикалық жүктемелерінің қалыпты жағдайда сақталуы;
- өскіннің білім мазмұнын автоматты түрде сапалы меңгеруіне, білім дағдысын қалыптастыру барысында оқу жүктемелері мен оқу бағдарламаларының толық қамтылуы, мектеп практикасындағы оңтайлы атмосфераның сақталуы мен профилактикалық шаралардың қолға алынуы және оқушының денсаулығы мен психологиялық ахуалына нұқсан келтірілмейтін жағдайлардың қалыптасуы орын алады. Бұл педагогикалық процесс ғылыми талаптар негізінде жүйелі тұрғыда бақылауға алынып, сарапталынып отыруы шарт.

Оқу үрдісі жағдайында жүйелілік әрекеттің нәтижелі белгісі оқушы мен ұстаз арасындағы ерекше қарым-қатынастың қалыптасуы болып табылады.

Мұндай педагогикалық алғышарт оқыту мазмұнын сапаландыру барысында төмендегідей жетістіктерге қол жеткізеді:

- оқыту үрдісіндегі интегративтік көріністің белең алуы;
- білім беру тәжірибесіндегі құрамдас компоненттердің барынша көрініс табу және нәтиже беруі;
- білім мазмұнын игеру жағдайындағы қосымша бөліктер мен компоненттер арасындағы байланыстардың нығаюы;
- жалпы функционалдық әрекеттердің тұтас қамтылуы;
- коммуникативтік байланыстың қалыптасуы және үстемдік етуі;
- мақсат пен мүдделердің айқындалуы;
- білім жүйесін басқарудың тиімді формасының қалыптасуы.

Оқыту жүйесін интенсификациялау мен оптимизациялау үдерісіндегі негізгі педагогикалық алғышарттар:

1. Білім дағдыларын игеру барысында оқыту үдерісінің эффективті жолдарын іздестіру, уақыт пен еңбек көрсеткіштерін үнемдеу, жұмыстың нәтижесін арттыру барысында адам және материалдық ресурстарды рационалды пайдалану.

2. Білім алушылардың білім дағдыларын игеру барысындағы түрлі ақпараттарды қабылдаудың психологиялық ерекшеліктеріне мән беру. Алған білімдерді ой елегінен өткізе отырып қосымша білім алу барысында оны тиімді пайдалану.

3. Алған білімдерінен нәтиже шығару барысында оқушылар мен ұстаздардың жалпыға тиімді танымдық бітім кеңістігінің қалыптасуына жағдай туғызу; олардың өз біліктіліктерін арттыру барысында жан-жақты дамуына, қосымша білім дағдыларын игеруге мүмкіндік жасау.

4. Педагогикалық бағыт негізінен оқу-тәрбие жұмыстарын қамти отыра, оқу үдерісі мен бағдарлама талаптарынан ауытқымай өз кезегінде оқушылар санасында білім мен ғылымға деген қызығушылығын туғызу, қоғам құндылықтарын тану мен терең түсіну, игеру сынды жауапты талаптарды орындау болып табылады.

5. Білім алу барысында әр оқушының білім ордасындағы техникалық құралдар мен танымдық маңызы зор басқа материалдық игіліктерге терең назар аударуы, білім алу кезінде екіжақтылы оңтайлы атмосфера қалыптастыру арқылы жұмыс пен қызмет әрекетін жақсарту шараларын қолға алу.

Жалпы оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі мақсаты қоғамдық қажеттіліктерден туындаған әлеуметтік тапсырыстарды орындау екені мәлім. Сол себепті осы тапсырысты қамтамасыз ету ісі білім жүйесіне тиесілі. Білім беру ісін ұйымдастыру – жоғарыда аталып өткен жүйелілік ғылыми талаптың басты шарты. Осы мәселелерді толыққанды жүзеге асырушы біріншіден, білім ордасы болса, келесі аса жауапты миссия педагог-ұстаздардың құзырында.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Зерттеуші-ғалымдар білім менеджерінің инновациялық іскерлігінің қанша түрін айқындаған?

2. Білім менеджерінің инновациялық іскерлігінің көрсеткіштері қандай?
3. Білім менеджерінің инновациялық іскерлігі сипатталатын өлшемдер?
4. Инновациялық іскерлікті жүзеге асыру әрекеті қандай нәтижемен айқындалады?
5. Білім беру үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларды енгізудің педагогикалық шарттары қандай?
6. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновациялық шарттарды қандай ғалымдар зерттеген?
7. Инновациялық іс-әрекетті тиімді ұйымдастырудағы педагогикалық технологияларға сипаттама беріңіз.
8. Оқыту жүйесінің интенсификациялық моделінің ерекше белгілеріне қандай алғышарттар жатады?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Бүгінгі мемлекеттің білім беру саласындағы тұжырымдамадағы міндеттердің бірі – білім беру жүйесі мен оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістерін және мазмұнын жетілдіру, әдістемелік жағынан дамыту. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім алушы іс-әрекетінің мазмұны – ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білімділік дағдыларын жетілдіру. Оқытушының міндеті – білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, білім алушыға бағыт, бағдар беру.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқытушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

«Инновация» ұғымына ғалымдардың көбі әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, зерттеушілер инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация –

нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Өдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т: «Жанару» дегенді былай деп түсіндіреді: «Жанару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея».

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады;
 - қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
 - оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
 - саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.
 - ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;
 - иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;
 - ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады.
- Инновация модификациялық, комбинаторлық, радикалдык деп үш түрге бөлінеді.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектi және оны көптеген мұғалiмдердiң пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгiлi әдiстеме элементтерiн жаңаша құрастыру. Бұған пәндердi оқытудың қазiргi кездегi әдiстемесi дәлел.

Радикалдық инновацияға бiлiмге мемлекеттiк стандарттарды енгiзу жатады. Мемлекеттiк стандарт бiлiм беруде, негiзiнен, мөлшерлердi, параметрлердi, деңгейлiк және сапалы оқытудың көрсеткiштерiн қалыптастырады.

Инновациялық процестердi ендiруде өзара байланысты үш принцип анықталады: енгiзiлген технологияның ерекшелiктерiмен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетiмен; жаңалықты енгiзу жолдарымен. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсiптiк қызметтiң ерекше түрi болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшiн педагогикалық аса зор тәжiрибенi жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметiне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгiлi iскерлiк қасиетi бар адамды қажет ететiн жұмыс. Шындығында да әрбiр педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзiн-өзi дамытады және өзiн-өзi қалыптастырады. ХХI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсiби бейiмделуiн қалыптастыру мәселелерi – кезек күттiрмейтiн өзектi қоғам талабы.

Бiлiм сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды педагогикалық үдерiсте қолданудың тиiмдiлiгi:

– бiлiм алушылардың бiлiм, бiлiк сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлерi сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже бiлiм менеджерiнiң кәсiби бiлiктiлiгiне тiкелей байланысты;

– жаңа инновациялық технологияларды енгiзу жүйелi әрi мақсатты түрде жүргiзiлгенде ғана жетiстiкке жетуге болады;

– жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгiзу барысында әрбiр оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгiнгi талапқа сай еместiгi әрi жетiспеуi, кадрлық әлеуметтiң төмендiгi көп кедергi жасайды.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негiзгi, басты мiндеттерi мынадай:

– әрбiр бiлiм алушының бiлiм алу, даму, басқа да iс-әрекеттерiн мақсатты түрде ұйымдастыра бiлу;

– бiлiм мен бiлiгiне сай келетiн бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

– өз бетiнше жұмыс iстеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

– аналитикалық ойлау қабiлетiн дамыту.

Бiлiм беру жүйесi алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық iс - әрекеттi дамыту әдiстерiн iздестiруде. И.П.Павлов «... жақсы әдiспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдiспен ұлы адамның өзi де текке жұмыс iстейдi» - деген болатын. Мiне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгiлi әдiстердiң рөлiн бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңiнде адам ақыл-ойының «терең қайнарына

бойлай алатын» әдiстердi пайдалану жолындағы iзденiстер мен ұсыныстар бүгiнгi таңда өзектi болып отыр. Қазiргi таңдағы елiмiздегi бiлiм беру жүйесiндегi ең басты мiндетi – бiлiм берудiң ұлттық модульiне көшу арқылы жас ұрпақтың бiлiм деңгейiн халықаралық дәрежеге жеткiзу. Қазiргi заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиiс. Мұғалiм иннотехник дәрежесiне көтерiлу үшiн инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейiн пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектiгiне тиiмдi зерттеу жүредi. Яғни әрбiр инновациялық технологияларды меңгередi, содан кейiн меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткiзедi, мұғалiм талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы бiлiм алушының табиғи дарын, қабiлетiн ашу, жас ерекшелiгiн ескере отырып, технология элементтерiн тиiмдi пайдалана алу керек.

Инновация – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бiрiншi рет жүзеге асыру, ғылым жүзiнде пайда болса да практикада негiзделген. Жаңалық енгiзу – мекемеге, ұйымға жергiлiктi аймақтық, мемлекеттiк мекемелерге енгiзiлген үлгiге бағытталған. Инновация сөзi латын тiлiнен аударғанда жаңалықты ендiру деген мағынаны бiлдiредi.

Инновациялық оқыту – бiлiммен қаруландырудың ерекше түрi, дәстүрлi оқытуға балама оқыту. Инновациялық оқытудың дәстүрлi оқытудан айырмашылығы – болашаққа әртүрлi көзқараспен қарау. Қазiргi кезеңдегi дәстүрлi оқыту бұрын қайталанған iс-әрекет ережелерiн меңгеру қағидасына негiзделген болса, ал инновациялық оқыту жаңа, тiптi белгiсiз жағдайда өзiнiң қабiлетiн жетiлдiруге, дамытуға бағытталған өзара бiрлескен iс-әрекеттер жиынтығынан құралады. Соның нәтижесiнде адамның ойлау жүйесiнде, санасында өзгерiстер болып, бiлiм берудiң қазiргi жүйесiнде маңызды өзгерiстер болады. Мәселен, ғалым В.Я.Ляудистiң зерттеу тұжырымдамасында оқыту тарихи өзгерiске ұшырап отыратын әлеуметтiк институт, ал оқу – әлеуметтiк iс-әрекеттiң түрi екенiн айта келе, инновациялық оқытудың төмендегiдей қасиеттерiн анықтап көрсетедi:

1) инновациялық оқыту – жаңа заманғы қоғамның дамуы мен оның мәдени өркендеуiнiң ерекшелiктерiне сәйкес оқытуды әлеуметтiк ұйымдастырудың тарихи жаңа түрi;

2) дәстүрлi оқытуға қатысты инновациялық оқыту парадигмалды: инновациялық оқыту құрылымында оқытудың шығармашылық пен репродуктивтi компонентi арасындағы қарама-қайшылықтар жаңаша шешiледi; инновациялық оқуды жүзеге асырудың негiзiне мұғалiм мен оқушының арасындағы әлеуметтiк қарым-қатынастың жаңа түрi жатады: демократиялық, қарым-қатынас, өзара түсiнушiлiк пен ынтымақтастық;

3) инновациялық оқыту барысында жеке тұлғаның өзiндiк дамуына, жеке көзқарасына, жеке дамуына еркiндiк берiле отырып, жеке шығармашылығының қалыптасуына толық жағдай жасалынады. Сондықтан инновациялық оқытуды «дамытушы оқыту немесе тәрбиелеп оқыту» деп те атауға келедi

Технология деген сөз грек тiлiнен алғанда техне – өнер, кәсiп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсiнiктi бiлдiредi. Технологиялық инновациялар – бұл жаңа

заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады. Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

- оқу үдерісінде қарым - қатынастың еркін болуы;

- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті. Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс-әрекетін оқу-ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтады. Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- ◆ миға шабуыл әдісі;

- ◆ топпен жұмыс;

- ◆ проблемалық шығарма әдістері;

- ◆ рөлдік ойындар;

- ◆ зерттеулер;

- ◆ іскерлік ойындар;

- ◆ сын тұрғысынан ойлау әдісі;

- ◆ пікірталастар және т. б.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады. Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары:

1. Емін-еркін пікірталасқа түсу мүмкіндігі.

2. Белгілі бір материалды емін-еркін баяндау.

3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың инициативасының жетілуі.

4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс-әрекеттерді дамыту.

5. Жазбаша жұмыстарды орындау.

Ғалымдар мұғалімнің инновациялық іс-әрекетіне қажетті мынандай қасиеттерді ашып көрсетеді:

- өзінің жеке қасиеттеріне сүйене отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қасиеті;

- жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғына алу;

- жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік тұрғыда жүзеге асуын тәжірибеге енгізе алу;

- педагогикалық инновация ретінде жаңа әдістер мен тәсілдерді өз бетінше жасау.

Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, яғни білім берудің инновациялық бағытын ұстану кез келген педагогтің, оқытушының, мұғалімнің құзырлығындағы мүмкіндік. М.Нағымжанова инновациялық іс-әрекетті инновациялық үрдістің белгілі кезеңдеріне байланысты қарастырады. Бірінші кезеңде мұғалім жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы, жаңалық туралы ақпарат жинайды, әртүрлі жаңалықтардың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңінде мұғалім зерттеу арқылы таңдап алған жаңалықты енгізу жоспарын құрып, оны іс-жүзінде қолданады. Жаңалықты қолдану барысында мұғалім сол жаңалықты енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістер жасайды. Инновациялық іс-әрекеттің жоғарыда көрсетілген үш кезеңіне сәйкес мұғалімнің бойында болуға тиіс сапалардың қалыптасуының репродуктивті, эвристикалық, шығармашылық деңгейлер көрсеткіштері анықталған.

Репродуктивті деңгей – іс-әрекетті, білімді белгіленген межеге дейін қабылдай алу деңгейі, педагогикалық жаңалықтарға тұрақты көзқарас, педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттанушылық танытады. Мұғалім қабілеті дайын әдістемелік ұсыныстарды аздаған өзгерістер енгізу арқылы өз жұмысында пайдаланумен сипатталады. Мұғалім өзін-өзі кәсіби жетілдіру қажеттілігін түсінеді.

Эвристикалық деңгей – инновациялық іс-әрекетте жаңалықты жалпы түрде мақсаткерлікпен, тұрақты, саналы енгізумен сипатталады. Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестірумен, ойлап табумен айналысады. Инновацияны енгізу іс-әрекетін қамтамасыз етуде рефлексия, эмпатия басты орын алады.

Шығармашылық деңгей – жаңаны ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі, инновациялық іс-әрекет жоғары сатылы нәтижелерімен сипатталады. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, педагогикалық интуиция, білім беруде авторлық көзқарастар пайда болады. Мұғалімде ғылыми және педагогикалық қажеттілік пен қызығушылық үйлесімдік табады.

Инновациялық даярлықты қалыптастырудағы басты ұстаным – кез келген мұғалім педагогикалық шығармашылық деңгейде болу және сол педагогикалық шығармашылық негізінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізуге талпыну.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгерудің қандай маңызы бар?
2. Шетел және отандық ғалымдардың «Инновация» ұғымына берген анықтамаларына талдау жасаңыз.
3. Инновация неше түрге бөлінеді? Ерекшеліктері қандай?
4. Инновациялық процестерді ендірудің қандай принциптері бар?
5. Қазіргі заманғы оқыту технологияларына қандай талаптар қойылады?
6. Инновациялық іс-әрекеттің қандай деңгейлері анықталған?
7. Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары қандай?
8. Интерактивті әдістерге қандай әдістер жатады?
9. Дәстүрлі оқыту әдісі мен интерактивті оқыту әдісін кесте арқылы салыстырып, өз тұжырымыңызды жасаңыз.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) – қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістермен байланысты ғылым сипаттағы талдамалар.

Білім менеджерінің зерттеу әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы ерекше. XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық білім берудің жалпы теориясы көлемінде педагогті ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау мәселесі көкейкесті мәселеге айналды.

«Ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы», «жаңашылдық» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты: іс-әрекет шығармашылығы арқасында ғылыми-зерттеу жұмысы туады, ал жүйелі жүргізілген кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде «ғылыми болжам» туындап, жаңалық ашуға жол ашылады, яғни, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді. Философиялық әдебиеттерде кез келген іс-әрекеттің инвариантты циклі төмендегідей жалпынама нобайда беріледі: мақсат – құрал – нәтиже.

Мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау жоғары оқу орны қабырғасынан бастау алуға тиіс. Мәселен, ғалымдардың пікірінше, болашақ маманның жоғары оқу орнында алған білімі, біліктілігі, тәжірибесі болашақта

кәсіби шындалуына үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, ғалымдар жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын арттырудың жолдарын көрсете келе, болашақ педагогтарды педагогикалық іс-әрекетке психологиялық және педагогикалық даярлау кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1-кезең (XIX ғасырдың соңы мен 1914ж.) – болашақ педагогтарды психологиялық даярлау жүйесі;

2-кезең (1914-1940жж.) – тәртіпті реттеу мен өзін-өзі реттеу нейрофизиологиялық механизміне негізделген интенсивті психологиялық даярлау;

3-кезең (1940-1960жж.) – психологиялық даярлау теориясын адамның әртүрлі іс-әрекетіне пайдалану;

4-кезең (1970жж. – XXI ғасырдың басы) – психологиялық даярлау теориясын жетілдіру, оны педагогикалық іс-әрекеттер зерттеулерінде пайдалану.

Ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің интеграцияланған көрсеткіштерін ұсынады: педагогикалық іс-әрекет қажеттілігі мен сұранысының мазмұны; мамандықтың маңызы туралы білім деңгейі мен мұғалімнің кәсіби рөлі, педагогикалық мәселелерді шешу деңгейі және т. б.

XX ғасырдың соңындағы көптеген педагогикалық зерттеулер болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесіне арналады. М.И.Дьяченко, Л.А.Кандыбович, В.А.Пономаренко және т. б. ғалымдар «Даярлау – қандай да бір іс-әрекетті нәтижелі орындаудың алғышарты, іргетасы» деген анықтаманы береді. Сондай-ақ, ғалымдар мұғалімдерді педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың құрылымын былай көрсетеді: мотивациялық, бағыттылық, операциялық, жігерлік, бағалау. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерімен: В.Н.Литовченко, В.Н.Намазов, Н.С.Амелина, П.Ф.Кравчук, Г.М.Храмова, П.Часакбай, Р.Ч.Бектұрғанова, С.П.Арсенова, Л.Ф.Авдеева, Г.В.Никитина және т.б. ғалымдар айналысуда.

Қазіргі кезеңде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми зерттеу жұмысын жаңа бағытта жүргізу қолға алынуда. Жалпы мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті төмендегідей логикалық байланыста құрылады: рефлексия – ғылыми зерттеу – практика – рефлексия.

В.Б.Бондаревская, Л.Л.Горбунова, Г.С.Сухобская, Л.Н.Маркина, А.И.Кочетов, М.Н.Станкин, А.С.Сиденко, В.И.Загвязинский, Н.В.Кухарев, Н.Л.Селиванова және т.б. ғалымдар зерттеу жұмысын жаңадан бастаған жас мамандарға әдістемелік нұсқаулар, кеңестер береді. Мәселен, ғалым В.Б.Бондаревская ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің төмендегідей іс-әрекеттік алгоритмін ұсынады: тақырып тандау, жұмыс жоспарын құру, жұмыстың мақсат-міндеттерін анықтау, зерттеу тақырыбына байланысты библиографиялық көрсеткіштер тізімін жасау, зерттеудің нақты әдісін тандау, зерттеу жүргізу, эксперимент нәтижесін өңдеу, қорытынды жасау т.б.

Г.С.Сухобская, Л.Л.Горбуновалар өз зерттеулерінде мұғалімнің құрылым-әдістемелік іс-әрекетінің зерттеу іскерліктеріне мазмұнды сипаттама береді:

- оқушының қиындықтарын алдын-ала болжай алу және ол қиындықты болдырмайтын не оңай шешетін тапсырмалар құрастыра алу;
- оқушының іс-әрекетті жобалай және бағалай алуы;
- оқушы шығармашылығын ынталандыра алуы;
- пәнге қызығушылық танытатын оқушымен жеке жұмыс жүргізу;
- үлгермейтін оқушылармен қосымша сабақ өткізу;
- оқушының іс-әрекетін бағалау өлшемін негіздеу және дұрыс тандау;
- педагогикалық іс-тәжірибені талдау, тарату, насихаттау;
- тақырыпқа байланысты әдебиеттерді дұрыс талдау;
- әдістемелік тақырыпқа байланысты жұмыстың мақсаты, міндеттерін анықтау;
- тақырып бойынша жұмыстың негізгі кезеңдерін анықтау;
- педагогикалық іс-тәжірибені талдау;
- жүргізілген зерттеу жұмысының негізгі идеяларын тұжырымдау;
- эксперимент нәтижесін өңдеу;
- зерттеу нәтижесінде әдістемелік нұсқау, баяндама, мақала, ғылыми есеп, әдістемелік құрал даярлау.

Бұл зерттеудің ерекшелігі сол, мұғалім жай әдіскер-сарапшы рөлінен, яғни, өзіне дейін белгілі әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесінде пайдаланып қоймай, сонымен бірге, өз оқушыларының дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмаларын өзі құрастыруы, мұғалім – жобалаушы – үйлестірушіге айналады. Мұғалім өз іс-тәжірибесін зерделей, ұдайы өзгерістер енгізе отырып, шығармашылықпен жұмыс істеу барысында өз іс-тәжірибесін, өз іс-әрекетін жаңаша түрлендіріп, жаңаға бет бұрады, мұғалімнің жаңаны үйренсем, меңгерсем, қолдансам деген қажеттілігі артып, инновациялық даярлығын қалыптастырады.

Мұғалімнің әдіснамалық кеңістік аясындағы іс-әрекетінің зерттеушілік іскерлігінің қалыптасуының негізгі кезеңдері:

- педагогикалық мәселені қою және оны шешу жағдайларына талдау жасау (оқушыларды қатты толғандыратын мәселелерді бөліп қарастыру, оған ойша талдау жасау);
- ғылыми болжам жасау, болжам ұсыну, оның шешу жолдарын көрсету (оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытатындай тапсырмалар құрастыру, оқушылардың есеп шығару, теорема дәлелдеуге өзіндік «жаңалық» ашуына жол салу және т. б.);
- мақсаты эксперимент жүргізу (өзгерген жағдайларға талдау жасау, әрдайым тиімді шешім ұсыну);
- жұмыс нәтижесіне талдау жасау, бағалау, бақылау жұмыстарын жүргізу, тест алу;
- жұмысты тиімді бағалаудың жаңа өлшемдерін ұсыну, диагностикалық сараптама жасау.

Мұғалімнің зерттеу іскерлігін меңгеруі оның өз іс-әрекетіне жаңаша қарап, оқу-тәрбие үрдісіне оң өзгерістер әкелуіне, жол салып, мұғалімнің жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияны меңгеруіне жол салады. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысы мектептің оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру құралына айналады. Педагогикалық ұжымда тек бір ғана мұғалім ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыспай, әрбір мұғалім, яғни, тұтастай педагогикалық ұжым өзекті мәселе төңірегінде (мектептің өзекті мәселесіне сәйкес) ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқаны орынды. Ғалым Г.Б.Омарова «Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысы мектептің - оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру құралы» атты ғылыми еңбегінде мектептің педагогикалық ұжымын ғылыми-зерттеу жұмысына даярлаудың нобайын ұсынады. Автор мектептің педагогикалық ұжымын ғылыми-зерттеу жұмысына даярлауды қалыптастыру критерийлерінің ең бастыларына мұғалімнің (ұжымның) ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген құлшынысын (ынтасын), зерттеу меңгеруі бойынша теориялық білім қорын, ғылыми зерттеу әдістерін меңгеруін жатқызады.

Қазіргі кезеңде әрбір мектеп, педагогикалық ұжымда оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру, жаңарту бағытында көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілді:

– **ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әдіснамасы:** Г.И.Рузавин, В.П.Кохановский, В.С.Степин, В.И.Черников, К.Х.Рахматуллин, Г.Н.Волков және т. б.

– **ғылыми-зерттеу жұмысының мәдениеті:** И.Г.Герасимов, К.М.Варшавский, Т.Кун, К.Поппер, И.Лакатос, Д.Пельц және т.б.;

– **педагогикалық ғылыми-зерттеу мәдениеті:** С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.Г.Воробьев, Л.В.Занков, В.И.Загвязинский, А.И.Кочетов, Н.В.Кузьмина, Я.Скалкова, А.И.Пискунов, В.С.Черепанов, Г.И.Шукина және т.б.;

– **педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі:** М.А.Данилов, Н.Д.Никандров, В.В.Краевский, М.Н.Скаткин, Б.С.Гершунский, Я.С.Турбовской, Г.П.Щедровицкий, Н.Д.Хмель және т.б.

– **педагогтің инновациялық іс-әрекетінің дидактикалық теориясы:** В.И.Журавлев, И.А.Зязюн, П.И. Карташов, Л.И.Гусев, Н.В.Кухарев, Ф.Ш.Терегулов, Л.М.Фридман, Н.Р.Юсуфбекова, И.И.Цыркун, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Б.Т.Барсай және т.б.

– **педагогтің ақпараттық мәдениетін дамыту:** С.Н.Лактионова, Д.М.Жүсіпалиева, Л.Ю.Малай, С.Д.Мұқанова және т.б.

– **тұтас педагогикалық үдерісте оқытушының зерттеу іскерлігін қалыптастыру:** Н.Д.Хмель, Г.М.Храмова, С.Т.Каргин, В.К.Омарова, Г.Б.Омарова, Н.А.Абишев және т.б.

Қазіргі кезде әрбір оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Мұндай жағдайда қоғамның әр мүшесінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай

артады. Сонымен қатар, инновациялық үдерістер, басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйін болып табылады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Білім менеджерінің зерттеу әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы қандай?
2. «Ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы», «жаңашылдық» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?
3. Болашақ педагогтарды педагогикалық іс-әрекетке психологиялық және педагогикалық даярлаудың қандай кезеңдері бар?
4. Мұғалімнің құрылым-әдістемелік іс-әрекетінің зерттеу іскерліктерінің мазмұндық сипаттамасы қандай?
5. Мұғалімнің іс-әрекетінің зерттеушілік іскерлігінің қалыптасуының қандай кезеңдері бар?
6. Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға арналған қандай ғылыми еңбектер бар?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА БІЛІМ МЕНЕДЖЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанның әлемдік экономикалық қауымдастыққа енуі, нарықтық қатынастардың дамуы біздің еліміздің барлық сфераларында түбегейлі өзгерістерге әкелді. Қызметтің жаңа салалары пайда болады, жаңа жағдайларда тиімді жұмыс істеуге қабілетті басқару қызметкерлерін дайындау қажеттілігі туып отыр. Мұнда кәсіби басқарушы ретінде негізгі тұтқа менеджер және менеджмент болып табылады. Қазақстанның инновациялық экономикасының қалыптасуы жағдайында мемлекеттік басқару және нарықтық құрылымдар жүйесіндегі сияқты білім беру мекемелерінде де ұйымдастырушылық, басқарушылық және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың мазмұны толығымен өзгерді. Білім беру үрдісінің менеджері – бұл адамға біліммен қатынас жасау мүмкіндігін туғызады. Білім – бұл үлкен әлем, әсер етуші күш. Бұл менеджер үшін тағы бір жағынан бизнес: жеке меншік мектептер және коммерциялық жоғары оқу орындары, министрлік қызмет және халықаралық әріптестермен ықпалдастық, біліктілікті көтеру.

Нарықтық экономика жағдайындағы кез-келген білім беру мекемесінің қызметінің тиімділігі көбінесе менеджменттің қазіргі әдіс-тәсілдерді және принциптерді пайдаланумен байланысты. Басқару қызметі өзінің мазмұны және сипаты бойынша қоғам өмірінде интеллектуалды реттеуші рөл атқарады.

Мектептің басқару стилі – өз әрекетін, оның нәтижелерін сыни тұрғыдан өзі бағалай алатын және ұжымды сенімді қарым-қатынасқа бағыттайтын демократиялық стиль.

Білім жүйесінде басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін мақсат, міндеттер мен білім беру мекемесінің барлық деңгейлеріндегі басқару әрекетінің мазмұнын анықтап алу қажет. Мектепті жаңарту жағдайында бақылау қызметін өзгерту қажеттілігі күн сайын жаңалықты талап етеді. Жаңа жағдайда бақылау тексеру мен оның қорытындысы бойынша шара қолданумен шектелмеуі тиіс. Ол көбіне аралық және соңғы қорытынды нәтижелері бойынша сараптау жұмысын қамтамасыз етуге тиіс. Мектепті басқарудағы табыс басқару құрылымын дұрыс таңдауға байланысты.

Жүйелі жолмен мектепті басқаруда табысқа жету мынаған жағдайларға байланысты:

1. Мектеп жұмысын жоспарлау, мақсаттарды дұрыс қою, оларды маңыздылығына қарай ретімен таңдау;
2. Мамандарды бөлу, міндеттерді бөлу, бөліктер арасындағы байланысты орнату және ол байланысты жұмыс істету.
3. Мектепішілік ақпараттар жүйесін және оның тиімді кері байланысын орнату.
4. Оқу-тәрбие үдерісінің қалыпты жүруі үшін материалдық-техникалық базаны құру.
5. Ұжымдағы қажетті моральдық климаттың болуы.
6. Мектеп басшылығы мен мұғалімдердің біліктілігі мен тәжірибесі және олардың педагогтік шеберлігін арттыру жүйесіне байланысты.

Басқару – субъектілердің мығым байланысы. Өзара байланыстың мәні тікелей және кері әрекеттің үздіксіздігінен, бір-біріне әсер ететін субъектілердің органикалық байланысының өзгеруінен тұрады. Сонымен қатар, өзара байланыс – өз ішінен бөлінетін біртұтас, өздігінен дамиды жүйе. Педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, құрылтайшылар кеңесі, мектеп кеңесі, жетекші жасаған және іске асыратын мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылардың мектепішілік басқару құрылымына енетін басқа органдары мен бірлестік түрлерінің белгілі қызметтері бар, олар бір-бірін толықтырады және басқару жүйесін жеткілікті дәрежеде толықтырады. Мектеп менеджері лауазымдық міндеттерді нақты бөледі және олардың іске асуын қатаң бақылауды қамтамасыз етеді.

Мұғалімдер мен ата-аналар мақсаттарын жетік түсінетін, бірлесіп жұмыс істеу нәтижесінде сол мақсаттарға жетуді бірлесе қамтамасыз ететін пікірлестер ұжымын құрады. Мамандармен жұмыста мұғалімдер біліктілігін жетілдіруге баса назар аударылады. Баланың дами алатын тұлға ретінде қалыптасуын дами алатын педагогтік ұжым ғана іске асыра алады. Басшы жұмысының бір бағыты – білім беру мекемесіне міндетті түрде қажет сыртқы іскерлік байланыстар, облыстық, аудандық ОБ, ПМБАИ, медициналық мекемелер, МАИ, бұқаралық ақпарат құралдары. Оқушылар мен олардың ата-аналарын білу, олардың әрқайсысына құрмет көрсету, педагогтік және оқушылар ұжымында, ата-

аналармен қатар жұмыс істей отырып, мектеп дәстүрлерін сақтау және дамыту балаларды оқыту мен тәрбиелеуде табысқа жетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде мектеп сырттан келетін көмексіз, өз алдына сапалы өнім шығара алатын кәсіпорын ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда менеджердің қызметі мен рөлі өзгереді. Ол мектеп бюджетін белгілеуі керек, қызметкерлермен басшы арасындағы саясатты, мектепшілік саясатты – мектеп дамуын жобалаудан бастап жұптасқан байланысты басқаруға дейін анықтайды.

Оқыту мен тәрбие – білім берудің біртұтас үрдісі, ол мұғалімдер мен мектептен тыс жерде балаларды тәрбиелеудегі негізгі рөл атқаратын ата-аналардың шығармашылық іс-әрекетінсіз іске аспайды. Бала қоғамда өз бетінше өмір сүруге толық дайын болуға және бейбітшілік, бедел, шыдамдылық, еркіндік, теңдік пен ынтымақтастық рухында тәрбиеленуге тиіс. Ал мектеп өз әрекетінде ата-аналар мен қоғамның басқа мүшелерінің қатысуына ықпал етуі керек. Отбасы мен мектептің тығыз қарым-қатынасы мен әрекеті жеке тұлғаның табысты әлеуметтенуінің айғағы болып табылады. Қазіргі кездегі мектеп – күрделі әлеуметтік-педагогтік жүйе. Ол өз құрамына педагогтік және оқушылар ұжымын, ересектер мен балалардың түрлі бірлестіктері мен ұйымдарын біріктіреді.

Жаңа қоғамға жаңа білім қажет, онда болашақ маманның кәсіби жоғары біліктілігіне ғана емес, Қазақстан бүгін қол жеткізген ақпараттық қоғамдағы оның жалпы сауаттылығына көңіл бөлінеді, яғни маманның дайындық сапасына талап қою деңгейі көп көтерілді. Менеджердің рухани дамуы қазіргі жағдайда сапалырақ және негізді болып келеді, өйткені қазіргі кезде кәсіби-педагогикалық дайындық мазмұнында басшыны құндылықтар, олардың табиғаты туралы, даму механизмі мен қызмет ету тәсілдері туралы, сондай-ақ қазіргі басшының жеке тұлғасын кәсіби қалыптастыратын және өздігінен жетілдіретін кәсіби-педагогикалық құндылықтар, әдіснамалық, қисындық және қолданбалы білім енетін аксиологиялық компонент болып табылады. Жоғары кәсіби біліктіліктен басқа басшы өз біліктілігін үздіксіз жоғарылатып отыруға тиіс. Білім менеджерінің маңызды кәсіби қасиеті өзіне деген сенімділік болса, кәсіби деңгейінің маңызды көрсеткіші оның шығармашылық қасиеттері, шығармашылық қайталанбас даралығы болып табылады.

Басқару жүйесінде объективті және субъективті факторлар, үрдістік және өнімді компоненттер икемделе бірігуге тиіс. Бұл менеджерден стратегиялық икемді және оперативті-нақты басқару механизмін жасауды талап етеді. Білім беру жүйесін астынан бастап жоғарыға дейін реформалау жағдайындағы басқару механизмі бүгінгі талаптарға сай болуға тиіс, бұған түрлі факторлар: мұғалімдер құрамының сапасы, педагогтік ұжымда қалыптасқан қарым-қатынас, моральдық-психологиялық климат, шығармашылық ізденіс үшін басшы жасаған жағдайлар, қызметкерлердің әрекетін шынайы бағалау, олардың жұмысына көңіл бөлу, оларға қазіргі заманғы білікті ғылыми және әдістемелік көмек көрсету, еңбек нәтижелерін ынталандыру және менеджердің кәсіби біліктілігін басқарушылық құзыреттер деңгейінде сақтау, дамыту тікелей әсер етеді. Білім менеджерінің берік басқару позициясы, оның беделі өз қол астындағылармен ол

әр тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың еңбек әрекеті жағдайындағы әлеуметтік мәнін мойындайтын қарым-қатынас стилін дұрыс тауып, іске асырған жағдайда ғана пайда болады және ойдағы биіктікте қала алады.

Білім менеджерінің басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық үдерісті басқару әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы білім менеджерінің шеберлігіне байланысты.

Білім менеджерінің басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешу әдістері мен тәсілдерін меңгеруіне байланысты және олар мынадай үдерістер барысында байқалады:

- оқу үдерісінің, оқу жылының жүйелі бөлігі ретінде тәрбиелеу шараларының;
- оның тиімділігін анықтайтын жинақталған факторларды табу;
- оқу жылында жоспарланған негізгі бағыттардың мазмұны мен түрлерін нақтылау, әдебиеттердің мақсаттылығы және негізділігі;
- оқу жылының ішінде жүргізілген жұмыстардың, сабақтардың, тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелерін талдау;
- ұйымдастыру барысындағы кемшіліктер мен жетістіктердің негізгі себептерін нақтылау;
- жаңа оқу жылында атқарылған кешенді жұмыстарды жетілдіру және қорытындылау.

Мектептің педагогикалық кеңесі, мектеп директорының, директордың орынбасары жанындағы жиналыс, әдістемелік семинар, клубтар, оқушылар комитетінің мәжілісі мектеп қызметін ұйымдастырудың басты формалары болып табылады.

Педагогикалық кеңес – бір педагогикалық ұжымда жұмыс істейтін кәсіпқойлар кеңесі, оқу-тәрбие үдерісін (бұдан әрі - ОТУ) ұйымдастыруға қатысты мәселелерді шешеді, оны жетілдіру жолдарын анықтайды.

Міндеттері:

- мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келетін оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талқылау, бағалау және іріктеу және ОТУ формалары мен әдістерін енгізу, оларды жүзеге асыру тәсілдерін анықтау;
- болашақ жылдық, ағымдық жоспарларды, білім сапасын жүзеге асыру жұмыстары;
- мұғалімдердің, тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагог қызметкерлерді аттестаттау, аттестаттау технологиясын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, санат тағайындау, атақ, разряд беру бойынша білім басқармасы органдарына өтініш жіберу;
- тағылымдамаға, біліктілік арттыру курстарына жіберілетін мұғалімдердің кандидатурасын қарастыру және бекіту;
- мектептің ғылыми-зерттеу, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен және оқу орындарымен, шығармашылық бірлестіктермен әрекеттестігінің негізгі

бағыттарын анықтау, тәжірибелі-сараптамалық жұмысты ұйымдастыру, мектеп құрлымында әдістемелік қызметтер, орталықтар құру.

Педагогтің психологиялық тұрғыдан қайта қалыптасу проблемасы бүгін жаңа мазмұнға ие болды: ол оның саяси ойын қайтадан құрды. Ата-аналардың қатысуы, ата-аналардың өздік басқаруы, жалпы мектеп пен қоғам арасындағы байланыс, педагогтік ұжымның бәсекелестікке қабілеттілігін және мүмкіндіктері бойынша жұмыс, білім беру үрдісі мен оқушыларды тәрбиелеу сапасын арттыруды үдететін қазіргі технологияларды қолдану мен психологиялық-педагогтік жолдарды жетілдірудің рөлі күшейді. Мектепті басқарудың негізгі функциялары, басқару мәдениетінің негізгі компоненттері, білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылықты да қосатын болды.

Дүниежүзілік педагогика ғылымында білім беру жүйесіндегі педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың мәндік қасиеттері, компоненттері, құрылымы және функциялары анықталған. Педагогикалық шеберлік – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Оның басты міндеттері мыналар:

- білім алу, дамуды, басқа да іс-әрекеттерді мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту;

Педагогикалық шеберліктің бір белгісі – жаңа педагогикалық технологиялармен жұмыс істей алу. Жаңа педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

- оқу үдерісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;
- студенттердің сабақ бастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру;

- оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;

- жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу;
- пәндік білім стандартымен жете танысу;

- білімді деңгеймен беру технологиясын игеру арқылы студенттерге білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу;

- оқу үдерісін ізгілендірумен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу;
- Қазіргі оқытушы педагогикалық шеберлікті инновациялық білім кеңістігінде қалыптастыруы тиіс.

Ал, инновациялық білім кеңістігінің педагогикалық негізгі қағидалары төмендегідей:

- білім алушыға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- білім алушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- білім алушының өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру;
- білім алушының танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- білім алушыны ойлау қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту;
- барлық білім алушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- оқу үдерісін білім алушының сезінуі;

Инновациялық білім кеңістігінде педагогикалық шеберлікті меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар мыналар:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- оқу модулін құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр студентке арналған тапсырмалар құрастыру;

- студенттердің жаңа материалды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау;

- оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау;

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің қалыптасуына оның кәсіби мамандығына қойылатын төмендегідей негізгі талаптарды орындау да ықпал етеді:

- қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын игеру;
- жан-жақты білімдерлік, өмірдің әртүрлі саласынан хабардар болу;
- педагогикамен байланысты пәндерді-психологияны, физиологияны, анатомияны мектеп гигиенасын, мектептануды жақсы білу;
- оқылатын пәннің, соған байланысты ғылымды, оның жетістіктерін, ағымын жақсы білу;
- оқыту, тәрбиелеу әдістемелерін білу;
- жұмысына шығармашылық көзқарас;
- оқушыны, студентті жақсы білу, олардың жандүниесін түсіну;
- педагогикалық сенім;
- педагогтік техниканы меңгеру;
- педагогтік әдептілікті меңгеру;
- оқушыға, студентке деген құрмет пен әділдік т.б.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыру кәсіби білім берудің негізінде жатқан жалпы әдіснамалық ұстанымдарды және педагогикалық шеберліктің мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын анықтайтын арнайы әдіснамалық ұстанымдарды талап етеді.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мектептің басқару стилінің өзіндік ұстанымдары қандай?
2. Мектепті басқаруда табысқа жетудің жолдары қандай?

3. Мектепшілік басқару технологиясы мен білім менеджері шеберлігінің қандай байланысы бар?
4. Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогикалық кеңестің маңызы қандай?
5. Педагогикалық шеберлік пен мұғалімнің кәсіби қызметінің өзара байланысы қандай?
6. Инновациялық білім кеңістігіндегі педагогикалық негізгі қағидалар қандай?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА БІЛІМ МЕНЕДЖЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Адамзаттың ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік жетістіктерді мүмкіндігінше меңгеруі басқару қызметінің мәнінің және күрделілігінің үздіксіз өсуімен байланысты. Басқарудың мәні алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін объективті және субъективті жағдайларды қамтамасыз ету. Сондықтан жақсы басқарушы адамдардың үстінен бұйырмайды, керісінше олардың еңбек қызметі үшін қолайлы, тиімді жағдай жасайды.

Басқару – бұл кез-келген мекеменің тиімді қызмет етуіне байланысты дұрыс бөлінген билік. Қызметтік өкілеттіліктерге қарамастан (билікті бөлу) басқару тәртібінің жалпы принциптері бар: құзырлылық; адамгершілік; инновациялық; прагматизм және басқару стилі де енеді, ол автократиялық, бюрократиялық, демократиялық болуы мүмкін.

Менеджердің адами құзіреттілігі – оның басқару қызметіндегі антропологиялық білімді пайдалануға теориялық-қолданбалылық дайындығымен анықталады.

Қазіргі білім беру доктриналарының, стратегиялардың, жүйелердің және технологиялардың әртүрлілігіне қарамастан, білім беру менеджерлерін дайындайтын әмбебап идеяларды кездестіру қиын.

Білім берудің басты құндылығы өмір бойы әрбір адамның білім алуға, өзін дамытуға бағытталған, шығармашылық қуаттылығын іске асыру қабілетін сыртқа шығару мүмкіндігін және қажеттілігін адамда дамыту болып табылады.

Білім беру менеджері – бұл жеке тұлға ретінде өзін-өзі үздіксіз дамытушы, кәсіби басқарушылық-педагогикалық қызметті шығармашылық жағынан іске асыруға қабілетті маман.

Қазір білім беру қызметін ұйымдастыруға қабілетті, «өнімді дайындайтын» және «өнімді» нарыққа шығара алатын қабілетті адамдар қажет. Мұндай адамдар менеджерлер екені белгілі. Нарықтық қатынастарда оның қызметіне іс жүзінде бәрі қатысты.

Менеджер тандау мәселесі үлкен маңызға ие. Білім беру саласында менеджерлерді кәсіби дайындау үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

1. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі басқарудың жағдайына менеджмент теориясы көзқарасынан талдау жасау.

2. Білім жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін менеджменттің қажеттілігін негіздеу.

3. Білім саласындағы өз ісінің маманы ретінде менеджердің моделін құру.

4. Менеджерді кәсіби дайындау үрдісінің мазмұнын ұсыну.

5. Менеджерді кәсіби дайындау үрдісінің технологиясын сипаттап жазу.

Егер білім саласындағы менеджердің кәсіби дайындығы білім беру жүйесінің мамандарды кәсіби даярлаудың жалпы жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады десек, білім беру жүйесінің болашақ кәсіби басқару деңгейі неғұрлым көтеріледі және қосымша кәсіби білім жүзеге асады. Осыған байланысты қазіргі қоғамда ұлттық іскери мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, менеджер өз ісінің маманы моделін және менеджерлерді кәсіби дайындау жүйесінің принципіалды негіздерін жасау қажет. Бұл әртүрлі деңгейдегі менеджерлерді және басқа да қызметтегі – әлеуметтік салада, денсаулық сақтау, өндірістік қызметтегі менеджерлерді дайындау үшін тәжірибелік құндылыққа ие болады.

Оған қажетті құралдар:

- ХХІ ғасырдың ғаламдық әлеуметтік және білім беру мәселелерін шешу қажеттілігін есепке ала отырып, білім беру менеджерінің моделін дайындау;

- білім беру менеджерін кәсіби дайындауда қолданылатын білім беру технологиясын және оның дайындығының мазмұнын;

- білім беру менеджерлерін дайындау үшін ғылыми-әдістемелік құрал.

Менеджер жоғары шеберлік деңгейіндегі адамдарды ұйымдастырушы ретінде базалық кәсіби білімді, ерекше дайындықты қажет етеді. Бүгінгі білім беру үдерісінде педагогика, психология, әртүрлі әдістер саласында білім беру саласындағы менеджер толығымен басқару қызметін меңгере алу керек, нақты айтқанда басқару қызметіне кәсіби дайын болуы керек.

Білім берудің инновациялық дамуы жағдайында, басқарушылық-педагогикалық мәселесінде білім беру тәжірибесіне басқару механизмдерін енгізу қажеттілігі ерекше өзекті болып отыр. Мектеп қызметін басқару білім менеджерінің мәдениетіне, оның технологиялары мен құндылықтарды құру, меңгеру және алға жылжыту қабілеттеріне тікелей қатысты.

Басқару мәдениетінің компоненттері – аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық.

Білім менеджерінің басқару мәдениетінің аксиологиялық компоненттері. Қазіргі заманғы мектепті басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Білім менеджері басқару қызметінің үдерісінде басқарудың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет барысында олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі. Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Білім менеджерінің басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспарлау, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Білім менеджерінің басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Білім менеджерінің басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады. Білім менеджерінің басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылықтарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде білім менеджері тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. «Менеджердің адами құзіреттілігі» деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Білім беру менеджері деген кім?
3. Білім беру саласында менеджерлерді кәсіби дайындаудың қандай міндеттері бар?
4. Басқару мәдениетінің компоненттері қандай?
5. Оқу-тәрбие үдерісіндегі білім менеджерінің қандай сапалық қасиеттері болу керек?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Оқыту нәтижелерін бағалауда оқу-тәрбие үдерісін нақты басқару қызметтері белгілі принциптерге негізделіп орындалады. Ол принциптер төмендегідей:

- педагогикалық жүйелер басқарымын демократияландыру және гуманизациялау. Бұл менеджерлердің, мұғалімдердің, оқушылар мен олардың ата-аналарының өзіндік іс-әрекеттері мен ынтасының дамуына жол ашады. Ал бұлардың орындалуы пікір алмасу және басқару шешімдерінің қабылдануына байланысты жариялылықты қажет етеді;

- орталықты басқару мен өзіндік басқарымдарды оңтайлы үйлестіру. Мұндай басқару үйлесімдері әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларының іс-әрекетін мектептің бүкіл ұжымы мүддесіне орай жүргізілуін қамтамасыз етеді; басқару шешімдерін талқылау және қабылдауды, кәсіби деңгейде іске асыруға

жағдайлар жасайды; жүйедегі барша құрылымдық бөлімдерді өз жұмыстарында бірін-бірі қайталаудан құтқарып, әрекеттерін жоғары деңгейде орайластырып баруға мүмкіндік береді;

- жеке басқару және ұжымдасқан жетекшілік бірлігі. Бұл принципті ұстанудағы мақсат - біртұтас педагогикалық процесті басқару барысында субъективизм мен әміршілдікке жол бермеу. Ұжымдасқан жетекшілік сонымен бірге тапсырылған іске деген ұжым мүшелерінің әрбірінің жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды. Ал жеке басқару тәртіп және жөн-жосақты қамтамасыз етіп, педагогикалық процеске қатысушыларының өз өкілеттіктерін нақты шектеп, ретімен орындап жүруін қадағалайды.

- педагогикалық жүйелерді басқарудағы шынайылық және ақпарат молдығы.

Басқару ақпараттарын әркімнің белгілеріне қарай жіктеуге болады:

- уақыты бойынша – күнделікті, ай сайынғы, тоқсандық, жылдық;
- басқару қызметі бойынша-талдауға орай, бағалық, құрастырушылық, ұйымдастыруға байланысты;
- келіп түсу көздері бойынша - мектепшілік, ведомстволық, қарым-қатынастағы мекемелерден;
- мақсаты бойынша - өкімдік, ұсыныс, нұсқау-таныстыру және т.б.
- өкілеттіктер беру принципі.

Басқару жауапкершілігінің келесідей түрлері қалыптасқан: жалпы – қызметке орай жағдайларды жасау; белгілі қызметтік – нақты іс-әрекеттерге байланысты шарттарды түзу. Өкілеттік тапсырыстар лауазым иесінің атына емес, лауазымның өзіне байланысты беріледі (мысалы, мектеп директоры С.Қасымовқа емес, мектеп директорына (С.Қасымов) тапсырылсын). Жеке адамдарға жүктелетін тапсырмалар – күнделікті шаруашылық; кешенді істерге дайындық; арнайы орындалатын іс-әрекеттер; жекеленген мәселелер. Жекелеп берілмейтін міндеттер – басшы қызметі; мақсаттар тағайындау; мектеп стратегиясына орай шешім қабылдау; нәтижеге бақылау салу; қызметкерлерге басшылық, оларды еңбекке ынталандыру; аса маңызды міндеттер; тәуекелдікті талап ететін жоғары дәрежелі тапсырыстар; тосын, қалыптан тыс істер; түсіндіріп, қайта тексеріп жатуға мерзімі тығыз қауырт жұмыстар; жоғары сенімділікті қажет етуші қатқыл тапсырыстар.

Басқару іс-әрекеттері үдерісінде төмендегідей қызметтер орындалады:

- реттеу (қабылданған шешімдерді іске асыру мақсатында әркімнің бағыттағы түрлі қызмет жүйелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру);
- ынталандыру (шығармашылық істерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық жобаларға қатыстыру үшін жағдайлар жасау);
- мұғалімдердің рухани бірлік сезімін қалыптастыру, олардың әлеуметтік белсенділігіне дем беру; жетістіктеріне орай бағалау және мадақтау;
- қадағалау (талдау және жаңа міндеттерді белгілеу үшін көзделген жоспарлардың орындалуы жөнінде уақтылы ақпараттар алып түру);
- педагогикалық талдау (оқу үдерісін, тәрбие жұмыстарын, білім мекемесінің материалдық қорын, қаржы-экономикалық жағдайын

педагогикалық мамандар мен тәрбиеленушілер құрамын жетілдіруге байланысты зерттеулер және талдаулар, нақты қорытындылар жасап, ұсыныстар беру).

Жоғарыда аталған қызметтер жөнін талдау арқылы басқару мазмұнын екі жікке келтіруге болады:

1) ұйымдастыру – бақылау жұмыстары (басқарымдағылардың іс-әрекеттеріне жетекшілік: тапсырма беру, талаптар қою, күштерін біріктіру, жұмыс барысын қадағалау, марапаттау және т.б.) және

2) басқарушылар іс-әрекеттері (мақсаттар айқындау, ынталандыру, қаржы көздерін табу, ұжым құрылымын жүйелеу, іс-әрекеттердің технологиялық негізін қалау).

Педагогикалық басқару әдістері көзделген мақсаттарға жету және басқару қызметтерін іске асыру құралдары ретінде қарастырылады. Басқару әдістерінің негізгі топтары төмендегідей:

- педагогикалық қызметкерлерді экономикалық тұрғыдан қызықтыру (еңбек саны және сапасына орай, категориялары мен атақ-дәрежелеріне сәйкес жалақы беру);

- әкімшілік-ұйымдастыру әдістері (орындаушылар қызметтерінің шек-өлшемін белгілеу, көрсетпелер, нұсқаулар, бұйрықтар беру және т.б.);

- психологиялық-педагогикалық ықпал жасау (кеңес, өтініш, тілек білдіру, алғыстар жариялау) және әсерлендіру (шуақты психологиялық климат қалыптастыру, шығармашылық пен ынталылық сезімдерін көтеру, білім мекемесінің әлеуметтік даму болашағы жөніндегі болжамдармен таныстыру);

- қоғамдық ықпалдарды пайдалану (педагогтар мен оқушыларды білім мекемесін басқаруға араластыру);

- қоғамдық әсер әдістері (ұжымда демократияны нығайтып, басқалармен қатынаста шыдамдылық сақтау, мекеме қызметкерлерінің беделі мен мәртебесін ұлықтау).

Соңғы жылдары мектепте психологиялық қызметтің қалыптасуымен жана басқару әдістері пайда бола бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарымен жұмыс жүргізуші қызметкер оларды жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жақсы білгені жөн. Мектеп басшысы, менеджер өз қызметінде бақылау, сауалнама жүргізу, тестілеу, нұсқау және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт. Мектеп әкімшілігінің күш-қуаты басқарудың мектепшілік ақпараттық технологиясын нақтылап, тәжірибеге ендіруге жұмсалуды тиіс. Бұл технологиялар басшыларға да, әр мұғалімге де таныс болуы міндетті.

Басқаруды ұйымдастыру формалары әрқилы құрылым және бағыттарда болуы мүмкін: нұсқау-әдістемелік, теориялық семинар, оқушылар ұжымының отырыстары, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, ұстаздық, мектеп конференциялары, педагогикалық оқулар, ата-аналарды педагогикалық жаппай сауаттандыру. Әлеуметтік-психологиялық әдістерді іске асыру формалары мектептің ішкі тәртіп Ережелерінде көрсетіледі немесе мектеп Жарғысына ендіріледі

Сонымен, мектеп басқарымын ұйымдастырудағы маңызды жағдай – педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшендік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жіті білуі.

Білім беру жүйесін басқарушылардың басқару мәдениеті олардың кәсіби педагогикалық мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Дәстүрлі көзқараста кәсіби-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық техника мен шеберлік нормалары мен ережелерін бөліп көрсетумен байланыстырылды. Ал қазіргі кезде педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылық категорияларымен байланыстырыла қарастырылады.

Білім беру жүйесін басқарудың жалпы қағидалары

Кез келген іс-әрекет сияқты басқару да бірқатар қағидаларды ұстануға негізделі отырып жүргізіледі. Басқару қағидалары басқару заңдылықтарының нақты байқалуы мен бейнелеуі болып табылады. Мектепшілік басқару мен менеджмент бойынша мамандар негізгі заңдылықтар ретінде оқу-тәрбие жұмысының басқару жүйесі қызметі тиімділігінің басқару объектілері мен субъектілері арасындағы құрылымдылық-функционалдық байланыс деңгейіне тәуелділігі, оқу-тәрбие жұмысын басқару мазмұны мен әдістерінің мектептегі педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мазмұны мен әдістері сипатымен шарттылығын атап көрсетеді. Ю.А.Конаржевский мектепшілік менеджменттің жетекші заңдылықтары ретінде аналитикалықты, мақсаттылықты, ізгілікті, басқару демократиялығы мен мектеп жетекшілерінің әртүрлі басқару іс-әрекетіне дайындығын атап көрсетеді. Басқару заңдылықтарынан шығатын қағидалар мектеп жұмысын басқарушылар үшін негізгі қағидалар ретінде қызмет етеді. Басқарудың мұндай жалпы қағидаларына жататындар: педагогикалық жүйелерді басқаруды демократизациялау мен ізгілендіру; басқарудағы жүйелілік пен тұтастық; орталықтандыру мен таратуды (децентрализация) ұштастыру; бірыңғай және алқалық басқару бірлігі; педагогикалық жүйелерді басқарудағы ақпараттар объективтілігі мен толықтығы.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Оқыту нәтижелерін бағалауда оқу-тәрбие үдерісін басқарудың негізгі принциптері қандай?
2. Басқару ақпараттары қандай белгілері бойынша жіктеледі?
3. Басқару іс-әрекеттері үдерісінде қандай қызметтер орындалады?
4. Басқару әдістерінің негізгі топтары қандай?
5. Білім беру жүйесін басқарудың жалпы қағидалары қандай?

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ МЕН ӨЗІНДІК РЕФЛЕКСИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Рефлексия» ұғымы алғаш философия ғылымынан енді, индивидтің өз санасында өзінің жасаған іс-әрекеттерін ой елегінен өткізуін білдірді. Рефлексия («reflexio» латын сөзінен шыққан, тікелей аудармасы – артқа қарау, бұрылу) қандай да бір нәрсені үйрену мен таңдаудың көмегімен ой елегінен өткізу үдерісі. Тар мағынасында – рефлексия индивидтің өзіне және микроәлемге жасалған танымдық іс-әрекетінен кейінгі тану мүмкіндігі туатын сананың «жаңа бетбұрысы». Рефлексия ұғымының мазмұнын түсіну үшін оны «өзін-өзі тану», «өзіне-өзі түсінік беру» ұғымдарымен синонимдес қарау керек. Мұндағы «өзін-өзі тану – адамның өзінің «Менін» тануы, өзінің «Менін» барлық жағдайда сезіне алуы: қателескенде, әлсіз де күшті әрекеттерінде. Ал «өзіне-өзі түсінік беру – күнделікті жағдайда айналада болып жатқан іс-әрекеттер мен құбылыстарға өзінің жек көру көзқарасын білдіру.

Рефлексия мәселесі адам шығармашылығын зерттейтін көптеген ғылымдардың, солардың ішінде философия, психология және педагогиканың өзекті мәселесі болады. Рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар, негізінен, «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің ақылы мен рухыңды өзіңнің бақылауың» дегенге келіп саяды. Сондай-ақ, «Рефлексия адамның өз істерінің мәнін түсінуі, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағандығы туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен қателерді мойындауы не жоққа шығаруы» деген де пікір бар.

Ал психология рефлексияны адам санасынан зерттеудің мүмкін феномендік әдісі ретінде қарастырады. Рефлексия мен сананың өзара байланыстық қатынасын төмендегідей қарастырады: рефлексия алға анықталған тәсіл бойынша сананы зерттеу әдісі бола тұра, оның қасиеті де бола алады. Рефлексия жалпы алғанда адамның өзінің ішкі жан дүниесіне, өзінің тәжірибиесіне, өмірлік іс-әрекеттеріне сүйенуі, білім беру іс-әрекетінде субъектінің мотивін ұйымдастыру формаларының бірі және білім берудің алдыңғы қатарлы жаңашыл тәжірибиесінде пайдаланылатын мақсатқа жету құралы. Рефлексияның пәніне бәрі де кіреді: индивидтің тәжірибиесіндегі білімі, көзқарасы, түсінігі, көңіл-күйі, қарым-қатынасы, ынтасы, құндылығы және т. б. Рефлексия жағдайында кез келген іс-әрекет ой елегінен өткізіледі, оның мотивтері мен мақсаттары анықталады. Адамды өмір мен мәдениеттің жоғары құндылығы ретінде санайтын білім беру философиясы мен педагогиканың ізгілікті бағыты адамның жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін оның өзі дамытуын көздейді. Рефлексия – бұл тек қана адамның өзін-өзі білуі мен түсінуі ғана емес, сондай-ақ басқалар өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктерін, эмоционалдық реакцияларын, когнитивтік көзқарастарын қалай білдіретінін білу болып табылады.

Ал әлеуметтік психологияда рефлексия – бұл адамдардың өзінің көңілдерін өз іс-әрекеттерінің «ішкі» және «сыртқы» мазмұндарына: психологиялық актіде,

әртүрлі жағдайда тұрақтандыра алу қабілеттілігі. Рефлексия әр түрде жүзеге аса береді. Олардың ішінде ең көп тарағаны- өзін-өзі рефлексиялау (адамның өзінің психологиялық көңіл-күйі мен әрекетіне сыртқы бақылаушы тарапынан қарауы), өзара рефлексия (субъектілердің бір-бірінің бейнесінің олардың өзара іс-әрекетімен санасының ерекшеліктерін көрсетуінен екі жақты бейнелену үдерісі), топтық рефлексия (топтық іс-әрекет пен топтық өзара іс-әрекеттілік мазмұны бар рефлексия).

Көптеген ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, «рефлексия» термині ресейлік әдебиеттерде XIX ғасырдың 30-40 жылдары алғаш рет қолданыла бастаған. Ал 1900-1930 жылдары психологияда ғылыми жаратылыстану бағыты рефлексология («reflexus» латын сөзі «шағылысқан» және «logos»- грек сөзі «ілім») дами бастады. Психологиядан бастау алған рефлексология педагогика, психиатрия, әлеуметтану, мәдениеттануға да ене бастады. Ғалымдар рефлексиялық үдерістің жүруіндегі екі бағытты айрықша атап көрсетеді: объектінің мағынасын түсіндіруге алып келетін сананың рефлексивтік талдауы және құрылымы; тұлғаның өзара қарым-қатынасын түсіндіретін рефлексия.

Психологтардың пікірінше, рефлексияның күрделі үдерісінде, ең аз дегенде алты көзқарас бар: субъектінің өзі, ақиқат дүниедегі субъектінің өзі, басқаға қалай көрінетін субъект және басқа субъектінің тарапынан дәл сондай 3 көзқарас. Рефлексия – субъектілердің бірін-бірі екі жақты (айналы) өзара бейнелеу үрдісі. Нәтижесінде бір-бірінің ерекшеліктерін қайта қарай алады. Осының нәтижесінде төмендегідей рефлексивтік үдерістер ажыратылады: өзін-өзі түсіну және басқаны түсіну, өзіне-өзі баға беру және өзгені бағалау, өзіне-өзі түсініктеме беру және басқаны түсіндіру.

«Рефлексия» ұғымының мағынасын философтар, педагогтар, психологтар жан-жақты ашуға тырысты:

– *шығармашылық мәселелерді шешуде тұлғаның өзінің жеке іс-әрекетін және қарым-қатынасын түсінуге бағытталған рефлексивтік ұстаным* (В.В.Давыдов, Я.А.Пономарев, И.Н.Семенов, И.И.Чеснокова және т.б.);

– *педагогикалық іс-әрекеттерді үйретудегі рефлексия* (Н.В.Кузьмина, Н.В.Кухарев және т. б.);

– *оқу-тәрбие үдерісін педагогикалық талдау* (Ю.А.Конаржевский және т. б.);

– *педагогикалық іс-әрекетті өзіндік таңдауға мұғалімдерді үйрету* (Л.Е.Плескач, В.Храпов және т.б.);

– *диагностикалық негізде алдыңғы қатарлы озат тәжірибені талдау, зерттеу, тарату* (Я.С. Турбовской және т.б.);

– *оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімнің дидактикалық мүмкіндіктерін ашу* (Ю.К.Бабанский, Г.С.Полякова және т.б.)

– *тұтас педагогикалық үдеріс теориясын жетілдіруді талдау* (М.А.Данилов, Н.Д.Хмель және т.б.)

– *әдіснамалық мәдениетті қалыптастыру* (В.В.Краевский, В.А.Сластенин, В.Э.Тамарин, В.А.Мосолов, О.С.Анисимов, Е.В.Бережнова, Ю.В.Сенько, С.В.Кульневич және т.б.);

– педагогикалық рефлексия (Б.З.Вульф, С.В.Степанова, Л.В.Яковлева, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова және т.б.);

– педагогикалық шығармашылық (В.И.Андреев, В.И.Загвязинский, Н.Д.Никандров, М.М.Поташник және т.б.);

– коммуникативтік іскерлік (Ю.Б.Азаров, Н.Д.Грехнев, В.А.Кан-Калик, А.В.Мудрик және т.б.)

Білім менеджерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда да педагогикалық рефлексияның алатын орны ерекше, себебі: оның өз ісіне басқаның көзімен қарауы, оның өз қателігін өзі көріп, өзі түсінуге, өзін-өзі бағалауға, түзетуге, жетілдіруге үйретеді. Білім менеджерінің ғылыми-зерттеу әрекетіне даярлығы оның кәсіби күзіреттілігінің іргетасы екендігі белгілі. Білім менеджерінің қазіргі кезеңдегі білім беру саласындағы өзгерістерге сәйкес оның жаңа педагогикалық сапасын қалыптастыруда да рефлексияның атқаратын рөлі зор болмақшы.

Педагогика ғылымында «рефлексиялық жүйе», «рефлексия деңгейі» ұғымдары жан-жақты зерттеле бастады. Ғалым С.Л.Рубинштейннің пікірінше, рефлексия адамның өмірден өз орнын табуға, өмірде өз көзқарасын білдіруде, оны талдауға, пайымдауға көмектеседі.

Рефлексия мен адамның ойлау іс-әрекетінің ара-қатынасын зерделеп көрелік.

Рефлексия – «адамды ойлауға бағыттайтын адами түсініктің ұстанымы, танымның әдіс-тәсілдерін сыни талдау, өз білімнің деңгейін білу, өзіндік таным іс-әрекетін, адамның рухани әлемнің ішкі құрылымын ашып көрсету».

М.В.Кларин шығармашылық ойлаудың мағынасын рефлексиямен байланыстырады. Ғалымның пікірінше, рефлексияның құрылымына, түйсік, жалпылау, салыстыру, бағалау және қобалжу, еске алу, мәселені шешу және т.б. жатады.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, рефлексия мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде айқын көріне бастайды:

– оқытушы оқушының ойын, зейінін және іс-әрекетін мақсатқа бағыттау барысындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің практикалық іс-әрекетінде;

– оқушының іс-әрекетін жобалау үдерісінде: мұғалім оқушының жеке, дара, дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оның қабілеттерінің дамуына бағыттайтын оқытудың мақсатына сәйкес жоба құрастыру;

– мұғалімнің өз іс-әрекетін субъект ретінде өзі талдауы, өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ мұғалім өзінің-оқушыларын да өз іс-әрекеттерін талдауға, ой елегінен өткізуге, бағалауға, яғни, өз іс-әрекетіне өзінің рефлексивті қатынасын үйретеді.

Ғалымдар педагогтің кәсіби қызметі мен рефлексияның арасында өзара байланысты атап көрсетті. Педагогтің әртүрлі қызметі оның жеке педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігін болжауға және бағалауға рефлексивті тетіктерін түрлендіреді. Практикада «педагогикалық рефлексия» ұғымын, бірінші кезекте, оқытушы өзін оқушының орнына қоя алатындығы және оқушылар көзімен қарағанда оқытушының беделімен байланыстырады. Зерттеушілер педагогтің төмендегідей позицияларын анықтап көрсетеді:

–өзінің іс-тәжірибесін әріптестеріне бере алатын оқытушы-әдіскер;
–оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын оқытушы.

Педагогикалық рефлексия педагогтің әртүрлі позициясында жетіле отырып, оның ақпарат көздерін пайдалану нәтижесінде сыннан өтті. Тіпті ғылымға «педагогтің рефлексивтілігі» деген ұғым да ене бастады. Педагогикалық рефлексияға байланысты мұғалімнің нақты жағдайларында ойлау үрдісі қатар қарастырылады. Мұғалімнің әртүрлі кезеңдерде, инновациялық іс-әрекеттеріндегі рефлексияның мазмұнын В.А.Сластенин, Л.С.Подымовалар аша отырып, әртүрлі педагогикалық жаңалықтарға оқытушының рефлексивті позициясын ұштастырады, педагогикалық рефлексияның тиімді факторларын, рефлексивті өзара іс-әрекетті анықтайды.

Ғалым Н.В.Кухарев іс-әрекет нәтижесіне қатысты әрбір мұғалімнің кәсібилік деңгейін төмендегідей анықтайды: репродуктивтік – өзінің білетінін өзгеге айтып жеткізе алады; адаптивтік – аудитория тыңдаушыларына өзінің хабарласымын сіндіре алады; окшауланған – модельдік – курстық бағдарламасының белгілі бөлімдері бойынша білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру стратегиясын меңгерген; жүйе-модельдік білімі – толық курс бойынша білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру стратегиясын меңгерген; жүйе-модельдік шығармашылық – өзінің пәнін жаңа жағдайда өзін шығармашыл тұлғаны қалыптастыру құралына айналдыру стратегиясын меңгерген.

Білім менеджерінің іс-әрекетінің негізгі қырларының бірі – оның педагогикалық қабілеттілігі. Ол мұғалімнің тұлғалық қасиеттеріне сәйкес жеке анықталады: объектіге, үдеріске және оның нәтижесіне арнайы сезімталдығымен ерекшеленіп, нақты жағдайда мәселені шешудің тиімді әдістерін көрсетеді. Педагогикалық қабілеттілік қызметтік жүйенің сапасы ретінде қарастырылып, іс-әрекет нәтижесінің басты көрсеткіші болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің 4 деңгейін көрсетуге болады:

1) құқықтық (нормативтік) деңгей – мемлекеттік білім беру стандартына бағытталған, педагогикалық іс-әрекеттің эталондық сапасын сақтауға және қолдауға бағытталған мұғалімнің сипаттамасы;

2) түрлендіруші деңгей – қандай да бір жаңашыл мұғалімнің іс-тәжірибесін өз іс-әрекетінде нәтижелі пайдалану;

3) шығармашылық деңгей – өзінің іс-әрекетіне зерттеу жүргізілетін, шығармашыл ізденістегі мұғалім, өзінің жеке оқу әдістемесі бар;

4) инновациялық деңгей – өзінің шығармашылығының арқасында, инновациялық педагогикалық технологияны меңгерген, өзінің жеке жаңалықтарын енгізген, өзінің төл технологиясын ендірген жаңашыл-шығармашыл инноватор мұғалім. Педагогтің зерттеуге даярлығын қалыптастыруда жоғары деңгей – төртінші деңгей – инновациялық деңгей болады. Мұғалімнің жоғары инновациялық деңгейі қалыптасуы үшін ол өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын жүргізуі тиіс: өз іс-әрекетін өзі талдау, өз іс-әрекетінің нәтижесінде диагностикалық сараптама жасау. Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігін диагностикалауда оның жеке дара ерекшеліктерін есепке алған жөн. Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық рефлексияның мәнін ашатын рефлексивті мәдениет. Ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек,

рефлексивті мәдениет төмендегідей сипатталады: адамның шығармашылықпен ойлай алу қабілеті мен оған дайындығы және шиеленісті жағдайларды болдырмау жолдарын меңгеруі; жаңа білім мен құндылықтарды жинай алу біліктілігі; әртүрлі келеңсіз жағдайлардан шыға алу біліктілігі; қатынастың тұлғаралық жүйесіне бейімделе алу қабілеті; жүйелі практикалық мәселелерді қоя және шеше алу қабілеті.

Педагогтің ғылыми зерттеуге даярлығын қалыптастыру барысындағы педагогикалық рефлексияны қайта қарап, білім берудің жаңа парадигмасы тұсында мұғалім мен оқушының жаңа қызметтерін қайта зерделеу қажет. Қазіргі кезеңде «рефлексивтік біліктілік», «өзіндік сана», «өзін-өзі бағалау», «өзін-өзі тәрбиелеу», «өзін-өзі дамыту», «өзін-өзі бақылау», «өзіндік рефлексия» ұғымдарының мазмұны қайта жаңартылуда.

Педагогикалық рефлексия мәселесі мұғалімнің өзінің тұлғасын өзі өзектендіруімен тығыз байланысты. Өзін-өзі өзектендіру тұлғаны дамыту тетігі ретінде адамның әлеуметтік ерекшеліктерін көкейкесті етуімен сипатталады. Ғалымдардың пікірінше, оқытушының өзін-өзі өзектендіруі төмендегідей факторларды анықтайды: өзінің жеке тұлғасы мен іс әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді сапалы жетілдіру мақсатында зерттеу (гностикалық іс-әрекет); жүйені жобалау және өзінің әрекетінің реттілігі (конструктивті іс-әрекет); мұғалімнің білім мазмұнын беру бойынша өзінің іс-әрекеттерін ұйымдастыру (ұйымдастырушылық іс-әрекет).

Сонымен қатар, педагогикалық зерттеудің жүргізілуі барысында және аяқталған кезінде сапасын сипаттауға мүмкіндік беретін зерттеуші педагогтің кем дегенде үш сатыдан құралатын **әдіснамалық рефлексия** құрылымы анықталады. Әдіснамалық рефлексияның құрылымына зерттеудің ғылыми аппаратының жеке құрауыштары кіреді. Мәселен, **зерттеу мәселесі** (бұрын – сонды қарастырылмаған нені зерттеуге болады?); **зерттеу тақырыбы** (бұны қалай атасақ болады?); **тақырыптың өзектілігі** (аталған мәселені неліктен осы уақытта зерттеу қажет?); **зерттеу объектісі** (нені қарастырамыз?); **зерттеу пәні** (объект қалай қарастырылады, берілген зерттеу қандай жана қатынастарды, қасиеттерді, функциялар мен аспектілерді қарастырады?); **болжамдар мен қорғалатын ұстаным** (объектіде не байқалмай тұр, зерттеудің өзгелер көрмей тұрған қандай сипаты бар?); **зерттеу мақсаты** (зерттеуші қандай нәтижелерді алғысы келеді, ол нәтежиені қалай көреді?); **зерттеу міндеттері** (мақсатқа қол жеткізу үшін не жасау қажет?); **зерттеу жанашылдығы** (өзгелер жасамаған қандай жаналық бар, қандай нәтижие алғаш рет алынды?); **ғылым үшін мәні** (оның мәнін құратын, ғылымның дамуына бағытталған, қай ғылым саласына өзгеріс енгізеді?); **тәжірибе үшін мәні** (тәжірбиелік-педагогикалық іскерліктің қандай нақты кемшіліктерін зерттеу нәтижесінде алынған нақты нәтежиелер арқылы түзеуге болады?).

Педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияның түпкі мақсаты – білім беру сапасын арттыру.

Педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияны педагогикалық үдерісте пайдаланып, жаңа өзгерістер енгізуге болады. Мәселен, озық іс-тәжірибені үйрену, зерттеу, тарату жұмыстарын диагностикалық негізде құруға болады.

Диагностикалық әдіске ғалымдар өзін-өзі бағалау (рейтинг), өзіне-өзі баға беру, сауалнама жүргізу, анкета алу, әңгімелесу, мониторингтік сараптаманы және т. б. жатқызып жүр. Диагностикалық әдістің маңызы: нақты оқу мәселелерін шешуде мұғалім іс-әрекетінің әлсіз жақтарын анықтау; анықталған мұғалімнің әлсіз жақтарының қиындықтарын айқындау; айқындалған кемшіліктер мен қиындықтардың себептерін ашу; анықталған мәселені тиімді шешу жолдарын іздестіру.

Педагогикалық рефлексия мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Білімді бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. «Рефлексия» ұғымының мағынасы қандай?
2. Оқыту нәтижелерін бағалауда рефлексияның маңызы қандай?
3. Рефлексия мен мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің байланысы қандай?
4. Педагогикалық іс-әрекеттің қанша деңгейі бар?
5. Оқытушының өзін-өзі өзектендіруінің қандай факторлары бар?
6. Педагогтің рефлексиялық құрылымы неше сатыдан тұрады?
7. Педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияның мақсаты қандай?

ГЛОССАРИЙ

Бағалау технологиясы – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Критерий – ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі.

Формативті бағалау – оқыту үрдісіне алғашқы кезендердегі өзгеріс еңгізетін мақсаттағы бағалау, оқушыны жетістікке жетелеу.

Білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үдерісінің күйі мен нәтижелігін, оның жеке адамның адамзаттық, тұрмыстық және кәсіби біліктілігін дамытудағы және қалыптастырудағы қоғам қажеттілігі мен үмітіне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория.

Білім беру сапасын жетілдіру – білім сапасын жүйелер ретінде қарастыру және маңыздысы білімді дербестендіру, оны дамытуға жағдайлар жасау.

Білім беру сапасын басқару – қазіргі педагогикалық теория, практика талаптарына сай, келетін, жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажетін қанағаттандыра алатын білім берудің маңызды белгілерінің жиынтығы.

Бақылау – кең көлемде бір нәрсені тексеру

Оқыту сапасын бақылау – алған білімдердің тереңдігі, оларды стандартты және жаңа жағдайларда қолдану машықтары.

Педагогикалық мониторинг – білім беру жүйесінің қызметі туралы ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оның үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жұмыс жүйесі.

Білім сапасын анықтауда мониторинг жүргізу – білім сапасы жөнінде әртүрлі ақпараттарды жинақтау, өңдеу, жүйелеу, терең сараптама жасау, бағалау, тұжырымдау, оны алдағы уақытта оқу үдерісін жақсартуға, дамытуға және оқу-тәрбие үдерісін де кеткен кемшіліктерді түзетуге, сондай-ақ жобалау, құру, сол мақсаттарда жағдайлар жасау.

Білім беру үдерісіндегі кері байланыс – оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру.

Инновациялық әдіс – нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже.

Инновациялық іскерлік – жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізу.

Білім менеджері – жеке тұлға ретінде өзін-өзі үздіксіз дамытушы, кәсіби басқарушылық-педагогикалық қызметті шығармашылық жағынан іске асыруға қабілетті маман.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған баллдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

Оқу бағдарламасы – әр оқу пәнінің мазмұнын және меңгеруге тиісті білім, білік, дағды, құзыреттілік көлемін анықтайтын бағдарлама.

Ортақ тақырып – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Оқыту үдерісінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Тоқсандық жиынтық бағалау – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі.

Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау нәтижелерін тіркейтін және токсандық, жылдық, қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Оқыту сапасы – білім беру үдерісіне қатысушылардың сұраныстарын қанағаттандыратын оқытушының үнемі жақсартып отыратын білім беру қызметінің деңгейі.

Оқыту сапасын бағалау – мазмұны мен формалары бойынша икемді қызмет аспектілері кіретін процедура.

Функционалдық сауаттылық – адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.

Интерпретация – қызығушылық тудыратын ерекше дағдылар, көзқарастар немесе кейде логикалық қорытынды.

Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы.

Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы.

Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну.

Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жана білімді бекіту.

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, тарихи терминді сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.).

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау.

Мониторинг – күрделі педагогикалық құбылыс, бағалау мен білім сапасын бақылау механизмі, белгілі бір нәрсенің жай-күйін бақылау, талдау және болжау жүйесі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) – қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістермен байланысты ғылым сипаттағы талдамалар.

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. №1118 Жарлық, 07.12.2010. - Астана, 2010.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген).

3. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы. www.akorda.kz.

4. Комплексный мониторинг качества пилотных и экспериментальных проектов в организациях образования РК. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2014. – 64 с.

5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы.- Астана, 2012. – 86.

6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл.

7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2011. -20 б.

8. Таубаева Ш.Т., Мұратбаева Г.А., Қоңырбаева С.С. Педагогикалық өлшемдердің теориялық негіздері. Оқулық. – Алматы: Қыздар университеті, 2017. – 270 бет.

9. Звонников В.И., Челышкова М.Б. Контроль качества обучения при аттестации: компетентностный подход: учебное пособие. В.И. Звонников, М.Б. Челышкова.-М.: Университетская книга; Логос, 2012. – 272 с.

10. Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. 196 бет.

11. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Алматы, 2017. – 340 бет.

12. Құсайынов А.Қ. Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары. – Алматы, 2016 ж. – 86 б.

13. Звонников В.И., Найденова Н.Н., Никифоров С.В., Челышкова М.Б. Шкалирование и выравнивание результатов педагогических измерений. Учебное пособие.-М.: Логос, 2013. – 96 с.

14. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.

15. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 43 б.

16. Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері.

Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

17. Камалова С.Т. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 44 б.

18. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 80 с.

19. Айтпукешев А.Т., Кусаинов Г.М., Сагинов К.М. Оценивание результатов обучения: Метод. пособие. – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 108 с.

20. Звонников В.И. Современные средства оценивания результатов образования: учебное пособие для студентов вузов. М: Академия, 2009. – 224 с.

21. Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. М: Знание, 1980. – 96 с.

22. Костылев Ф.В. Учить по-новому: нужны ли оценки-баллы: книга для учителя. М: ВЛАДОС, 2000. – 104 с.

23. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: учебное пособие; Перм. гос. пед. ун.-т. - Пермь, 2010. – 84 с.

24. Матвеева Е.И., Панькова О.Б., Патрикеева И.Е. Критериальное оценивание в начальной школе. – М.: Вита-Пресс, 2012. – 168 с.

25. Брагин В.Я. Оценка знаний и умений учащихся по технологии с применением компьютерных программ: уч.-мет. пособие. Пермь: ПГПУ, 2010. – 88 с.

26. Образовательные технологии. Достижение прогнозируемых результатов. /Под ред. Ю.И. Гладкова. М: Про-Пресс, 2009. – 56 с.

27. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. – 304б.

28. Обыденкина Л.В. Сараптамалық құралдар жинағы. 1 шығарылым. Сабақтарды бақылау карталары / Ауд. Мынбаева Ж. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 42 б.

29. Ахметбекова С.К., Жолдасбаева С.А. Қазақстан Республикасының педагог кадрлары мен білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламалары аясында тренинг ұйымдастыру және өткізу жөнінде тренерге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 68 б.

30. Алан Дж. Уильямс, Сарбасов Н.С. Менеджмент и лидерство в образовании. - Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 48 с.

31. Гончарова Н. Мониторинг результативности педагогической деятельности // Педагогическая диагностика. 2008. – №4. С. 94-96.

32. Кларин М.В. Педагогические технологии в учебном процессе – М.: Просвещение, 1989. – 231 с.

33. Поташник М.М. Управление качеством образования. -М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448 с.

34. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.

35. Севрук А.И., Юнина Е.А. Мониторинг качества преподавания в школе: учебное пособие. - М.: Педагогическое общество России, 2004. – 144 с.

36. Жобалау және зерттеу қызметі негізінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 45 б.

37. Базалық білім мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан қалыптастыру әдіснамасы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.

38. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

39. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы мен ғылыми-теориялық негізі: Монография. – Алматы, 2008. – 327 бет.

40. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий и образовательного мониторинга. - М.: Педагогическое общество России, 1999. – 96 с.

41. Құсайынов А.Қ. Качество современного образования. – Алматы: «Рауан», 1999. – 176 б.

42. Нағымжанова Қ.М. Болашақ мамандардың педагогикалық креативтілігін дамытудың негіздері. – Өскемен: ШҚМУ, 2007. 280б.

43. Пірәлиев С.Ж., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е., Шолпанқұлова Г.Қ., Ауелгазина Т.Қ., Нұрғалиева Д.А., Халықова К.З. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат». 2014. – 296 б.

44. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 447б.

45. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Оқу құралы. – Тараз, 2014. –323б.

46. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы: Монография. Алматы: «Жазушы». 2009. – 455б.

47. Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. М.: Центр тестирования, 2005. – 155с.

48. Ғаламтор материалдары.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Кіріспе | 3 |
| Оқу-тәрбие үдерісін инновациялау | 5 |
| Білім беру сапасын жетілдіру – білім менеджерінің басты ұстанымы..... | 14 |
| Білім беру сапасын басқару..... | 17 |
| Білім беру сапасын нәтижелік тұрғыдан басқару | 21 |
| Оқыту нәтижелерін бағалау негізінде оқыту сапасын бақылауды ұйымдастырудың теориялық негіздері | 25 |
| Оқыту жүйесінде білімді есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы, қызметі..... | 30 |
| Оқыту нәтижелерін бағалауда ынталандыру әдістері және оның білім сапасын арттырудағы маңызы | 36 |
| Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңаша тәсілдері, өзін-өзі бағалау | 42 |
| Жаңартылған білім мазмұнындағы бағалау жүйесі..... | 45 |
| Оқыту нәтижелерін бағалаудағы критериалды бағалау және бағалау құралдары..... | 52 |
| Оқыту нәтижелерін бағалаудағы бақылау және бағалаудың жаңа технологиялары | 57 |
| Сыни тұрғыдан ойлау құралдары негізінде оқытуды бағалау | 66 |
| Оқыту нәтижелерін бағалау негізінде білім сапасын анықтау. Диагностика мен мониторинг..... | 75 |
| Оқыту нәтижелерін бағалаудағы кері байланыстың тиімділігі | 84 |
| Оқу үдерісінің нәтижелерін бағалауда сабақтың орны..... | 89 |
| Оқыту нәтижелерін бағалау үшін білім менеджерінің инновациялық іскерлігін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттары | 97 |
| Оқыту нәтижелерін бағалаудағы инновациялық әдістер және оларды педагогикалық үдерісте тиімді қолдану | 105 |

| | |
|--|-----|
| Оқыту нәтижелерін бағалауда инновациялық іскерлікті қалыптасырудағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы..... | 111 |
| Оқыту нәтижелерін бағалауда білім менеджерінің инновациялық іскерлігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері мен бағыттары | 115 |
| Оқыту нәтижелерін бағалауда білім менеджерінің инновациялық іскерлігін қалыптастырудың принциптері | 121 |
| Оқыту нәтижелерін бағалауда педагогикалық жүйелерді басқарудың негізгі принциптері..... | 123 |
| Оқыту нәтижелерін бағалауда педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияның маңызы..... | 126 |
| Глоссарий | 133 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 136 |

Медеубаева К.Т., Садирбекова Д.Қ.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Басылуға 01.07.2020 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16 . Көлемі 8,9 б.т.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс №

ЖШС «Альманах» баспа үйі»

Алматы қ., Алатау ы/ауд., Наурыз к-сі, 74-а үйі

e-mail: almanah_id@mail.ru

«Нур-Принт» баспаханасы
Тел: 8 (727) 308-25-46, 298-64-02

e-mail: nur-print@mail.ru

www.nur-print.kz